

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ



«Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары»

Талдамалы есеп



Астана 2011



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

«Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтілуге (көшірілуге) жатпайды, статистикалық ақпаратты өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдалажағдайда Қазақстан Республикасының Статистика агенттігіне сілтеме жасау міндетті.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2009 ЖЫЛҒЫ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ»

Талдамалы есеп



Астана 2011

«Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары».
Талдамалы есеп. Ред. басқарған Смайылов Ә.А. /Астана, 2011-65 бет.

Талдамалы есеп жоғары басқару қызметкерлер құрамына, басқару және билік органдарының қызметкерлеріне, депутаттық корпусқа, халықаралық институттар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдеріне, ғылыми, кәсіпкерлік және банктік орталарға, профессорлық-оқытушылар құрамына, экономикалық ЖОО аспиранттары мен студенттеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша жан-жақты және толық ақпарат алуға мүдделі қалың оқырмандар қатарына арналған.

010000, Астана қаласы
Сол жағалау, Министрліктер Үйі
Орынбор көшесі, 8. 2 үй
Тел. 8 (7172) 74 90 61, 8 (7172) 74 95 40
Тел-факс: 8 (7172) 74 93 43

Жинақты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Интернет-ресурсынан алуға болады.

Шартты белгілер

қ.ә. – қалалық әкімдік

«...» статистикалық деректер жоқ.

«0,0» -құбылыс болған, бірақ оның шамасы тиісті өлшем бірлігіне дөңгелектелмейді.

Қорытындының қосылғыштардың қосындысынан шамалы айырмашылықтары деректерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1. Халық санағының әдістемесі.....	6
1.1 Халық санағының әдістемесі.....	6
1.2 Халық санағына дайындық.....	6
1.3 2009 жылғы Халық санағының ерекшеліктері.....	9
1.4 Халық санағын жүргізу.....	10
1.5 Халық санағының материалдарын бақылау мен өңдеу.....	10
1.6 Халық санағының материалдарын тарату.....	11
2. Халықтың саны, жыныс-жас құрамы.....	13
2.1. Халықтың жынысы және жасы бойынша саны.....	13
2.2. Халықтың қартаюы. Демографиялық жүктеме.....	16
3. Халықтың тығыздығы және әкімшілік-аумақтық бөлінуі.....	18
3.1 Халықтың тығыздығы.....	18
3.2 Әкімшілік-аумақтық бөлу.....	19
4. Халықтың ұлттық құрамы, тілдерді меңгеруі, азаматтығы, дін ұстануы.....	20
4.1. Ұлттық құрамы.....	20
4.2. Халықтың тілдерді меңгеруі.....	22
4.3. Азаматтық.....	24
4.4. Дін ұстану.....	25
5. Халықтың неке жағдайы және әйелдердің ұрпақты болуға қабілеттілігі.....	27
5.1. Халықтың неке жағдайы.....	27
5.2. Әйелдердің ұрпақты болуға қабілеттілігі.....	31
6. Халықтың білім деңгейі.....	34
6.1. Білім деңгейі.....	34
6.2. Сауаттылық деңгейі.....	35
6.3. Компьютерлік сауаттылықтың деңгейі.....	36
6.4. Оқумен қамту.....	37
7. Халықтың көші-қоны.....	38
7.1. Көші-қонның жалпы құрылымы.....	38
7.2. Сыртқы көші-қон.....	39
7.3. Ішкі көші-қон.....	41
8. Экономикалық белсенділік.....	43
8.1. Жыныс және жас бойынша жұмыспен қамтылған халық.....	43
8.2. Білімі бойынша жұмыспен қамтылған халық.....	44
8.3 Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық.....	46
9. Халықтың күнкөріс қаражаттарының көздері.....	48
9.1. Күнкөріс қаражаттарының көздері.....	48
9.2 Халықтың ай сайынғы табыс мөлшері.....	49
10. Үй шаруашылықтары.....	51
10.1. Үй шаруашылықтарының құрылымы.....	51
11. Халықтың тұрғын үй жағдайлары.....	55
11.1 Орналасқан үй-жайларының мөлшері және түрі бойынша үй шаруашылықтары.....	55
11.2. Халық орналасқан үй-жайларының түрі бойынша.....	56
11.3 Халық тұрғын үй-жайларды иеленуі және орналасқан үй-жайларының түрі бойынша.....	56
11.4 Үй шаруашылықтары орналасқан үй-жайларының меншік нысаны мен жайлылық түрлері бойынша.....	57
11.5 Үй шаруашылықтары тұрғын үй-жайларының түрі мен құрылысы салынған мерзімі бойынша.....	58
11.6 Үй шаруашылықтары тұрғын үй-жайлардың жалпы алаңының көлемі, түрі мен бөлмелерінің саны бойынша.....	59
Санақ парағы.....	61
Глоссарий.....	62
Әдебиет.....	64

Қысқарған сөздердің тізімі

ҚР СА	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖОО	Жоғары оқу орны
ЮНФПА ООН	БҰҰ халықтың қоныстану қоры
ӘМ	Әділет министрлігі
ҚМ	Қорғаныс министрлігі
ТЖМ	Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ОСД	Облыстық және Алматы мен Астана қалаларының статистика департаменттері
«АЕО» РМК	«Ақпараттық есептеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы
РҺД	философия докторы
ХС	Халық санағы
ҚР ЖРА	Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі
ТТЖ	Тұрақты тұрғылықты жері
ҚР ЕХӘҚМ ЗТМО	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталығы

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі қабылдаған E/2005/24E/CNJ/2005/27 қарары арқылы Халық пен тұрғын үй қоры санақтарының раунды жарияланды (2010-2014жж.) және «Жалпы ел мен оның әрбір әкімшілік аудандары бойынша халық пен тұрғын үй санағын мезгіл-мезгіл жүргізу-дамуды тиімді жоспарлау мен әлеуметтік-экономикалық және экономикалық салаларда демографиялық проблемалар мен үрдістерді, саясат пен бағдарламаларды бақылау үшін қажет негізгі дереккөздердің бірі болып табылады» - деп белгіленді.

Халық пен тұрғын үй қорының 2010 жылғы санағының Дүниежүзілік бағдарламасы аясында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағы туралы» №1138 қаулысына сәйкес 2009 жылдың 25-ші ақпаны мен 6 наурызы аралығында Қазақстан Республикасында екінші Ұлттық халық санағы жүргізілді. Халық санағының қорытындылары Қазақстан Республикасында өткен 10 жылдың ішінде болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік тұрғыдағы үлкен өзгерістерді көрсетеді.

2009 жылы жүргізілген Ұлттық халық санағының (әрі қарай-Санақ) нәтижелері бойынша пайдаланушылар үшін «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары» талдамалық есебі даярланды, ол санақтың негізгі деректерін талдауды мазмұндап, жалпы республика, қалалық және ауылдық жерлер, аймақтық (өңірлік) бөлік, жыныс пен жас, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, дін ұстануы, білім деңгейі, тілдерді меңгеру дәрежесі, үй шаруашылықтарының саны мен көлемі, тұрғын үй-жағдайлары мен басқа да сапалық және сандық белгілері бойынша санақ арасындағы жылдарда болған халық санының өзгерістерін сипаттайды.

Талдамалық есепті санақтың нәтижелері бойынша әзірлеуде БҰҰ Халық саласындағы қорының (ЮНФПА) қолдауымен Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің қызметкерлері дайындады.

1. Халық санағының әдістемесі

1.1 Халық санағының әдістемесі

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының негізіне халықаралық практикада қолданылатын, халық санағының маңызды ғылыми қағидаттары алынды, олар:

- Халық санағының жалпыға бірдей сипаты;
- Байқау бірлігін айқын белгілеу;
- Елдегі барлық адамдарды жеке тіркеу;
- Елдің бүкіл аумағында есепке алынатын деректерді тіркеудің бірыңғай мезеті мен күні.

1 ЕНДІРМЕ

«Халық санағы-елдегі немесе елдің айқын межелеген бөлігіндегі барлық адамдарға белгілі бір уақытқа жататын демографиялық, әлеуметтік және экономикалық деректерді жинаудың, қорытудың, баға берудің, талдау мен жариялаудың немесе басқаша таратудың бірыңғай (біртұтас) процесі».

БҰҰ Статистикалық комиссиясы.

Халық санағының *жалпыға бірдей сипаты* елдің бүкіл аумағындағы халықты санақпен қамтуға саяды. Осы қағидат елде жүрген немесе тұрақты тұратын әрбір адамды санаққа алуды қамтамасыз етті (тұрақты және нақты бар халықты).

Халық санағы деректерінің халықаралық деңгейдегі салыстырымдылығын қамтамасыз ету мақсатында *байқау бірлігі* ретінде *үй шаруашылығы* қабылданды.

Санақ барысында азаматтығына, тіркелімнің болу-болмауына және оның сипатына (тұрақты немесе уақытша), сондай-ақ осы немесе басқа жердегі тұрғын үй алаңына (осы немесе басқа аумақта) қатысты құқығына қарамастан, елдегі әр адамды *жеке-жеке тіркеу* қамтамасыз етілді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, сондай-ақ санақ кезінде елде болғанына немесе одан тыс жерлерге уақытша кеткендеріне қарамастан ел аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар, республикаға уақытша келген шетелдік азаматтар түгелдей санаққа алынды.

Тұрақты (үйреншікті) тұрғылықты жерлері жоқ адамдарға олар қайда орналасса, сол орында санақ жүргізілді (қонақүйлерде, келушілерге арналған үйлерде, темір жол вокзалдарында және автовокзалдарда, әуежайларда).

Елдің бүкіл аумағында *санақты бір уақытта жүргізу* нақты мезет пен күнді белгілеу арқылы қамтамасыз етілді, сол жағдай бойынша деректер тіркелді. Осы қағидат есептің дәлдігі мен салыстырмалы деректер алуды қамтамасыз етті.

2009 жылғы санақ кезінде *халықты санаудың мезеті* болып бұрынғы (1999) санаққа сәйкестікте 25 ақпанның 00 сағаты белгіленді. Санақшылар санақ құжаттамасын толтыруды таңертеңгі сағат 8.00-де бастады және ол елдің бүкіл аумағы бойынша 10 күн бойы жүрді (25 ақпаннан 6 наурызды қоса алғанда).

1.2 Халық санағына дайындық

Санаққа дайындық кезінде құқықтық, ұйымдық, әдістемелік, бағдарламалық-технологиялық қамтамасыздықты қамтитын жан-жақты жұмыс, сондай-ақ министрліктер және ведомстволармен өзара іс-әрекет, қызметкерлер құрамын дайындау, бұқаралық-көпшілікке түсіндіру жұмыстары мен олардың басқа да түрлері жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің атқарушы билік органдарымен, министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен және халықпен жүргізген өзара тығыз іс-әрекетінің арқасында санақ ойдағыдай жүзеге асты.



2010 жылғы халық пен тұрғын үй санағы раундының әдістемелік мәселелері бойынша халықаралық кеңестердің жұмысына қатысу арқылы БҰҰ халықаралық стандарттары мен ұсыныстарын есепке алу мәселелеріне қатысты ҚР Статистика агенттігі қызметкерлерінің әлеуетін арттыру үшін ұйымдастырылған халықаралық семинар-кеңестер елеулі көмек көрсетті, оларды БҰҰ халық саласындағы қорының (ЮНФПА) қаржылай қолдауымен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы мен Еуропалық қоғамдастықтың статистикалық Басқармасы бірге ұйымдастырды және БҰҰ осы агенттігі санақты ұйымдастыру мен жүргізу мәселелеріне халықаралық сараптаманы тартты.

ҚР Статистика агенттігінің **ұйымдастыру жұмыстарының қатарында** мына даярлық жұмыстарының жиынтығы орындалды:

- Алдыңғы санақтардың барлық қолда бар материалдары, 2010 жылы халық пен тұрғын үй санағының раундын жүргізу жөніндегі халықаралық ұйымдардың ұсыныстары жиналды және зерделенді:

- Санақтың **әдістемелік материалдары мен санақ құралдары** әзірленді, солардың қатарына енгендер:

- Санақ парақтары:

- ✓ 2П -тұратын адамдардың тізімі;
- ✓ 2Ж-тұрғын үй жағдайлары;
- ✓ 3С-санақ парағы (45 сұрақ);
- ✓ 4И-Қазақстан Республикасының аумағына уақытша; келгендерге арналған санақ парағы;
- ✓ 1-Б - ілеспе бланкі.

- Қабылданған әдістерге сәйкес ұқсастық немесе айырмашылық критерийлері бойынша санақ парақтарындағы халықтың сұрақтарға берген жауаптарын жинақтауға арналған **Жіктеуіштер мен Анықтамалықтар**.

- 2009 жылы Ұлттық халық санағын жүргізудің тәртібі мен санақ құралдарын толтыру туралы Нұсқаулық;

- Санақ бөлімі меңгерушісінің, нұсқаушы-бақылаушының, санақшының **Жазба кітапшалары**;

- Санақ жүргізетін қызметкерлер құрамының (жедел және түпкілікті) есептеріне арналған **көмекші бланкілер мен нысандар**.

- Алдағы санақтың барлық кезеңдері мен оның санақ құжаттамаларын сынақтан өткізу үшін 2008 жылғы ақпан-наурызда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қалалық Әкімшілігі аумағында пилоттық халық санағы жүргізілді;

- Елді мекендер мен әкімшілік аудандардың, ауылдық (селолық) округтердің схемалық жоспарлары мен карталары жаңартылды және дайындалды;

- Елді мекендердің тізімі нақтыланды және тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың/құрылыстардың мекенжайлары (адрестері) ретке келтірілді.

- Арнайы оқытылған тіркеушілерді (9 мыңнан астам адам) қатыстыру арқылы үй-шаруашылықтарын, тұрғын және тұрғын емес құрылыстарды аралап шығу (тексеру) және үйлер мен елді мекендердің тізімдерін жасау бойынша жұмыстар жүргізілді.

- «Санақтық аудандастыру» деп аталатын санақ жүргізудің аумақтық ұйымдастыру жоспарлары жасалды, яғни елдің аумағы санақ учаскелеріне бөлінді және санақ жүргізетін қызметкерлер құрамына қажеттілік белгіленді (анықталды). Санаққа дайындық жасау мен оны жүргізуге 83 мыңнан астам адам тартылды, солардың ішінде санақ бөлімшелерінің меңгерушілері-1674, нұсқаушы-бақылаушылар-13468 және санақшылар-58368 адам.

- Жергілікті атқарушы органдар аумақтық статистика органдарымен бірлесіп жиһаз және телефон байланысымен жабдықталған үй-жайларды таңдады, сондай-ақ олар санақ учаскелерін автокөлікпен қамтамасыз етуді жүзеге асырды.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағын жүргізуге жәрдемдесетін Республикалық комиссия құру туралы» №143 Қаулысына сәйкес республикада: Премьер-министрдің бірінші Орынбасары Ө.Е.Шүкеев басқарған 2009 жылғы санақ жүргізуге жәрдемдесетін Республикалық комиссия және әкімдердің орынбасарлары басқаратын облыстық/қалалық (Астана және Алматы қалаларының) комиссиялары құрылды. Халық санағына дайындық жасау мен оны жүргізу кезінде туындайтын ұйымдастыру мәселелері мен проблемаларды шешу бойынша шаралар қабылдау комиссиялардың негізгі міндеті болып табылды.

Санақты дайындау мен жүргізу кезеңінде Республикалық комиссия өз міндеттеріне сәйкес Қазақстан



Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін, сондай-ақ жеке тұлғаларын олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша отырыстарына шақырып-тыңдады, сонымен бірге Комиссияның заңнамалық тәртібіне сай белгіленген міндеттерін іске асыру үшін мемлекеттік және басқа да органдардан, сонымен бірге жеке тұлғалардан қажетті материалдарды сұратып, алдырып отырды.

Санақты дайындау мен жүргізу кезеңінде **министрліктермен және ведомстволармен жұмыс жүргізу** ҚР Статистика агенттігінің аса маңызды жұмыстарының бірі болды. Атап айтқанда:

- Жабық нысандарда санақты дайындау мен жүргізуге жауапты адамдарды тағайындау бойынша ұйымдастыру мәселелері шешілді;

- Министрліктер мен ведомстволар жүргізетін нақты іс-шараларды белгілеген, халық санағын дайындау мен жүргізудің күнтізбелік жоспарлары әзірленді;

- ҚР Әділет министрлігінің (ӘМ), Ішкі істер министрлігінің (ІМ), Қорғаныс министрлігінің (ҚМ), Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің (ТЖМ), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) және Сыртқы істер министрлігінің (СІМ) нысандарында халық санағын жүргізу бойынша бірлескен бұйрықтар дайындалды.

Санақ жүргізуші қызметкерлер құрамын жасақтау және оларды дайындау жөніндегі жұмыс. Қызметкерлер құрамын жинақтау және оларды даярлау жөніндегі белгіленген санына сәйкес санақ жүргізудің қызметкерлер құрамы - санақшылар, нұсқаушы-бақылаушылар мен санақ бөлімдерінің меңгерушілері іріктелді.

Санақ жүргізетін қызметкерлер құрамын іріктеу тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарына жүктелді. Кадрларды жинақтау үшін мемлекеттік мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері, жоғары және арнайы орта оқу орындарының оқытушылары мен студенттері тартылды.

Санақ жүргізетін қызметкерлер құрамын (санақ бөлімдерінің меңгерушілері, нұсқаушы-бақылаушылар, санақшылар) оқыту ҚР Статистика агенттігінде және оның аумақтық органдарында бекітілген жоспар-графиктер бойынша жүргізілді. Ол санақ құжаттамаларын сынамалы толтыру мен білімдерін тексеруді қатар қамтыды. Оқыту қазіргі заманғы технологиялар мен мульти-медиялық құралдардың бірегей мүмкіндіктерін қолдану арқылы өтті (ЮНФПА-ның қолдауымен «Қазақстанда 2009 жылы Ұлттық халық санағын жүргізудің тәртібі мен санақ құралдарын толтыру туралы Нұсқаулықтың» барлық сұрақтарын егжей-тегжейлі түсіндіретін және респонденттерді сұрау кезінде туындауы мүмкін жекелеген төтенше жағдайларды толық түсіндіретін рольдік нұсқамалық-оқытатын фильм түсірілді және көбейтілді), оның CD-дискілердегі көшірмелері санақ жүргізетін қызметкерлер құрамының тренингтері кезінде пайдалану үшін елдің барлық санақ бөлімдеріне жеткізілді.

Жалпыға бірдей халық санағын жүргізудің алдында бүкіл дайындық жұмыстары аяқталып, елдің барлық елді мекендеріне санақ құралдары мен көмекші тауарлардың (кеңсе жабдықтары, қолшамдар, ысқырықтар, санақ жүргізетін қызметкерлер құрамына арналған шарфтар, портфельдер, плакаттар және т.б.) толық жиынтығы жеткізіліп, санақ жүргізетін қызметкерлер құрамының халықты аралап шығу кестелерінің жоспарлары бекітілді, санаққа қатысатын пәтер иелерінің кооперативтері (ПИК) және жергілікті атқарушы органдардың басқа да қызметтер басшыларымен жұмыс жүргізілді.

Елшіліктердің, өкілдіктердің қызметкерлеріне, келісімшарт бойынша жұмыс істейтін ҚР азаматтарына және елшіліктерде есепте тұратын басқа да адамдарға санақ жүргізу міндеттелген елшіліктер мен өкілдіктердің қызметкерлері арнайы оқытылды. Сондай-ақ ҚР ӘМ, ІМ, ҚМ, ТЖМ, ҰҚК және СІМ кадрлары өз нысандарында халық санағын жүргізу мәселесі бойынша оқудан өтті.

Санақ басталардан бірнеше күн бұрын, учаскелерді алдын ала аралап шығудың барысында санақшылар пәтерлер мен үйлерге барудың уақытын, сондай-ақ соларда тұратын адамдардың ұйғарымды санын белгіледі.

Бұқаралық – көпшілік түсіндіру жұмысы «Әркім маңызды!» девизимен өтті, санақтың арнайы логотипі әзірленіп, ол санаққа арналған барлық іс-шараларды жүргізуге пайдаланылды және осы логотип ҚР Статистика агенттігінің барлық жарияланымдарында басылды.

Санақ қарсаңында да, сондай-ақ жүргізу кезінде де халықпен бұқаралық-көпшілік жұмысын жүргізу шешуші іс-шараға айналды. Осы кең ауқымды шараның басталуы қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы халықтың белсенділігіне оң әсерін тигізді. Мемлекет Басшысы қазақстандықтарды осы маңызды іс-шараны қолдауға шақырды, өйткені санақтың табысты өтуі біздің республикамыздың әрі қарай даму барысына мейлінше әсерін тигізеді.

Еліміздің телеарналары мен радиостанцияларының эфирінде жарнамалық роликтер қойылып, мемлекеттік органдар өкілдерінің, статистикалық қызметкерлердің жетекшілері мен мамандарының, санаққа түрлі деңгейлерде жәрдемдесетін комиссиялар төрағаларының қатысуымен тікелей эфирлер жүргізілді. Санақты насихаттауға саяси және қоғам қайраткерлері, ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері және т.б. тартылды. Елдің барлық өңірлерінде билбордтар, плакаттар, жазбалар сияқты кең ауқымдағы сыртқы жарнама дайындалды. Халық санағы тақырыбына жұртшылықтың арасында үнпарақтар тарату мен плакаттар орналастыру үшін ірі сауда орталықтарымен жұмыс жүргізілді. Санақ туралы ақпарат ҚР Статистика агенттігінің және оның аумақтық органдарының сайттарына, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың сайттарына енгізілді.

Санақты жүргізу кезінде ҚР Статистика агенттігінде көп арналы Call-орталық жұмыс істеді, оған еліміздің кез келген жерінен қалаған адам телефон арқылы хабарласа алатын болды, одан басқа барлық аудандарда «қапыл желі» телефондары қосылды. Ұялы байланыстардың операторлары халықтың санаққа қатысу қажеттілігі туралы SMS-тер жіберді.

1.3 2009 жылғы Халық санағының ерекшеліктері

2009 жылғы санақтың сауалнамаларына дәстүрлі көрсеткіштермен қатар БҰҰ Стат-комиссиясы, Еуростат, БҰҰ ЕЭК, ТМД статкомитеті ұсынған жаңа сұрақтар енгізілді, олар:

- дін ұстану;
- бірінші некеге тұрған күні;
- компьютерлік сауаттылық;
- табыстың шамамен алғандағы сомасы және оны алудың мерзімділігі;
- жұмысқа/оқуға бару үшін жету тәсілдері және жолға кететін уақыт;
- бірінші баланың туған күні және жоспарланған балалар саны;
- халықтың денсаулығының жай-күйі;
- басқа елдерде 1 жыл және одан көп уақыт тұру;
- құрылыстың салынған жылы және құрылыстың сыртқы қабырғаларының материалдары.

Халықтың басқа сипаттамаларымен сабақтастықта дін ұстануы туралы ақпарат (жас-жыныс және ұлттық құрам бойынша, некелік жағдай, білім) біздің көп конфессиялы еліміздегі дәстүрлі діни ағымдарды зерделеу үшін өте маңызды, мұндай ақпарат осы саладағы басым міндеттерді шешуге бағытталған шаралар әзірлеу үшін қажет.

Елдегі ақпараттық технологиялардың дамуымен және таралуымен байланысты халықтың компьютерлік сауаттылығы туралы ақпарат өте маңызды болып саналады. Алынған мәліметтер мәтінді теру мен редакциялау, электронды поштаны, интернетті және сондай-ақ басқа да бағдарламаларды халықтың түрлі жас топтарының меңгеру деңгейіне тұтастай ел және оның әкімшілік-аумақтық құрылымдары бойынша талдау жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Халықтың табыс табуының мерзімділігі мен бір айдағы шамамен алғандағы табысы (теңге) туралы мәселелер еңбек төлемі ретінде ақшалай және басқаша түрде бір жылдағы алатын мерзімді орташа айлық табысының шамалас мөлшері бойынша халықтың түрлі топтарын анықтау үшін қажет. Бір айдағы таза табыс өткен жылдың ішінде барлық көздерден түскен жиынтық жылдық табысты 12 айға бөлу жолымен белгіленді.

Тербелмелі көші-қон лектерінің анағұрлым толық деректерін алу үшін жұмысқа/оқу орнына жету тәсілдері мен жолға, кететін уақыт туралы сұрақтар толықтырылды. Осы сұрақтар бойынша деректер жұмыс/оқу орнына күн сайын көлікпен немесе жаяу барудың тәсілдерін анықтау, жұмыс/оқу орнына баратын уақытты және үйден қашықтығын талдау, сондай-ақ жұмысқа/оқуға жету ұзақтығына көлік құралдарындағы жолаушылар көптігінің әсерін білу үшін қажет.

Елдегі бала туудың өзекті мәселелері 15 және одан жоғары жастағы әйелдердің өз өмірінде қанша бала туғанын, тұңғыш баласының туған күні мен қанша бала туу ойында бар екенін анықтау қажеттілігінен туындады. Әрбуын, ұлты, әлеуметтік топтары, білім деңгейі мен тұрғылықты жері бойынша топтастырылған әйелдер жөніндегі мұндай ақпарат жалпы ел және өңірлер бойынша демографиялық ахуалды (жағдайды)

үлгілеу мен болжаудың негізі болып табылады.

Халықтың көші-қоны, атап айтқанда туғаннан бері осы елді мекенде тұру үздіксіздігі және бұрынғы тұрғылықты жерін өзгерту туралы сұрақтар жиынтығынан бөлек, басқа елдерде бір жыл немесе одан көп уақыт тұрғаны туралы сұрақ енгізілді. Мұндай ақпарат бір немесе одан көп жылда орын алған халықаралық көші-қон лектерін саралауға мүмкіндік туғызады.

Халықтың тұрғын үй сипаттамалары жайлы сұрақтар бөлігінде жаңа сұрақтар, атап айтқанда, құрылыстардың салынған кезеңі мен сыртқы қабырға материалдары кіргізілді. Бұл деректер барлық үй шаруашылықтары бойынша тұрғын үй-жайлардың түрлері, абаттандырулары және меншік нысандары жөніндегі деректерге байланыстыра келтірілді.

Өкінішке қарай, санақ парақтарындағы кейбір сұрақтардың дұрыс қойылмағанына байланысты бірқатар жаңа сұрақтар бойынша лайықты жауаптар алынбады (халықтың денсаулығы, жұмыссыздық және соған байланысты экономикалық белсенді халықтың көрсеткіші, күнкөріс қаражаттары көздеріне туған-туыстары мен жақын адамдарынан материалдық көмек алатын категорияға солардың асырауындағы жандар енгізілді). Нұсқаулық материалдар бойынша кемшіліктер анықталды, мәселен, кейбір сұрақтарға берілетін жауаптарды қалай толтыру керек екені туралы жеткілікті түрде айқын нұсқаулар берілмеді (бірнеше жауаптар болған жағдайда барлық жауаптарды немесе бір жауапты белгілеу керек пе).

1.4 Халық санағын жүргізу

Халық санағы елдің барлық аумағында жаппай 25 ақпанда таңғы сағат 8.00-де басталып, 10 күн бойы жүрді. Барлық қажетті мәліметтерді жинау бірмезеттілік қағидаты бойынша жүргізілді, яғни «санақтың белгіленген мезетіне» - бұл 2009 жылдың 24-нен 25-не қараған 00 сағаты. Осы уақытта елдің барлық халқының «лездік суреті» жасалынды. Санаққа халық санағы басталған мезеттен кейін туған балалар мен халық санағы мезетінен бұрын өлген адамдар енгізілмеді.

Санақ жүргізетін қызметкерлер құрамының барлығы санақ бланкілерімен, халықты аралап шығуға арналған нұсқаулықтармен және картографиялық материалдармен, тегін жол жүру билеттерімен қамтамасыз етілді. Әрбір санақшының ерекше қорғалған куәлігі, арнайы керек-жарағы, қажетті санақ құжаттамалары салынған портфелі, санақ логотипі бар шарфы, кеңсе жабдықтары, ысқырығы мен қолшамы болды.

Санақ жүргізу кезінде санақшылар сауалнамаға жауап берушілердің үй-жайларына барды және өз учаскесіндегі тұрғындарға сауалдама жүргізді. Бір санақшыға орта есеппен 290 адам келді. Тек санақшыларға ғана үйге немесе пәтерге/бөлмеге кіру және барлық қажетті сұрақтар қою құқығы берілді. Халыққа сауалнама қою жолымен санақшы үй шаруашылықтары мүшелерінің сөздері бойынша санақ парақтарын толтырды, әрі үйдегі кішкентай балалары үшін үй шаруашылықтарының ересек мүшелері жауап берді.

Әр адамға сауалдама қою рәсіміне орта есеппен шамамен 10-15 минут жұмсалды. Санақшы сауалдамаға жауап берген адамның тікелей жауаптарын ғана санақ парақтарының бланкілеріне белгілеуге міндетті болды. Жауаптардың бұрмаланған жазбасына жол берілмеді, қажет болған жағдайда санақшы сұрақты түсіндіріп беруге мүмкіндігі болды. Егер санақ жүргізу кезінде осы мекенжайда тұратын адам үйде болмаса, онда ол туралы ақпаратты сол үй шаруашылығының бірге тұратын ересек мүшелері беруі мүмкін болды. Бұл ретте ол адамның уақытша болмауы туралы белгі паракқа міндетті түрде қойылды.

Қайсыбір себептер бойынша санақшыны үйіне кіргізгісі келмеген адамдарға әрбір елді мекенде ұйымдастырылған, тұрақты санақ учаскелеріне бару ұсынылды.

Сондай-ақ жабық нысандарда арнайы адамдар құрамы бар мемлекеттік органдардың мекемелерінде санақ жүргізілді, олар: ӘМ, ІІМ, ҚМ, ТЖМ, ҰҚК, сондай-ақ ҚР СІМ шетелдердегі мекемелері.

Келесі он күнде - 2009 жылғы 7-16 наурыз аралығында санақ жүргізетін қызметкерлер құрамы халық есебінің толықтығы мен дұрыстығын тексеру мақсатымен халықты тағы да аралап шықты. Халықты қосарлы есепке алмау үшін санақтан өткені туралы бақылау фишкалары мен анықтамалар қолданылды. Санақшыларға қалып қойған немесе қате жазылған адамдардың бар-жоғын, уақытша болмаған және уақытша тұратын адамдар туралы жазбалардың дұрыс жасалған-жасалмағанын анықтау қажет болды.

1.5 Халық санағының материалдарын бақылау мен өңдеу

Халық туралы мәліметтер жинау аяқталғаннан кейін (дала жұмыстары) барлық санақ материалдары тиісінше, нұсқаушылар учаскелерінде, санақ бөлімдерінде, аудандық (қалалық) статистика бөлімдерінде тексеруден өтті. Санақ жүргізетін қызметкерлер құрамы санақ, нұсқаушылар учаскелері мен санақ

бөлімдерінің ауқымында бланктері бар портфельдер дайындады. Содан кейін санақ парақтарымен жабдықталған портфельдер облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының статистика Департаменттеріне (әрі қарай - О(Қ)СД) өңдеуге жіберілді. Санақтың деректерін өңдеу кезінде санақ парақтарынан арнайы оқитын құрылғыларда (сканерлерде) оптикалық көшірмелейтін (сканерлейтін) ақпараттық технологиялар пайдаланылды, олар барлық 16 О(Қ)СД-де орнатылды. Сканерлеуден кейінгі сатыларда санақ парақтарындағы жазбаларды автоматты ажырату кезеңі және енгізілген деректерге логикалық бақылау жүргізілді. Ажырату аяқталғаннан кейін жазбалар пакеттері әрі қарай анықтауға автоматты түрде жөнелтілді. Анықтау жазбалардың толықтығы мен дұрыстығын және санақ парақтарындағы жауаптарды кодтауды тексеруді қамтыды. Содан кейін О(Қ)СД түпкілікті тексерілген санақ деректері электронды түрде РМК «ҚР Статистика агенттігінің ақпараттық-есептеу орталығына» (әрі қарай-АЕО) жіберілді.



Санақ материалдарын өңдеу 2 кезеңде жүргізілді:

I кезең – тиісті аумақтар бойынша санақ құжаттарын бастапқы өңдеу және АЕО-ға жіберуге дайындау (орталық деңгей).

II кезең – санақтың ақпараттық ресурсын - ҚР бойынша жиынтық деректер қорын аумақтарға бөлу арқылы қалыптастыру, кейіннен соның негізінде ресми жариялау үшін қорытынды кестелер дайындалды.

Өңдеу кезінде жазбаларды интеллектуалды ажырату технологиясы пайдаланылды және енгізілді, ObIWin бағдарламасында форматтық-логикалық бақылау (әрі қарай-ФЛБ) жолымен деректерді анықтау мен түзету жүргізілді. Сондай-ақ «Census FLK» бағдарламалық кешенін қолдану арқылы деректерге интеграция, көрсеткіштердің қосарлылығы мен өзара байланысына автоматты тексеру жүргізілді.

Бағдарламалық кешендердің (жиынтықтардың) елеулі кемшіліктері болғанын, ал ФЛБ-ның көпе-көрінеу жетіспегенін атап өту қажет, сондықтан олар санақтың түпкілікті қорытындыларын алу мерзімдеріне де, сондай-ақ санақтың қысқаша қорытындылары мен 20 томнан тұратын 16 сериялы тақырыптық жинақтарын қалыптастыру үшін шығарылатын кестелердің сапасына да келеңсіз әсер етті. Санақтың деректер қорындағы анықталған проблемалардан арылу үшін көп сатылы рәсімдерді орындауға қосымша уақыт талап етілді, олар қосарлы жазбаларды анықтауға және қосымша түрлі комбинациялардағы ФЛБ жасауға бағытталған көптеген компьютерлік бағдарламалар әзірлеуден тұрды. Бұған қосымша, санақ бойынша алынған қорытындыларының дұрыстығы мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында олар өңірлер бөлінісінде халықтың ағымдағы есебінің деректерімен және әкімшілік көздері деректерімен (ҚР БҒМ және ҚР ЕХӘҚМ ЗТМО) салыстырылып тексерілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2010 жылдың аяғына қарай шығарынды стандарттық кестелер алынып, олар бойынша 2009 жылғы Қазақстан Республикасының халық санағының қысқаша қорытындылары үшін, сондай-ақ барлық тақырыптық және өңірлік жинақтар топтамасы үшін көрсеткіштер қалыптастырылды.

1.6 Халық санағының материалдарын тарату

Түрлі деңгейлердегі пайдаланушылардың халық санағының материалдарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, ҚР Статистика агенттігі санақтың материалдарын тарату бойынша іс-шаралар жүргізді, олардың көздегені:

- Арнайы дайындалған ақпаратпен қамтамасыз ету үшін пайдаланушылардың сұраныстарын зерделеу;
- Пайдаланушылардың қалың қатарын ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру;
- Қазіргі заманғы технологияларды және таратудың саналуан құралдарын пайдалану;

- Санақтың түсіндірілген дайын деректерін маман емес адамдардың пайдалануы үшін күрделі талдау мен есептеулер жасау;
- Пайдаланушылардың сұраныстарын барынша қанағаттандыру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету;
- Санақтың нәтижелерін таратуға өңірлік статистика департаменттерін тарту.

2009-2011 жылдар аралығында Агенттіктің басшылары жүргізген брифингтерде халық санағының негізгі қорытынды көрсеткіштері бойынша презентациялар (тұсаукесерлер) өткізіліп, баспасөз хабарламалары жарық көрді. БАҚ беттерінде Статистика агенттігі Төрағасының халық санағының мәселелеріне қатысты сөйлеген сөздерінен қысқаша үзінділер берілді. Агенттіктің сайтында санақтың қорытындылары бойынша барлық презентациялар (тұсаукесерлер) мен баспасөз хабарламалары орналастырылды.

2009 жылғы санақтың қорытындылары бойынша жарияланымдар шығару жоспарының негізінде Агенттік 2010 жылы пайдаланушылар үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасы 2009 жылғы халық санағының қысқаша қорытындыларын» және халықтың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, этномәдени сипаттамаларын мазмұндайтын 16 тақырыптамалық жинақтар топтамасын (40 том - мемлекеттік және орыс тілдерінде) дайындады, атап айтқанда:

1. ҚР халқы (2 том);
2. ҚР-ғы ұлттық құрам, діни наным және тілдерді меңгеру;
3. Халықтың көші-қоны;
4. ҚР-ғы білім беру;
5. ҚР үй шаруашылықтары (2 том);
6. Неке және отбасы;
7. ҚР халықтың жұмыспен қамтылуы (3 том);
8. ҚР халқының табысы және күнкөріс қаражатының көздері;
9. ҚР-ғы ерлер мен әйелдер;
10. ҚР-ғы жастар;
11. ҚР-ғы балалар;
12. ҚР-ғы әйелдер;
13. Егде жастағы халық;
14. Қала портреті;
15. Ауыл портреті;
16. ҚР-дағы халықтың тұрғын үй сипаттамасы.

«ҚР 2009 жылғы халық санағының қысқаша қорытындылары» мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 16 тақырыптамалық топтамалар (40 том) түгелдей 2010 жылы ҚР Статистика агенттігінің сайтына электронды түрде орналастырылды және 2010-2011 жж. қағаз таратушыларда шығарылды.

Бұдан бөлек, 2011 жылы 3 томнан тұратын өңірлік жинақтар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көрді, олардың жалпы саны 96 том құрайды, ол жинақтарда 14 облыс және Астана мен Алматы қалалары халқын сипаттайтын деректер кеңінен көрсетіледі.

Биылғы жылға осы «Қазақстан Республикасы 2009 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Талдамалық есебін» шығару жоспарланған, есепте санақтың жекелеген қорытындыларының талдауы беріліп отыр (мемлекеттік және орыс тілдерінде – қағаз таратушыларында және CD-дискіде, ал ағылшын тілінде – CD- дискіде).

Санақтың материалдары ҚР Президентінің Әкімшілігіне, ҚР Үкіметіне, Республика Парламентіне, министрліктерге, ведомстволарға, агенттіктерге, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік ЖОО-дар мен кітапханаларға, халықаралық ұйымдарға, ғылыми-зерттеу институттарын қоса алғанда, пайдаланушылардың қалың қатарына ұсынылады.

2. Халықтың саны, жыныс-жас құрамы

2.1. Халықтың жынысы және жасы бойынша саны

Санақтың қорытындылары бойынша халықтың саны, оның жыныс-жас құрамы туралы деректер «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы халық санағы. Қысқаша қорытындылар», «Қазақстан Республикасының халқы», «Қазақстан Республикасының ерлері мен әйелдері» статистикалық жинақтарында жарияланды. Бұдан бөлек, деректер өңірлік жинақтарда жарияланды, оларда елдің әр өңірі құрылымындағы халық санына егжей-тегжейлі сипаттама берілген.



2009 жылғы 25 ақпандағы жағдай бойынша жүргізілген Ұлттық санақтың нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын халықтың саны 16 009 597 адамды құрады. Санақаралық кезеңде республика халқының саны 1 028 316 адамға көбейді. Халықтың алдыңғы санақпен (1999 ж.) салыстырғандағы санының өсуі 6,9%-ды құрады.

2 ЕНДІРМЕ

2011 жылы 1 қаңтарға қарай республиканың халқы 16 442 мың адамды құрады және 2009 жылғы ХС-мен салыстырғанда 2,7% өсті.

2011 жылы 1 қарашаға қарай халқының саны 16 638 мың адамды құрады және 2009 жылғы ХС-мен салыстырғанда 3,6% өсті.

2.1.1 кесте. Халықтың саны және өңірлердегі қала мен ауыл халқының орналасуы

	Барлық халық, адам		2009 жыл 1999 жылға %-бен	Соның ішінде:					
	1999	2009		Қала халқы, адам		2009 жыл 1999 жылға %-бен	Ауыл халқы		2009 жыл 1999 жылға %-бен
				1999	2009		1999	2009	
Қазақстан Республикасы	14981281	16009597	106,9	8455783	8662432	102,4	6525498	7347165	112,6
Ақмола	827254	737495	89,1	380522	341915	89,9	446732	395580	88,5
Ақтөбе	682558	757768	111,0	377603	461050	122,1	304955	296718	97,3
Алматы	1557269	1807894	116,1	464953	416858	89,7	1092316	1391036	127,3
Атырау	440286	510377	115,9	242673	238936	98,5	197613	271441	137,4
Батыс Қазақстан	616800	598880	97,1	251670	277751	110,4	365130	321129	87,9
Жамбыл	988840	1022129	103,4	452023	404535	89,5	536817	617594	115,0
Қарағанды	1410218	1341700	95,1	1158706	1040203	89,8	251512	301497	119,9
Қостанай	1017108	885570	87,1	554112	439554	79,3	462996	446016	96,3
Қызылорда	624991	678794	108,6	389781	284248	72,9	235210	394546	167,7
Маңғыстау	314669	485392	154,3	246848	263182	106,6	67821	222210	327,6
Оңтүстік Қазақстан	1978339	2469357	124,8	793241	972072	122,5	1185098	1497285	126,3
Павлодар	806983	742475	92,0	511448	504579	98,7	295535	237896	80,5
Солтүстік Қазақстан	725980	596535	82,2	274744	237436	86,4	451236	359099	79,6
Шығыс Қазақстан	1531024	1396593	91,2	898497	801475	89,2	632527	595118	94,1
Астана қ.	328341	613006	186,7	328341	613006	186,7	0	0	0,0
Алматы қ.	1130621	1365632	120,8	1130621	1365632	120,8	0	0	0,0

Елдегі қала халқы 8 662 432 адамды, ауыл халқы – 7 347 165 адамды құрады. Қала халқының үлесі-54,1%, ауыл халқының үлесі – 45,9% құрады, 1999 жылы олардың арақатынасы тиісінше 56,4% және 43,6%-ды құраған болатын. Бұл орайда қала халқының саны 206 649 адамға немесе 2,4%-ға, ал ауыл халқының саны 821 667 адамға немесе 12,6%-ға өсті. Санақаралық кезеңде ауыл халқы санының айтарлықтай өсуі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық орналасуы туралы заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 04.11.2006 жылғы № 184-З ҚР Заңының 2007 жылы 1 қаңтарда күшіне енуімен байланысты болды, соның салдарынан 700 мыңнан аса халқы бар қала үлгісіндегі 122-ден артық кент қалалық категориядан ауылдық категорияға ауыстырылып, ал қала үлгісіндегі 28 кент санақаралық кезеңнің әр түрлі жылдарында ауылдық мекендерге өзгертілді.


Халық санының айтарлықтай өсуі мына өңірлерде белгіленді: Маңғыстау облысында - 54,3%-ға, Оңтүстік Қазақстан облысында - 24,8%-ға, Астана қаласында - 86,7%-ға және Алматы қаласында - 20,8%-ға. Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстары бойынша халық санының тиісінше 17,8%, 12,9% және 10,9% -ға кемігені байқалды.

Оңтүстік Қазақстан облысында қала халқының саны айтарлықтай - 178 831 адамға немесе 1,2 есе көбейді, ал ауыл халқының саны Маңғыстау облысында - 154 389 адамға немесе 3,3 есе артты.

2.1.2 кесте. Халық санағы жүргізілген жылдар бойынша еркектер мен әйелдердің саны

	Ерлер мен әйелдер, адам	соның ішінде:		Халықтың жалпы санындағы үлесі,%	
		ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1959	9303801	4419327	4884474	47,5	52,5
1970	13026274	6272127	6754147	48,1	51,9
1979	14709508	7087890	7621618	48,2	51,8
1989	16222324	7857809	8364515	48,4	51,6
1999	14981281	7215412	7765869	48,2	51,8
2009	16009597	7712224	8297373	48,2	51,8

2.1.1 сурет. Қазақстан халқының 1999 және 2009 жылдардағы жыныс-жас пирамидасы




Ерлердің саны 7 712 224 адамды, әйелдердің саны – 8 297 373 адамды құрады. Алдыңғы санақпен салыстырғанда ерлердің саны 496 812 адамға немесе 6,9%-ға, әйелдердің саны- 531 504 адамға немесе 6,8%-ға өсті.

2009 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша 1999 жылғы санақтың деректерінде орын алған ерлер мен әйелдер санының арақатынасы сақталды (1000 әйелге 929 ер). Сондай-ақ халықтың жалпы санындағы ерлер мен әйелдердің үлесі өзгеріссіз қалды, тиісінше - 51,8% және 48,2%.

Халық санының өсуі 0-4 жас, 15-59 жас (35-39 жас, 60-64 жас топтарын қоспағанда) пен 65 жас және одан жоғары жас топтарында байқалды. Халықтың саны мына жас топтарындағы азайды: 5-9 жас, 10-14 жас, 35-39 жас және 60-64 жас. Халықтың жасы бойынша қалыптасқан құрылымы бала туудың динамикасымен айтарлықтай дәрежеде өзара сабақтасады (халық санын қалыптастыру құрауыштарының бірі ретінде).

2.1.2 сурет. 1950-2010 жж. туылғандар санының динамикасы

адам



1950-2010 жылдарда туылғандардың саны көрсеткендей, жаңа туған балалардың ең көп саны 1961 жылға келеді, содан кейін 1968 жылы бала туудың күрт кемуі орын алды, осы факторға Ұлы Отан Соғысының салдары («соғыс жаңғырығы») әсерін тигізді, ол кезде жаңа туған нәрестелердің саны өте төмен, перинаталды және балалар өлімі өте жоғары болды. Бала туу санының шырқау биікке көтерілуі 1987 жылға келгені диаграммдан көрінеді, ол туылған балалардың жоғары саны 1980-ші жылдардағы «бэби-бум» ұрпағына келгенін көрсетеді. Бала туу санының күрт өсуінен кейін туылған балалар санының дәл сондай жедел құлдырауы (төмендеуі) орын алды, атап айтқанда - осы үрдіс 1990-шы жылдарда байқалды. 1990-шы жылдардағы буында (ұрпақта) туылған балалар санының төмендеуіне КСРО-ның ыдырауы себеп болды, соның салдарынан еңбекке жарамды (және ең репродуктивті) халықтың көші-қондық кетуі басталды. Тіпті 2010 жылға дейін де 1987 жылғы бала туу көрсеткішінен асудың сәті түспеді.

3 ЕНДІРМЕ

Ерлер мен әйелдердің арақатынасы әйелдер үлесінің шамалы артықтығымен сақталып отыр. 1999 жылы 1000 әйелге 929 еркек, 2005 жылы - 928, 2010 жылы - 931 еркек келді.

2.1.3 кесте. Ерлер мен әйелдердің жас топтары бойынша арақатынасы (1000 әйелге келетін ерлер саны)

	Барлық халық		Қала халқы		Ауыл халқы	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлығы	929	929	880	880	997	991
соның ішінде мына жастағы:						
1 жасқа дейін	1061	1056	1079	1065	1045	1047
1-4	1044	1060	1045	1062	1042	1057
5-9	1039	1050	1037	1058	1041	1043
10-14	1030	1045	1026	1047	1034	1044
15-19	1028	1012	973	962	1098	1072
20-24	1002	988	919	937	1119	1060
25-29	989	994	914	956	1101	1047
30-34	968	969	903	913	1066	1045
35-39	948	953	895	888	1031	1043
40-44	920	933	873	866	998	1023
45-49	878	905	841	846	944	985
50-54	853	856	820	798	912	938
55-59	784	788	743	736	846	862
60-64	785	740	736	685	867	824
65-69	704	647	659	594	783	721
70 жас және одан жоғары	439	511	422	471	468	571

Санақтың қорытындылары бойынша 0-19 жастағы еркектердің 1000 әйелге арақатынасында ерлер басым болса, ал 20-70 және одан жоғары жас тобында әйелдер санының артықтығы байқалады. Ерлер мен әйелдер санының арақатынасында қала және ауыл халқының жас топтарында айырмашылықтар бар: егер қала халқы үшін еркектер санының басымдығы 0-14 жас тобына тән болса, ал ауыл халқында мұндай басымдық 0-44 жас тобында байқалады.

2.2. Халықтың қартаюы. Демографиялық жүктеме.

Халықтың қартаюы әлемдегі көпшілік елдер үшін айқындаушы демографиялық үрдіс болып табылады. Қазақстан халқы ХС2009 қорытындылары бойынша демографиялық кәрілік табалдырығынан аттады, өйткені 65 және одан жоғары жастағы адамдардың саны республикада халықтың жалпы санының 7,1%-на жетті.


4 ЕНДІРМЕ

БҰҰ демографтары қартаю дәрежесі бойынша қоғамдардың мына жіктелімін ұстанады: 65 және одан жоғары жастағы адамдар 4%-дан кем халықты жас деп атайды; осындай адамдар 4-7% болатын қоғам-кемеліне келген, ал егер солардың үлесі 7% -дан асса, халық кәрі болып саналады.

Егер Еуропа елдерінің көпшілігі үшін өлім коэффициенті бала туу коэффициентінен басым болатын жағдай тән болса және сонымен бірге көші-қонның теріс айырымы байқалса, ал Қазақстан аумағындағы жағдай әрқелкі. Солтүстік-шығыс өңірлерде және Қазақстанның орталық бөлігінде жағдай Еуропа елдерімен ұқсас, яғни қартаю жоғарыдан басталып, кіші жастармен салыстырғанда егде жастағы адамдар санының жедел өсуінен халықтың қартаю процесі жүреді. Ал республиканың оңтүстік-батыс өңірлерінде бала туудың өсуі байқалады, соның нәтижесінде халықтың қартаю көрсеткіштері азаяды (төмендейді).

2.2.1 сурет. 65 және одан жоғары жастағы егде халықтың өңірлер бойынша халықтың жалпы санындағы үлесі (қартаю)

пайызбен



5 ЕНДІРМЕ

2011 жылдың бас кезіне қарай 65 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 6,6%-ды құрады, ол БҰҰ демографиялық қартаю шкаласы бойынша ел халқының қартаю табалдырығында тұрғанын білдіреді. Қартаю индексі 0,27-ге тең.

Халықтың қартаюы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында байқалды. Маңғыстау облысының халқы жас болып табылады. Халықтың қартаю көрсеткіштері республика өңірлері бойынша қала және ауыл халқы үшін әрқелкі.

Халықтың қартаю проблемасы еңбекке жарамды халыққа демографиялық жүктемені ұлғайтады.

2.2.1 кесте. Еңбекке жарамды халыққа демографиялық жүктеме
(1000 адамға)

адам

	Еңбекке жарамды жастан төмен және жоғары (0-14 жас және 65 пен одан үлкен жас)		Еңбекке жарамды жастан төмен (0-14 жас 65 пен одан үлкен жас)		Еңбекке жарамды жастан жоғары (65 және одан жоғары жас)	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Қазақстан Республикасы	546	453	442	350	104	103
Ақмола	473	444	405	314	68	130
Ақтөбе	532	419	473	333	58	86
Алматы	548	464	483	370	64	94
Атырау	600	487	547	408	54	78
Батыс Қазақстан	458	430	374	310	84	121
Жамбыл	575	517	513	431	62	86
Қарағанды	506	422	438	295	68	127
Қостанай	441	408	372	264	69	144
Қызылорда	442	526	372	456	71	70
Манғыстау	625	498	583	445	42	52
Оңтүстік Қазақстан	579	594	543	524	36	69
Павлодар	431	395	370	268	61	127
Солтүстік Қазақстан	458	429	375	273	83	156
Шығыс Қазақстан облыстары	681	412	630	272	51	140
Астана қ.	395	316	340	261	56	55
Алматы қ.	385	351	300	244	85	108

ХС 1999 салыстырғанда Қазақстандағы демографиялық жүктеменің орташа көрсеткіші 546-дан 453 адамға дейін төмендеді. Еңбекке жарамды халыққа 0-14 жас тобындағы балалардың демографиялық жүктемесінің жоғары коэффициенттері Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл және Атырау облыстарында (408-ден 524 адамға дейін), ал егде жастағылар (65 және одан жоғары жас) - Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды (121-ден 156 адамға дейін).

3. Халықтың тығыздығы және әкімшілік-аумақтық бөлінуі

3.1 Халықтың тығыздығы

Қазақстан 2724,9 мың шаршы км кең-байтақ аумақты мекендейді, сонымен бірге ол халық аз қоныстанған елге жатады. Жерінің аумағы жағынан Қазақстан Ресей Федерациясынан, Қытайдан, АҚШ-тан, Аргентинадан, Бразилиядан, Канададан, Үндістан мен Австриядан кейін 9-шы орын алады.

Қазақстанның көрші мемлекеттермен шекараларының жалпы ұзындығы 12187 километрді құрайды. Республика құрлық бойынша Қытай Халық Республикасымен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Түркменстанмен, Ресей Федерациясымен шектеледі.

Қазақстанның аумағы батыстан шығысқа қарай 3000 километрге, Солтүстіктен Оңтүстікке қарай 1600 километрге созылады.

Санақтың деректері бойынша халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 5,9 адамды құрады. Қазақстанның халқы үшін 14 әкімшілік-аумақтық бірлік (облыстар) бойынша әркелкі қоныстануы тән). Ең тығыз орналасқан аумаққа халқының тығыздығы 1 шаршы км-ге 21,1 адамнан келетін Оңтүстік Қазақстан облысы жатады. Ақтөбе облысында халқының тығыздығы 1 шаршы км-ге бар болғаны 2,5 адам құрады.

Қазіргі Қазақстанның дәстүрлі табиғи-географиялық және экономикалық өңірлері бойынша халқының орналасуы тарихи қалыптасқан тығыздығы бойынша мекендеген ерекшеліктерін сақтап жалғастыруда. Халық тығыздығының көрсеткіштері былайша сипатталады: ең жоғары тығыздық көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан (1 км²-ге 21, 1 адам), Алматы (8,1) және Жамбыл (7,1) облыстарында, ел бойынша орташа көрсеткішке жақындары-Солтүстік Қазақстан (6,1) және Павлодар (5,9) облыстары, республикалық орташа деңгейден төмен - Шығыс Қазақстан (4,9), Ақмола (5,0), Қостанай (4,5), Атырау (4,3) және Батыс Қазақстан облыстары (4,0), республикалық орташа көрсеткіштен одан да төмендері –Қарағанды (3,1), Қызылорда (3,0), Маңғыстау (2,9) және Ақтөбе (2,5 адам) облыстары.



3.1.1 кесте Қазақстан халқының орналасуы

	Санақтар жүргізілген дата бойынша халықтың саны (мың адам)		Жалпы сандағы облыстар мен қалалардағы халықтың үлес салмақтары (%)		аумағы (мың км ² ¹⁾	Халықтың тығыздығы (1 км ² -ге келетін адам)	
	1999	2009	1999	2009		1999	2009
Қазақстан Республикасы	14981,3	16009,6	100,0	100,0	2724,9	5,5	5,9
Ақмола	827,3	737,5	5,5	4,6	146,2	5,7	5,0
Ақтөбе	682,6	757,8	4,6	4,7	300,6	2,3	2,5
Алматы	1557,3	1807,9	10,4	11,3	224,0	7,0	8,1
Атырау	440,3	510,4	2,9	3,2	118,6	3,7	4,3
Батыс Қазақстан	616,8	598,9	4,1	3,8	151,3	4,1	4,0
Жамбыл	988,8	1022,1	6,6	6,4	144,3	6,9	7,1
Қарағанды	1410,2	1341,7	9,4	8,4	428,0	3,3	3,1
Қостанай	1017,1	885,6	6,8	5,5	196,0	5,2	4,5
Қызылорда	625,0	678,8	4,2	4,3	226,0	2,8	3,0
Маңғыстау	314,7	485,4	2,1	3,0	165,6	1,9	2,9
Оңтүстік Қазақстан	1978,3	2469,3	13,2	15,4	117,3	16,9	21,1
Павлодар	807,0	742,5	5,4	4,7	124,8	6,5	5,9
Солтүстік Қазақстан	726,0	596,5	4,8	3,7	98,0	7,4	6,1
Шығыс Қазақстан облыстары	1531,0	1396,6	10,2	8,7	283,2	5,4	4,9
Астана қаласы	328,3	613,0	2,2	3,8	0,7	469,1	875,7
Алматы қаласы	1130,6	1365,6	7,6	8,5	0,3	3768,7	4552,1

¹⁾ – ҚР ЖРА деректері бойынша)

Қазақстан Республикасының 14 облысының ішінде халықтың саны бойынша ең тығыз орналасқаны - Оңтүстік Қазақстан облысы (2469 мың тұрғын), содан кейін халқы миллион адамнан асатын 4 облыс – Алматы (1807 мың), Шығыс Қазақстан (1396 мың), Қарағанды (1341 мың) және Жамбыл облыстары (1022) ілеседі. Осы аталған 5 облыстың үлесіне елдегі барлық халықтың 50%-ы келеді.

3.2 Әкімшілік-аумақтық бөлу

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымына сәйкес елдің бүкіл аумағы екі категорияға-өңірлер мен елді мекендерге бөлінеді.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымына 9825 әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді, олар 14 облыстан, республикалық маңызы бар 2 қаладан, соның бірі-елорда, 160 ауданнан, республикалық маңызы бар қалалардағы 10 ауданнан, облыстық маңызы бар 40 және аудандық маңызы бар 45 қаладан, облыстық маңызы бар қалалардағы 5 ауданнан, 34 поселкелік (кенттік) және 2474 селолық (ауылдық) әкімшіліктерден, 35 және 101 қалалық және селолық поселкелерден (кенттерден), 6905 ауылдық /селолық елді мекендерден тұрады.

Қазақстан Республикасында «миллионер» қала - Алматы қаласы, қаладағы халықтың саны 2009 жылғы санақтың деректері бойынша 1365,6 мың адамды құрады, яғни санақаралық кезеңде Алматы қаласы халқының саны 20,8%-ға өсті. Алматы қаласындағы халық санының үлес салмағы республика халқының жалпы санының 8,5 пайызын құрайды және қала халқының саны бойынша Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарынан кейін 4-ші орын алады.

Қалада қалаішілік 7 аудан бар, соның ішінде 7-шісі –Алатау ауданы - 2008 жылы құрылды, ең ірі аудандар-Әуезов (290 мың адам), Бостандық (267 мың адам) және Алмалы (189 мың адам) аудандары.

6 ЕНДІРМЕ

Астана әлемдегі ең жас астаналардың бірі. 2011 жылдың 1 қаңтарына Астана қаласының халқы 700-мыңдық межеден асты (720330 адам).

Қазақстанның елордасы-Астана қаласындағы халықтың саны - санақаралық кезеңде 1999 жылғы 328,3 мың адамнан 2009 жылы 613 мың адамға дейін көбейді, яғни халықтың саны 1,9 есе өсті, ал республика халқының жалпы санында Астана қаласындағы халықтың үлес салмағы 1999 жылғы 2,2%-дан 2009 жылы- 3,8%-ға дейін артты және ол республиканың басқа өңірлерімен салыстырғанда барынша көп өскен қалалардың бірі болды.

Астана қаласында қалаішілік үш аудан бар, солардың ең «жасы» - 2008 жылы құрылған «Есіл» ауданы.


4. Халықтың ұлттық құрамы, тілдерді меңгеруі, азаматтығы, дін ұстануы

4.1. Ұлттық құрамы

Қазақстан көп-этностық мемлекетке жатады, оның аумағында 125 ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады. Солардың ішінде саны жағынан ең көбі 7 этнос (әр этностың үлесі елдегі халықтың жалпы санының 1%-дан артық шамасын құрайтын) – қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және немістер, олардың үлесіне ел халқының 95,6%-ы келеді. Халықтың жалпы санындағы ең үлкен үлес салмағын-қазақтар - 63,1%-ы және орыстар-23,7% еншілейді. Басқа этностар мен этностық топтардың үлесі республика халқының 13,2%-ын құрайды.

4.1.1 сурет. Халықтың жалпы санындағы жеке ұлттардың үлесі

пайызбен




Қазақстанда тұратын барлық этностар мен ұлыс өкілдерінің жалпы санында қазақтардың саны бәрінен де көп, 2009 жылғы халық санағының деректері бойынша олар 10 096 763 адамды немесе ел халқының жалпы санының 63,1%-ын құрады.

Санақаралық кезеңнің ішінде қазақтардың саны 2 085 311 адамға немесе 26,0%-ға артты. 1999 жылғы санақтың деректері бойынша қазақтардың саны ел халқының жалпы санында 8 011 452 адамды немесе 53,5%-ды құраған еді.

Он жылдың ішінде қазақтардың саны табиғи өсімнің, сондай-ақ республика аумағына келген оралмандардың есебінен өсті.

4.1.2 сурет. Өңірлердің жалпы санындағы қазақтардың үлес салмағы

пайызбен



Қазақтардың басым көпшілігі Қызылорда (95,3%), Атырау (91,1%) және Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында тұрады, қазақтардың үлес салмағы осы облыстарда 70%-дан астам шаманы құрайды. Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы халықтың жалпы санында қазақтардың үлесі 50%-дан аспайды.

4.1.1 кесте. Халықтың жеке этностар бойынша саны

	Халықтың саны, адам		2009 жылғы 1999 жылға %-бен	Халықтың жалпы санынан %-бен үлес салмағы	
	1999	2009		1999	2009
Барлығы	14981281	16009597	106,9	100	100
Соның ішінде:					
Қазақтар	8011452	10096763	126,0	53,5	63,1
Орыстар	4480675	3793764	84,7	29,9	23,7
Өзбектер	370765	456997	123,3	2,5	2,9
Украиндар	547065	333031	60,9	3,7	2,1
Ұйғырлар	210377	224713	106,8	1,4	1,4
Татарлар	249052	204229	82,0	1,7	1,3
Немістер	353462	178409	50,5	2,4	1,1
Корейлер	99944	100385	100,4	0,7	0,6
Түріктер	78711	97015	123,3	0,5	0,6
Әзірбайжандар	78325	85292	108,9	0,5	0,5
Белорустар	111924	66476	59,4	0,7	0,4
Дүнгендер	36945	51944	140,6	0,2	0,3
Күрдтер	32764	38325	116,9	0,2	0,2
Тәжіктер	25673	36277	141,3	0,2	0,2
Поляктар	47302	34057	72,0	0,3	0,2
Шешендер	31802	31431	98,8	0,2	0,2
Қырғыздар	10925	23274	113,0	0,1	0,1
Басқа этностар	204118	157215	77,0	1,3	1,1




Алдыңғы халық санағымен салыстырғанда қырғыздардың саны 2,1 есе немесе 12,3 мың адамға, тәжіктер саны 41,3% -ға (10,6 мың адам), дүнгендердің саны 40,6%-ға (15,0 мың адам), түріктердің саны 23,3% -ға (18,3 мың адам), өзбектердің саны – 23,3% -ға (86,2 мың адам), күрдтердің саны – 16,9% (5,6 мың адам), әзірбайжандардың саны - 8,9%-ға (7,0 мың адам), ұйғырлардың саны – 6,8%-ға (14,3 мың адам) және корейлердің саны- 0,4%-ға (0,4 мың адам) өсті. Осы аталған этностардың саны көбіне табиғи өсімнің есебінен ұлғайды.

Орыстардың саны 15,3%-ға немесе 686,9 мың адамға, украиндардың саны- 39,1%-ға (214,0 мың адамға), немістердің саны- 49,5% (175,1 мың адамға) азайды. Славян ұлтындағы тұлғалар санының төмендеуіне олардың көші-қонмен кетулері әсерін тигізді. Негізінен орыстардың, украиндардың, белорустар мен немістердің басым көпшілігі Ресей мен Германияға кетті.

4.1.3 сурет. Санақаралық кезеңде жеке ұлттар бойынша халық санының өзгеруі (1999-2009 жылдар).


пайызбен



Этностық саралану қалалық және ауылдық жерлерде айқын көрінеді. Жеке ұлттардың қалалық және ауылдық жерлерде қоныстануы былайша сипатталады: елдегі халықтың жалпы санынан 47,9% қазақтар, 72,8% орыстар, 74,6% татарлар, 55,8% украиндар, 50,1% немістер, 42,7% ұйғырлар, 83,8% корейлер, 27,8% түріктер, 48,8% әзірбайжандар, 52,8% белорустар, 17,0% дүнгендер, 20,8% күрдтер, 49,8% шешендер, 68,3% қырғыздар және 43,6% басқа этностар қалалық жерлерде тұрады. Осы этностардың өкілдерінің қалған бөлігі ауылдық жерлерде тұрады.

4.1.4 сурет Халықтың жеке этностар бойынша құрылымы

пайызбен



Жалпы республика бойынша халықтың жалпы санындағы еркектердің үлесі 48,2%-ды құрайды. Еркектер саны әйелдер санынан әзірбайжандардың (53,1%), армяндардың (56,4%), өзбектердің (50,8%), ауғандардың (63,0%), ингуштердің (52,4%), қытайлардың (58,8%), шешендердің (53,6%) және түркімендердің (57,0) арасында басым. Әйелдердің саны еркектерге қарағанда қазақтардың (50,8%), орыстардың (54,9%), белорустардың (53,5%), болгарлардың (53,8%), еврейлердің (50,1%), татарлардың (54,7%), немістердің (51,5%), ұйғырлардың (50,5%) және украиндардың (54,2%) арасында артық.

4.2. Халықтың тілдерді меңгеруі

Халық санағының нәтижелері бойынша ана тілі ретінде өз ұлтының тілдерін 14965,6 мың адам (93,5%), басқа ұлттардың тілін - 1044,0 мың адам (6,5%) көрсетті.

4.2.1 кесте. Этностар және ана тілі бойынша халық

	Осы ұлтқа жататын адамдар саны	Солардың ішінде ана тілін атағандар:			
		өз ұлтының тілі адам	%	басқа ұлт тілдері адам	%
Барлық халық	16009597	14965571	93,5	1044026	6,5
солардың ішінде:					
Қазақтар	10096763	9982276	98,9	114487	1,1
Орыстар	3793764	3748325	98,8	45439	1,2
Өзбектер	456997	435833	95,4	21164	4,6
Украиндар	333031	52549	15,8	280482	84,2
Ұйғырлар	224713	190956	85,0	33757	15,0
Татарлар	204229	104234	51,0	99995	49,0
Немістер	178409	30413	17,0	147996	83,0
Корейлер	100385	36108	36,0	64277	64,0
Түріктер	97015	90065	92,8	6950	7,2
Әзірбайжандар	85292	62645	73,4	22647	26,6
Белорустар	66476	8657	13,0	57819	87,0
Дүнгендер	51944	50010	96,3	1934	3,7
Күрдтер	38325	33978	88,7	4347	11,3
Тәжіктер	36277	33525	92,4	2752	7,6
Поляктар	34057	3160	9,3	30897	90,7
Шешендер	31431	24452	77,8	6979	22,2
Қырғыздар	23274	17164	73,7	6110	26,3
Басқа ұлттар	157215	61221	38,9	95994	61,1

Ана тілі деп өз ұлтының тілін 98,9% қазақтар, 98,8% орыстар, 96,3% дүнгендер, 95,4% өзбектер, 92,8% түріктер, 92,4% тәжіктер, 85,0% ұйғырлар, 77,8% шешендер, 73,7% қырғыздар және 73,4% әзірбайжандар көрсетті.

Өз ұлтының тілін ана тілім деп тек қана 51,0% татарлар, 36,0% корейлер, 17,0% немістер, 15,8% украиндар, 13,0% белорустар және 9,3% поляктар атады.

Халық санағын жүргізу кезінде осы тілдердің әрқайсысын меңгеру дәрежесін анықтау үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

7 ЕНДІРМЕ

«Қазақстандықтар құрметпен және лайықты түрде мемлекеттік қазақ тілін үйрене бастады. Орыс тілін және басқа да қазақстандық этностардың тілдерін дамытамыз. Бүгінгі заманғы қазақстандық үшін үш тілді меңгеру-оның сәттілігінің міндетті шарты. Сондықтан, 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі, ең кемі 20%-ды құрауы тиіс деп есептеймін».


ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан

Президент Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында атап өткендей, қазақстандықтардың кем дегенде үш тілді - мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін білуі қажет. «Үш тілді білу - біздің болашағымыз. Әлем барған сайын жаһандана түсуде, сондықтан болашақ ұрпақтарға аралас тілдегі ортаға бағдарлана білуі маңызды» - деп атап көрсетті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жетекші БАҚ журналистерімен кездесуде.

Қазақ тілін меңгерген 15 және одан жоғары жастағы халықтың саны 8 992,2 мың адамды (74,0%) құрады, олардың ішінде еркектер - 4 320,2 мың адам немесе еркектердің жалпы санының 75,3%-ы және әйелдер – 4 672,0 мың адам немесе жалпы әйелдер санының 72,8%-ы. 15 және одан жоғары жас категориясындағы қазақтар (7 320 418 адам) қазақ тілін меңгеру дәрежесін былайша көрсетті: ауызша түсінетіндер – 7 198 880 адам (98,3%), еркін оқытындар – 6 986 634 адам (95,4%) және еркін жазатындар – 6 819 898 адам (93,2%).

4.2.1 сурет. Қазақ тілін меңгеру дәрежесі

пайызбен



Мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі де кеңінен пайдаланылады, ол туралы мына деректер дәлел болады: 15 және одан жоғары жас категориясында 11 471,0 мың адам (94,4%) - ауызша түсінетіндер, 10 724,9 мың адам (88,2%) - еркін оқытындар және 10 309,5 мың адам (84,8%) - еркін жазатындар. Қалалық жерлерде ауылдық жерлермен салыстырғанда орыс тілін меңгерудің деңгейі жоғары.

4.2.3 кесте. Орыс және ағылшын тілдерін меңгеру дәрежесі (15 және одан үлкен жастағылар)

пайызбен

	Осы ұлт адамдарының саны	Тілдерді меңгерудің дәрежесі:					
		орыс тілі			ағылшын тілі		
		ауызша түсінетіндер	одан:		ауызша түсінетіндер	одан:	
еркін оқитындар	одан: жазатындар		еркін оқитындар	еркін жазатындар			
Барлық халық	100	94,4	88,2	84,8	15,4	10,2	7,7
солардың ішінде:							
Қазақтар	100	92,0	83,5	79,1	17,5	11,9	9,0
Орыстар	100	98,4	97,7	96,7	12,6	7,8	5,6
Өзбектер	100	92,9	78,6	68,3	10,7	7,7	5,4
Украиндар	100	98,9	98,0	97,1	8,0	5,0	3,7
Ұйғырлар	100	95,8	88,2	81,8	15,7	9,8	7,2
Татарлар	100	98,4	96,4	94,7	14,2	8,9	6,7
Немістер	100	99,0	97,8	96,9	9,1	5,9	4,4
Корейлер	100	98,0	96,9	95,5	24,2	14,8	11,4
Түріктер	100	96,1	87,8	83,6	11,7	7,8	6,0
Әзірбайжандар	100	96,9	89,4	85,4	11,0	7,0	5,3
Белорустар	100	98,9	97,8	97,0	6,8	4,3	3,2
Дүнгендер	100	98,0	95,7	92,8	10,1	6,4	4,3
Күрдтер	100	96,2	87,5	83,3	6,9	4,1	3,0
Тәжіктер	100	85,2	66,1	56,6	6,8	4,7	3,5
Поляктар	100	99,1	98,0	97,1	9,2	6,1	4,6
Шешендер	100	98,0	93,8	91,5	11,0	6,9	5,2
Қырғыздар	100	92,5	77,2	71,3	12,6	7,8	5,8
Басқа ұлттар	100	97,3	93,3	91,1	14,5	9,9	7,9

Ағылшын тілін меңгерудің дәрежесі мына деректермен сипатталады: ауызша сөзді түсінетіндер – 1 874,6 мың адам (15,4%), еркін оқитындар – 1 242,9 мың адам (10,2%) және еркін жазатындар – 931,4 мың адам (7,7%). Корейлердің, қазақтардың, ұйғырлардың, татарлардың, орыстардың және қырғыздардың арасында ағылшын тілін білетіндер үлесі біршама жоғары (12,6-24,2%). Ағылшын тілін меңгеру деңгейі ауылдық жермен салыстырғанда қалалық жерде айтарлықтай жоғары.

4.3. Азаматтық

Халық санағының деректері бойынша республикада Қазақстан Республикасының азаматтығы бар 15 850 680 адам (99,0%), ТМД елдерінің азаматтығы бар 85 566 адам және әлемдегі басқа елдердің азаматтығы бар 16 073 (0,1%) адам тұрған, ал 57 278 (0,4%) адамда азаматтық болмаған.

4.3.1 кесте. ТМД елдері бойынша азаматтық

	Екі жыныста		Еркектер		Әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
ТМД елдері бойынша барлығы	85566	100	45407	100	40159	100
олардың ішінде мына елдердің азаматтығы барлары:						
Әзірбайжан	3153	3,7	1929	4,2	1224	3,0
Армения	993	1,2	547	1,2	446	1,1
Беларусь	559	0,6	248	0,5	311	0,8
Қырғызстан	9143	10,7	4662	10,3	4481	11,2
Молдова	177	0,2	93	0,2	84	0,2
Ресей	38609	45,1	18870	41,6	19739	49,2
Тәжікстан	1823	2,1	1279	2,8	544	1,3
Түркіменстан	1774	2,1	960	2,1	814	2,0
Өзбекстан	26886	31,4	15651	34,5	11235	28,0
Украина	2449	2,9	1168	2,6	1281	3,2

Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдік азаматтардың ішінде басым көпшілігі ТМД қатысушы елдерінің азаматтығы бар адамдар. 2009 жылы санақ жүргізу кезінде Қазақстанда Ресей Федерациясының азаматтығы бар 38 609 адам (ТМД азаматтығы бар адамдардың жалпы санының 45,1%) және Өзбекстан Республикасының азаматтығы бар 26 886 (31,4%) адам тұрған.

ТМД елдерінің азаматтығы бар адамдарға Украинаның, Әзірбайжанның, Қырғыз Республикасының және басқа да қатысушы елдердің азаматтығы бар адамдар жатады, олардың саны 0,2-ден 9,1 мың адамға дейін, ал үлес салмағы 0,2% -дан 10,7%-ға дейінгі аралықта құбылады.

4.3.2 кесте. ТМД-дан тыс елдер бойынша азаматтық

	Екі жыныста		Ерлер		Әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
ТМД-дан тыс елдер бойынша барлығы	16073	100	10640	100	5433	100
солардың ішінде мына елдердің азаматтығы барлар:						
Қытай	5519	34,3	2986	28,1	2533	46,6
Моңғолия	1037	6,5	550	5,2	487	9,0
Түркия	3666	22,8	3160	29,7	506	9,3
Басқа мемлекеттер	5851	36,4	3944	37,1	1907	35,1

ТМД-дан тыс елдердің азаматтары қатарында Қытайдың азаматтығы бар тұлғалардың саны көп, халықтың жалпы санындағы олардың үлес салмағы 34,3%-ды (еркектер - 28,1% және әйелдер - 46,6%) және Түркияның – 22,8%-ды (еркектер – 29,7% және әйелдер – 9,3%) құрады.

Бұдан басқа, 40%-дан аса халықтың Монғолия, Пәкістан, АҚШ, Үндістан, Корея және басқа елдердің азаматтығына ие.

4.4. Дін ұстану

Қазақстанда діни толеранттылық пен дінге еркіндіктің жоғары деңгейі орын алады. 2009 жылғы санақтың бағдарламасына халықтың дін ұстануы туралы сұрақ алғаш рет енгізілді. Санақтың нәтижелері бойынша 70,2% халық ислам дінін және 26,3% халық христиан дінін ұстанатыны анықталды.

Ислам дінін ұстанатындардың тиісті ұлттың жалпы санындағы ең көп үлесі қазақтарға 98,3%, өзбектерге – 99,1%, ұйғырларға – 98,4%, түріктерге – 99,1%, әзірбайжандарға – 94,8%, дүнгендерге – 98,9%, күрдтерге – 98,3%, тәжіктерге – 97,8%, шешендерге – 93,7% және қырғыздарға – 96,7% келеді.

Христиан діні бойынша саны жағынан ірі топтарды славян ұлттарының өкілдері құрайды: орыстар – 91,6%, украиндар – 90,7%, белорустар – 90,2%. Сондай-ақ христиан дінін 90,1% поляктар және 81,6% немістер көрсетті.

Республикада иудаизм діні кең таралмаған, сондай-ақ буддизмді ұстанатын халықтың да үлесі өте аз.

4.4.1 кесте. Ұлтына қарай дін ұстанатын халық

адам

	Барлық халық	солардың ішінде дін ұстануды көрсеткендер:						Көрсетуден бас тартқандар
		ислам	христиан	иудаизм	буддизм	баскасы	дінге сенбейтіндер	
Барлық халық	16009597	11239176	4214232	5281	14663	3688	451547	81010
соның ішінде:								
Қазақтар	10096763	9928705	39172	1929	749	1612	98511	26085
Орыстар	3793764	54277	3476748	1452	730	1011	230935	28611
Өзбектер	456997	452668	1794	34	28	78	1673	722
Украиндар	333031	3134	302199	108	49	74	24329	3138
Ұйғырлар	224713	221007	1142	34	33	63	1377	1057
Татарлар	204229	162496	20913	47	58	123	16569	4023
Немістер	178409	2827	145556	89	66	192	24905	4774
Корейлер	100385	5256	49543	211	11446	138	28615	5176
Түріктер	97015	96172	290	7	6	20	321	199
Әзірбайжандар	85292	80864	2139	16	16	24	1586	647
Белорустар	66476	526	59936	25	9	20	5198	762
Дүнгендер	51944	51388	191	4	15	19	179	148
Күрдтер	38325	37667	203	11	6	9	285	144
Тәжіктер	36277	35473	331	2	6	30	307	128
Поляктар	34057	235	30675	14	4	45	2486	598
Шешендер	31431	29448	940	6	3	16	653	365
Қырғыздар	23274	22500	206	6	6	4	352	200
Басқа ұлттар	157215	54533	82254	1286	1433	210	13266	4233

Ислам дінін ұстанатын халықтың басым көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысы - 2 307,3 мың адам (халықтың жалпы санының 93,4%) және Алматы облысы - 1 458,8 мың адам (80,7%) тұрғындарына келеді. Христандық Қарағанды - 607,2 мың адам (45,3%), Шығыс-Қазақстан - 520,9 мың адам (37,3%) және Қостанай - 474,4 мың адам (53,6%) облыстарының аумағында тұратын халықтың арасында анағұрлым көп тараған.

4.4.2 кесте. Халықтың дін ұстануы және жекелеген жас топтары бойынша бөлінуі
(15 және одан жоғары жастағылар)

адам

	Барлығы	солардың ішінде дін ұстануды көрсеткендері:						Көрсетуден бас тартқандар
		ислам	христиан	иудаизм	буддизм	басқасы	дінге сенбейтіндер	
Барлығы	12156705	8142861	3566322	4623	12503	2329	371133	56934
олардың ішінде, жастары:								
15-19	1544995	1208368	287641	297	965	383	40319	7022
20-24	1605090	1175293	374506	534	1300	345	45283	7829
25-29	1342309	949888	344867	568	1191	234	38723	6838
30-34	1216304	861336	312888	436	1063	215	34467	5899
35-39	1138801	818458	281504	444	951	173	32054	5217
40-44	1065799	774009	255953	411	916	196	29713	4601
45-49	1103296	730897	329440	411	1036	173	36190	5149
50-54	888729	525813	323727	420	1187	170	33107	4305
55-59	693223	374525	285563	319	1223	145	28037	3411
60-64	422865	219429	184007	221	836	93	16306	1973
65-69	390760	196840	178373	177	604	73	13047	1646
70 +	744534	308005	407853	385	1231	129	23887	3044

Халықтың дін ұстануы бойынша жас топтары (15 және одан жоғары жастағылар) былайша қалыптасты: ислам дінін ұстанатын халықтың саны 8 142,9 мың адамды құрады, олардың ішінде 15-19 жастағылар-14,8%, 20-24 жастағылар – 14,4%, 25-29 жастағылар – 11,7%, 30-34 жастағылар – 10,6%, 35-39 жастағылар – 10,1%, 40-44 жастағылар – 9,5%, 45-49 жастағылар – 9,0%, 50-54 жастағылар – 6,5%, 55-59 жастағылар – 4,6%, 60-64 жастағылар – 2,7%, 65-69 жастағылар – 2,4%, 70 және одан жоғары жастағылар – 3,8%.

Христиан дінін 3 566,3 мың адам ұстанады, солардың қатарында 15-19 жастағылар 8,1%, 20-24 жастағылар – 10,5%, 25-29 жастағылар– 9,7%, 30-34 жастағылар – 8,8%, 35-39 жастағылар – 7,9%, 40-44 жастағылар – 7,2%, 45-49 жастағылар– 9,2%, 50-54 жастағылар – 9,1%, 55-59 жастағылар – 8,0%, 60-64 жастағылар – 5,2%, 65-69 жастағылар – 5,0%, 70 жас және одан жоғары жастағылар – 11,4%.

4,6 мың адам иудаизмді ұстанады, ең үлкен үлес мына жас топтарына тиеді: 20-24 жастағылар - 11,6%, 25-29 жастағылар -12,3%, 30-34 жастағылар – 9,4%, 35-39 жастағылар – 9,6% және 50-54 жастағылар – 9,1%.

Буддизмді 12,5 мың адам ұстанады, олардың қатарында 20-24 жастағылар -10,4%, 55-59 жастағылар – 9,8%, 70 және одан жоғары жастағылар – 9,8%. Дін ұстаушылардың басқа бағыттарын 2,3 мың адам көрсетті, негізінен олар 15-25 жас тобындағы жас адамдар: 15-19 жастағылар (16,4%), 20-24 жастағылар (14,8%) және 25-29 жастағылар (10,0%). Дінге сенбейтіндер 371,1 мың адамды құрады, олардың 15-19 жастағылары -10,9%, 20-24 жастағылары - 12,2%, 25-29 жастағылары – 10,4%, 30-34 жастағылары 9,3% және 45-49 жастағылары – 9,8%. Дін ұстануды көрсетуден 56,9 мың адам бас тартты, негізінен олар 15-19 жастағы (12,3%), 20-24 жастағы (13,8%), 25-29 жастағы (12,0%) және 30-34 жастағы (10,4%) жас адамдар.

5. Халықтың неке жағдайы және әйелдердің ұрпақты болуға қабілеттілігі



5.1. Халықтың неке жағдайы

Санақтың бағдарламасына, жауаптары халықтың неке жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін, сұрақтар енді. Бұл мәліметтер қазіргі таңда, атап айтқанда: некесіз туған балалардың кеңінен тарауы, толық емес отбасылардың көбеюі, жас адамдардың некеге тұру жасын кейініректегі (үлкенірек) жастарға жылжытуы және халық арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігінің туындаған жағдайларында, ерекше маңызға ие болуда. Отбасын құру мен ажырасу үрдістерін үлгілеуге, некесіздікті, тұлдықты, осы факторлардың бала тууға тигізетін әсерін зерделеуге мүмкіндік туғызатын ақпараттың болуы өте маңызды.

Халық санағын жүргізу кезінде халықтың неке жағдайы туралы сұрақтар 15 және одан жоғары жастағы адамдарға қойылып, жауаптары сұрақ қойылған адамдардың сөздерінен, яғни құжаттамалық растаусыз жазылып алынды. Жауаптар былайша сараланды: «ешқашан некеге тұрған емеспін», «некеде тұрамын», «тұлмын/ жесірмін», «ажырасқанмын».

Халықтың неке жағдайы 1999 жылғы санақпен салыстырғанда 2009 жылдағы халық санағының деректері бойынша мына деректермен сипатталады:

5.1.1 кесте Халықтың неке жағдайы

	Ерлер				Әйелдер			
	1999		2009		1999		2009	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Все население								
Барлығы	5031853	100	5737197	100	5661812	100	6419508	100
одан:								
ешқашан некеге тұрмағандар	1528771	30,4	2118604	36,9	1221156	21,6	1807218	28,2
некеде тұратындар	3137956	62,4	3275270	57,1	3146355	55,6	3347953	52,2
тұл еркектер	145445	2,9	145137	2,5	831512	14,7	812608	12,7
ажырасқандар	219602	4,4	198186	3,5	462684	8,2	451729	7,0

Санақаралық кезең ішінде *некеде тұратын* адамдар үлесінің едәуір төмендеуі байқалады: еркектердің үлесі - 62,4%-дан 57,1%-ға дейін, әйелдердің үлесі - 55,6%-дан 52,2%-ға дейін төмендеді. Некеде тұратын еркектердің үлесі 5,3%-ға, ал әйелдердің үлесі 3,4%-ға азайды. Некеде тұратын еркектер үлесі әйелдермен салыстырғанда 4,9 пайыздық пунктке артық.

Қала, сондай-ақ ауыл халқында да осындай үрдіс байқалады. Әсіресе қала халқының ортасында некеде тұратындардың үлесі кеми түсуде, олардың үлес салмағы еркектер арасында 6,4%-ға, әйелдер арасында - 4,0%-ға азайды.

36,9% еркектер және 28,2% әйелдер *ешқашан некеде тұрмаған*, ал 1999 жылғы бұл көрсеткіштер тиісінше 30,4% және 21,6% құраған еді. Ешқашан некеде тұрмаған адамдардың үлесі еркектердің арасында

ХАЛЫҚТЫҢ НЕКЕ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҰРПАҚТЫ БОЛУҒА ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

-6,5%-ға, әйелдердің арасында - 6,6%-ға артты.

Тұл еркектердің үлесі 2,5%-ды, жесір әйелдердің үлесі - 12,7%-ды құрады. Ажырасқан еркектердің үлес салмағы әйелдермен салыстырғанда екі есе аз және ол 3,5%-ды құрады. *Некелі бұзған* еркектердің үлесі 0,9%-ға, әйелдердің үлесі - 1,2%-ға азайды.

5.1.2 кесте. Өңірлердегі халықтың неке жағдайы

пайызбен

	Ерлер								Әйелдер							
	олардың ішінде:															
	ешқашан некеге тұрмағандар		некеде тұрғандар		тұлдар		ажырасқандар		ешқашан некеге тұрмағандар		некеде тұрғандар		тұлдар		ажырасқандар	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Қазақстан Республикасы	30,4	36,9	62,4	57,1	2,9	2,5	4,4	3,5	21,6	28,2	55,6	52,2	14,7	12,7	8,2	7,0
Ақмола	28,5	34,0	64,4	58,9	2,8	3,0	4,3	4,1	18,9	23,8	58,7	54,0	15,2	15,3	7,2	6,9
Ақтөбе	31,2	39,3	62,3	55,9	2,9	2,2	3,6	2,7	23,1	31,6	55,9	51,5	14,2	11,4	6,8	5,5
Алматы	31,7	38,6	61,6	56,5	2,8	2,2	4,0	2,7	21,4	29,1	56,6	54,4	14,5	10,7	7,4	5,8
Атырау	36,4	39,4	58,2	56,5	2,9	2,1	2,5	2,0	26,2	30,2	53,4	53,4	15,3	11,8	5,1	4,6
Батыс Қазақстан	30,1	36,9	63,2	57,1	2,8	2,7	3,8	3,3	20,9	27,0	56,9	52,6	15,7	14,6	6,5	5,9
Жамбыл	31,9	36,7	61,3	58,3	2,8	2,3	4,0	2,6	21,8	26,9	55,8	54,7	14,3	12,0	8,2	6,5
Қарағанды	28,6	34,7	62,5	56,8	3,3	3,2	5,5	5,3	20,4	25,6	54,3	49,8	15,4	15,2	9,8	9,4
Қостанай	27,3	35,0	64,5	56,4	3,0	3,4	5,2	5,2	19,1	26,2	56,8	49,5	15,1	15,3	9,1	9,0
Қызылорда	35,5	39,0	59,3	56,7	2,5	2,1	2,6	2,2	24,5	28,0	57,4	55,8	12,5	11,0	5,6	5,1
Маңғыстау	31,4	36,9	62,4	59,4	2,4	1,6	3,8	2,1	23,7	30,1	57,6	56,7	11,0	8,3	7,8	5,0
Оңтүстік Қазақстан	32,3	36,4	62,9	59,9	2,4	1,9	2,4	1,7	22,9	27,2	58,9	57,3	12,7	10,6	5,5	4,8
Павлодар	28,6	34,8	63,0	57,2	2,9	3,1	5,5	4,9	20,7	26,3	54,9	49,9	14,5	14,6	10,0	9,2
Солтүстік Қазақстан	27,6	31,2	65,1	61,3	3,0	3,2	4,3	4,3	18,1	21,1	58,6	54,7	16,2	16,8	7,1	7,4
Шығыс Қазақстан	28,9	34,3	62,8	58,0	3,2	3,2	5,1	4,5	19,8	24,6	55,2	51,3	16,5	15,9	8,5	8,3
Астана қ.	29,3	41,7	62,7	53,5	2,8	1,4	5,2	3,5	26,0	36,8	51,8	48,2	12,4	7,6	9,9	7,3
Алматы қ.	31,0	42,0	59,3	51,3	3,2	2,5	6,5	4,2	25,0	36,3	47,4	43,5	15,1	10,9	12,5	9,3

Некелік жағдайының көрсеткіштері бойынша өңірлік айырмашылықтар байқалады.

Некеліктің деңгейіне әсерін тигізетін маңызды факторлардың бірі *ешқашан некеде тұрмаған тұлғалар* санының өсуі болып табылады. Ешқашан некеде тұрмаған еркектердің ең жоғары үлесі Астана және Алматы қалаларында белгіленді: тиісінше 41,7% және 42,0%. Бойдақ еркектердің төмен үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысында белгіленді - 31,2%. Санақтар арасындағы кезеңде, ешқашан некеде тұрмаған адамдардың саны, әсіресе Астана және Алматы қалаларында өсті: тиісінше 12,4 және 11,0 пайыздық пункттерге.

Ешқашан некеге тұрмаған әйелдердің арасында да сондай-ақ Астана (36,8%) және Алматы (36,3%) қалалары тұрғындарының үлесі жоғары болды. Арадағы 10 жылдың ішінде олардың үлесі тиісінше 10,8 және 11,3 пайыздық пунктке өсті.

Некеде тұрмаған әйелдердің айтарлықтай төмен үлес салмағы Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары тұрғындарының арасында белгіленді (21,1-ден 24,4%-ға дейін). Осы категориядағы адамдар санының едәуір азаюы Қостанай облысында байқалды, мұндағы некеде тұратын еркектердің үлесі 64,5%-дан 56,4%-ға (8,1%) дейін, ал тұрмысқа шыққан әйелдердің үлесі 56,8%-дан 49,5%-ға (7,3%) дейін азайды. Астана қаласында үйленген еркектердің үлесі айтарлықтай кеміді - 62,7%-дан 53,5%-ға дейін (9,2%).

Тұл қалған еркектердің үлесі Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарында республикалық орташа көрсеткіштен 0,5-0,9 пайыздық пунктке жоғары (3%-дан аса). Астана қаласында тұл еркектердің үлесі 1999 жылмен салыстырғанда 2,8-ден 1,4%-ға дейін кеміді, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштен 1,1 пайыздық пунктке төмен.

Батыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы жесір әйелдердің үлесі республикалық орташа көрсеткіштен 1,9-4,1 пайыздық пункттерге жоғары. Республика бойынша жесір әйелдердің ең төмен көрсеткіштері Астана қаласы - 7,6% мен Маңғыстау облысында - 8,3% белгіленді, осы көрсеткіштер ел бойынша орташа көрсеткіштерден тиісінше 5,1-4,4 пайыздық пунктке төмен.

Павлодар, Қостанай және Қарағанды облыстарында ажырасқан еркектердің үлесі ең жоғары, олардың үлесі 4,1%-дан 5,3%-ға дейін құбылады (республикадағы орташа көрсеткіштен 0,6-1,8 пайыздық пунктке жоғары). Сонымен бірге басқа өңірлерде ажырасқан еркектердің үлесі ел бойынша орташа көрсеткіштен төмен болды.

ХАЛЫҚТЫҢ НЕКЕ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҰРПАҚТЫ БОЛУҒА ҚАБІЛЕТТІЛІГІ


Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстарында және Алматы қаласында ажырасқан әйелдердің жоғары үлесі байқалды (8,3%-дан 9,4%-ға дейін), ол елдегі орташа көрсеткіштен 1,3-2,4 пайыздық пунктке жоғары. Астана қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында осындай көрсеткіштер республикадағы орташа көрсеткіштен асты, ал қалған облыстарда ажырасқан әйелдердің үлесі ел бойынша орташа көрсеткіштен төмен болды.

5.1.3 кесте. Халық неке жағдайы және жасы бойынша

пайызбен

	Барлық халық		олардың ішінде:							
	1999	2009	ешқашан некеге тұрмағандар		некеде тұрғандар		тұл-жесірлер		ажырасқандар	
			1999	2009	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлығы	100	100	30,4	36,9	62,4	57,1	2,9	2,5	4,4	3,5
олардың ішінде:					Еркектер					
15-19 жастағы	100	100	98,6	99,1	1,4	0,9	0,0	0,0	0,0	0,0
20-29 жастағы	100	100	54,3	64,4	42,8	34,1	0,2	0,1	2,7	1,4
30-39 жастағы	100	100	11,0	20,6	81,9	74,0	0,6	0,5	6,5	4,9
40-49 жастағы	100	100	4,7	9,3	86,5	83,2	1,6	1,4	7,3	6,1
50-59 жастағы	100	100	2,4	6	86,8	84,6	4,7	3,8	6,1	5,7
60-69 жастағы	100	100	1,4	4,7	83,3	81,5	11,4	10,2	3,8	3,6
70 жастағы +	100	100	0,7	4,6	71,3	68,7	26,3	24,9	1,7	1,8
Барлығы	100	100	21,6	28,2	55,6	52,2	14,7	12,7	8,2	7,0
олардың ішінде:					Әйелдер					
15-19 жастағы	100	100	92,6	95,5	7,1	4,3	0,1	0,0	0,3	0,2
20-29 жастағы	100	100	33,8	45,9	57,8	49,5	1,2	0,6	7,1	4,0
30-39 жастағы	100	100	8,6	15,3	75,9	71,6	3,5	2,9	12,0	10,2
40-49 жастағы	100	100	4,7	8,8	74,2	71,5	8,5	7,9	12,6	11,8
50-59 жастағы	100	100	2,5	6,6	65,5	64,4	22,2	18,8	9,8	10,3
60-69 жастағы	100	100	1,9	5,2	49,8	48,5	42,1	40,1	6,3	6,3
70 жастағы+	100	100	2,2	5,9	21,6	24,9	73,2	66,0	3,0	3,3

Жекелеген жас топтары бойынша халықтың некелік жағдайы туралы санақ қорытындылары көрсеткендей, *некеге тұруды анағұрлым үлкенірек жасқа қалдыру процесі* жүруде, осы құбылыс әсіресе белсенді репродуктивті жастағы халықтың арасында байқалады. Ол туралы ешқашан некелік қатынаста болмаған 20-29 жастағы жас адамдардың үлес салмағының өсуі айғақтайды. Осы жас тобындағы некеде тұратын еркектердің үлесі 42,8%-дан 34,1%-ға дейін, ал әйелдердің үлесі - 57,8%-дан 49,5%-ға дейін кеміді. Сондай-ақ 30-39 жас тобындағы некеде тұрған еркектердің де, әйелдердің де үлесі айтарлықтай азайды. Бұл 30-39 жас тобындағы *ешқашан некеде тұрмаған* адамдардың үлес салмағы өсуінің нәтижесі: еркектердің үлесі 9,6, ал әйелдердің үлесі-6,7 пайыздық пунктке көбейді. Ажырасқандардың жалпы санында 40-49




жастағы екі жыныстағы адамдарының да үлесінің жоғары екенін атап өту қажет, осы көрсеткіш тиісінше 32,2% -ды және 29,5%-ды құрады. Санақаралық кезеңде 40-49 жас тобындағы ажырасқан еркектер мен әйелдердің үлесі тиісінше 2,4 және 2,2 пайыздық пунктке өсті.

Тұл/жесір адамдардың жалпы санында 50 және одан жоғары жастағы еркектер 85,1% және әйелдер 83,8% болды. 1999 жылмен салыстырғанда 50 жастан асқан тұл еркектердің үлесі 1,3 пайыздық пунктке, ал жесір әйелдердің үлесі - 0,7 пайыздық пунктке артты.

5.1.1 сурет. Жекелеген жас топтары бойынша еркектер мен әйелдердің некелік жағдайы

пайызбен



Жекелеген жас топтары бойынша еркектер мен әйелдердің некелік жағдайының динамикасында мына жәйтті атап өту керек, *ешқашан некеде тұрмағандардың* ең жоғары көрсеткіштері ерлердің де әйелдердің де 15-19 жас тобында, *некеде тұратындардың* 50-54 және 55-59 жастағы еркектердің жас тобында, ал әйелдерде 35-39 және 40-44 жас тобында, *тұл ерлерде* 65-69 және 70 және одан жоғары жас тобында, ал *жесір әйелдерде* 60-64 пен 65-69 жас тобында, *ажырасқандар* - 45-49 және 55-59 жастағы ерлердің жас тобында, әйелдерде 35-39, 40-49 жас тобында байқалды.

5.2. Әйелдердің ұрпақты болуға қабілеттілігі

2009 жылғы халық санағының деректері бойынша республикадағы 15-49 жастағы әйелдердің саны 4 579 928 адамды құрайды (әйелдердің жалпы санының 55,2%-ы).

5.2.1 кесте. Әйелдер жекелеген жас топтары бойынша

	Халық саны, адам		Өсу(+), кему(-), %	Үлес салмағы, %	
	1999	2009		1999	2009
Барлық әйелдер (15-49 жас) олардың ішінде жас топтары бойынша:	4067863	4579928	12,6	100	100
15-19	678582	767957	13,2	16,7	16,8
20-24	626047	807343	29,0	15,4	17,6
25-29	585980	673217	14,9	14,4	14,7
30-34	560544	617720	10,2	13,8	13,5
35-39	617231	583052	-5,5	15,2	12,7
40-44	543498	551386	1,5	13,4	12,0
45-49	455981	579253	27,0	11,2	12,6

Санақаралық кезең ішінде репродуктивті жастағы әйелдердің саны 12,6%-ға өсті. Бұл орайда 20-24 (29%) және 45-49 (27%) жас топтарындағы әйелдер санының айтарлықтай, үштен бірге жуық, артқанын атап өту керек. Сонымен бірге 35-39 жас тобындағы әйелдердің саны 5,5%-ға азайған. Қалған жас топтарында әйелдер санының өсуі 10- 13%-ды құрайды, 40-44 жастағы әйелдерді қоспағанда (олар 1,5%-ға өсті).

8 ЕНДІРМЕ

Халықтың бала туу деңгейі бойынша ең төменгі көрсеткіш 1991 жылдан (21,5) бері кезеңде 1999 жылы тіркелді және ол 1000 адамға шаққанда 14,6 туылғандарды құрады. 2010 жылы елде 368 мыңға жуық нәресте дүниеге келді, бала туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 22,5 туылғандарды құрады.

Демографиялық жағдайды талдау үшін репродуктивті жастағы әйелдердің некедегі жағдайы бойынша жас құрылымын зерделеу маңызды болып табылады.

Ұрпақты болуға қабілеттілігі бар әйелдердің арасында ешқашан некеде тұрмаған әйелдердің үлесі 29,2%-дан (1 186 205 адам) 37,0%-ға (1 696 561 адам) дейін немесе 7,8 пайыздық пунктке ұлғайды. Бала тууға қабілетті 20-29 жастағы ешқашан некеде тұрмаған әйелдердің үлесі 5,4 пайыздық пунктке көбейді, яғни 34,6%-дан (410 227 адам) 40,0%-ға дейін (679 247 адам) өсті.

Репродуктивті жастағы некеде тұратын әйелдердің үлесі 58,6%-дан (2 384 387 адам) 53,1%-ға (2 434 205 адам) дейін немесе 5,5 пайыздық пунктке төмендеді. Сонымен қатар олардың арасында



некеде тұратындардың абсолюттік саны 49 818 адамға артты (2,1%).

Некеде тұратын 20-29 жастағы әйелдердің үлесі 29,4%-дан (700 348 адам) 30,1%-ға (732 872 адам) дейін немесе 0,7 пайыздық пунктке аздап қана көбейді.


Репродуктивті жастағы ажырасқан әйелдердің үлес салмағы 8,8%-дан (356 128 адам) 6,9%-ға (316 658 адам) дейін, яғни 1,9 пайыздық пунктке төмендеді. Осы категориядағы 20-29 жастағы ажырасқан әйелдердің үлесі 24,3%-дан (86 566 адам) 18,9%-ға дейін немесе 5,4 пайыздық пунктке азайып, 59 815 адамды құрады.

Репродуктивті жастағы жесір қалған әйелдердің саны шамалы ғана өзгерістерге ұшырады, олардың үлесі 3,5%-дан (141 094 адам) 2,9%-ға дейін немесе 0,6 пайыздық пунктке төмендеді де, 132 504 адамды құрады. 20-29 жастағы жесір қалған әйелдердің үлес салмағы 4,0%-ға, яғни 10,5%-дан (14 873 адам) 6,5%-ға (8 626 адам) дейін азайды.

Халықтың ұдайы өсуі ең бірінші кезекте бала туудың деңгейіне байланысты болады, сондықтан бала туудың өтпелі процесінің қарқындылығын тереңрек зерделеу үшін оны 15 және одан жоғары жастағы барлық әйелдердің жиынтығында қарау қажет.

5.2.1 сурет. Жасы мен балаларының саны бойынша әйелдер

пайызбен



Туған балаларының санын көрсеткен әйелдердің барлық жиынтығында 35,9%-ның (2 304 167 адам) екі-үш баласы бар, соның ішінде қалалық жерлерде - 37,5% (1 395 671 адам), ауылдық жерлерде – 33,6% (908 496 адам). Ауылдық жерлермен салыстырғанда қаладағы әйелдер бала тууды ертерек тоқтатады, әрі негізінен 30-34 жаста екі бала туумен шектеледі.

Бала тууға қабілетті (шартты) жас, яғни 15-49 жастың аяқталу кезеңіне қарай, осы жастағы әйелдер орта есеппен 2,8 баладан туған, соның ішінде қалалық жерлерде-2,3, ауылдық жерлерде-3,3 баладан.

9 ЕНДІРМЕ

Бала туудың жиынтық коэффициенті 1999 жылмен (1,8) салыстырғанда 2010 жылы өсті және 15-49 жастағы бір әйелге 2,6 тууды құрады.

Әр әйел 55-59 жасқа қарағанда орта есеппен 3,2 бала туған, соның ішінде қалалық жерлерде-2,5, ауылдық жерлерде-4,1 баладан. Бұл әйелдер 1950-1954 жылдар арасында туған ұрпақтар өкілдеріне жатады.

5. 2.2 кесте. Жасы, туған, тірі туған және жоспарлаған балалар саны бойынша әйелдер

адам

	Әйелдер, барлығы	Туған балаларының саны	олардың ішінде: тірі балалары	Бар балаларды қоса есептегенде тууды жоспарлаған балалардың саны	Орта есеппен 1 әйелге келетін балалар:	
					туылғандары	бар балаларды есепке алғанда, жоспарланғандары
Барлығы	5058696	7629038	7277504	13098783	1,5	2,6
оның ішінде мына жастағылар:						
15-19 жас	767957	24742	23757	1619984	0,0	2,1
20-24 жас	807343	357953	347732	1936513	0,4	2,4
25-29 жас	673217	805097	782104	1778019	1,2	2,6
30-34 жас	617720	1107580	1071651	1711815	1,8	2,8
35-39 жас	583052	1249730	1202267	1626955	2,1	2,8
40-44 жас	551386	1312470	1252648	1503044	2,4	2,7
45-49 жас	579253	1464663	1382714	1575266	2,5	2,7
50-54 жас	478768	1306803	1214631	1347187	2,7	2,8

Халық санағын жүргізу кезінде 15-55 жас тобындағы әйелдерге тууды жоспарлаған балалардың саны туралы сұрақ қойылды, оған жалпы алғанда 13 098 783 бала тууды жоспарлаған (барбалаларын қоса есептегенде) 5 058 696 әйел оң жауап берген, солардың ішінде қалалық әйелдер 6 751 966 бала тууды (жоспарлаған барлық балалардың 51,5%), ал ауылдық жерлердегі әйелдер - 6 346 817 бала (48,5%) тууды жоспарлаған. Жалпы ел бойынша бір әйел бүкіл репродуктивті кезеңде тууды жоспарлаған баланың саны 2,6 баланы құрайды, соның ішінде қалалық жерлерде - 2,3, ауылдық жерлерде - 3,0 баладан. Кіші жас топтарындағы әйелдермен (15-24 жас тобындағы әйелдер 2,0-2,3 бала тууды жоспарлаған) салыстырғанда жоғары жас тобындағы әйелдердің тууды жоспарлаған орташа бала санының көрсеткіштері жоғары (25-55 жас тобындағы әр әйел орта есеппен 2,6-2,9 бала тууды жоспарлаған).



Әйелдердің жас топтары бойынша бала тууды жоспарлау үлесі былайша болды: 20-24 жас тобындағы әйелдер 1 936 513 бала (14,8%), 25-29 жастағылар - 1 778 019 бала (13,6%), 30-34-жастағылар - 1 711 815 бала (13,1%) және 50-55-жастағылар - 1 347 187 (10,3%) бала тууды жоспарлаған.

Тууды жоспарланған балалардың саны (бар балаларды есептегенде) 5 821 279 баланы құрайды, соның ішінде қалалық жерлерде - 3 207 627 бала, ауылдық жерлерде - 2 613 652 бала. Халық санағын жүргізу мезетіне қарай ауылдық жерлердің әйелдерінде орта есеппен 3,0 баладан, ал қалалық жерлердегі әйелдерде - 2,3 баладан болған.

6. Халықтың білім деңгейі

6.1. Білім деңгейі

Білім «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының аса маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстанда көптеген реформалар қабылданып, іске асырылуда, олар білім жүйесін жетілдіруді және елдің адам әлеуетінің сапасын үздік білім алу арқылы жақсартуды мақсат тұтады.

Халықтың жоғары білім алу деңгейі Қазақстан Президенті қойған әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіру сияқты мақсатқа жету жолындағы аса маңызды факторлардың біріне жатады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, адам капиталына, атап айтқанда халықтың біліміне инвестициялар, экономика, қоғам мен мемлекет үшін елеулі қайтарым жасауға септігін тигізді. Мемлекет Басшысы сөйлеген сөздерінің бірінде былай деді: «Білім-жеке адамның да, сондай-ақ жалпы елдің де құндылығы және табыстың негізі».

Білімді халық-мемлекеттің әлеуеті, сол арқылы ғылыми әзірлемелерді, инновациялар мен технологияларды енгізуге болады, олар тек ғылыми ғана емес, сонымен бірге ең бірінші кезекте елдің экономикалық дамуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан қазір халықтың сауаттылық деңгейін арттыру мен әр деңгейлердегі және жан-жақты білім алуға орасан үлкен мән беріледі.

Санақаралық кезеңде (1999-2009 жж.) халықтың білім алу деңгейі айтарлықтай артты, әсіресе ол жоғары, аяқталмаған жоғары және арнайы орта білімі бар халықтың саны мен құрамынан анық байқалды.

6.1.1 кесте. Білім деңгейлері бойынша халық

	1999		2009	
	адам	1000 адамға	адам	1000 адамға
15 және одан жоғары жастағы халық	10693665	x	12156705	x
олардың білімдері:				
жоғары білім	1350982	126	2407523	198
аяқталмаған жоғары білім	183283	17	380003	31
арнайы орта білім	2394445	224	3039965	250
жалпы орта білім	3915210	366	4074026	335
негізгі орта білім	1919888	180	1621460	133
бастауыш білім	796509	74	594546	49

Әрбір 1000 адамға есептегенде: 15 және одан жоғары жастағы жоғары білімді 198 адам (1999 жылы-126); аяқталмаған жоғары білімді 31 адам және арнайы орта білімді 250 адам келеді (1999 жылы тиісінше -17 және 224). Осы аталған білім деңгейіне елдегі 15 және одан жоғары жастағы



халықтың 47,9% ие, ал 1999 жылы осы көрсеткіш 36,7% болған еді. Қазақстан Республикасының Конституциясы елдің әр азаматына тегін орта білімді кепілдейді, әрі ол міндетті болып табылады. Жоғары, аяқталмаған жоғары және арнайы орта білім алған халықтың барлық төменгі сатыдағы білімдері бар болғандықтан, жалпы орта, негізгі орта және бастауыш білім алған халық үлесінің төмендеуі байқалады, бірақ ол келеңсіз фактор болып табылмайды, керісінше, кейінгі онжылдықта халықтың жалпы білім деңгейінің артқанын білдіреді.

1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы орта білімі бар халықтың саны 366-дан 335-ке дейін (1000 адамға шаққанда), негізгі орта білімі барлар-180-нен 133-ке дейін, ал бастауыш білімі барлар-74-

тен 49-адамға дейін кеміді. Сонымен қатар, жалпы орта білімі бар халықтың абсолютті деректері диаметралды-158 816 адамға өсті.

Сондай-ақ халықтың ғылыми әлеуетінің өсуі байқалады, мәселен, 5 049 адам ғылым докторы ғылыми дәрежесіне ие болды (ХС1999 жылы-2 223 адам), яғни 10 жылдың ішінде ғылым докторларының саны 2 еседен артық өсті; 17 506



адам-ғылым кандидаттары (ХС1999-10 393 адам) немесе 1,7 есе артты және 1 687 адам – PhD докторлары (PhD докторы ғылыми дәрежесі санақ парақтарына 2009 жылы ғана енгізілді).

Санақтың деректері бойынша 50 мыңнан аса адамның 2 және одан көп жоғары білімі бар, олардың 23,8 мыңы-еркектер (46%), ал 27,5 мыңы-әйелдер (54%).

Республиканың негізгі білім беретін орталықтары болып табылатын Алматы және Астана қалаларындағы халықтың білім деңгейлері ең жоғары, өйткені осы қалаларда жоғары оқу орындарының ең көп саны шоғырланған (2009 жылы ЖОО саны Алматыда - 52 және Астанада - 12 бірлік болды).

Елдің білім алу және ғылыми әлеуетінің артуына республикада жеке оқу орындары санының көбеюі, халықаралық оқу орындары мен олардың филиалдарының қызметі, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының «Болашақ» бағдарламасы және басқа да халықаралық білім беру гранттары мен стипендиялары бойынша арта түскен мүмкіндіктері немесе ақылы негізде өз бетінше оқу септігін тигізді.

6.2. Сауаттылық деңгейі.

Санақтарды халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізу кезінде сауаттылық ұғымы адамның күнделікті тіршілігіне қатысты қысқа *қарапайым мәтінді оқи, түсіне және жаза білу* қабылетін білдіреді.

2009 жылғы санақ Қазақстанның барлық халқы дерлік жаппай сауатты мемлекет болып табылатынын тағы да растады. Бұл Қазақстанның елдегі сауаттылық пен білім деңгейін арттыру мақсатына бейімділігін куәландырады. Ел Стратегия-2030, білім мен ғылымды дамытуға бағытталған, Мыңжылдықтың Даму Мақсаттары бағдарламалары мен Президент жарлықтары арқылы қол қойылған, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларымен қабылданған басқа да стратегиялық құжаттары белгілеген барлық міндеттерді кезең бойынша іске асырып келеді.

6.2.1 кесте. Халықтың негізгі жас топтары бойынша сауаттылық деңгейі

	Барлық халық			Қала халқы			Ауыл халқы		
	екі жыныста	еркектер	әйелдер	екі жыныста	еркектер	әйелдер	екі жыныста	еркектер	әйелдер
9-49 жастағы халықтың сауаттылығы									
1999	99,9	99,9	99,9	99,9	99,9	99,9	99,8	99,8	99,9
2009	99,8	99,8	99,8	99,9	99,8	99,9	99,7	99,7	99,8
15 және одан жоғары жастардағы халықтың сауаттылығы									
1999	99,5	99,8	99,3	99,5	99,8	99,5	99,3	99,7	99
2009	99,7	99,8	99,7	99,8	99,9	99,8	99,6	99,7	99,5

2009 жылғы халық санағы кезінде елдегі 15 және одан жоғары жастағы 32 мыңнан аса адамның (0,3%) сауатсыз екені анықталды.

6.3. Компьютерлік сауаттылықтың деңгейі.

Әлемдік қоғамдастықты ақпараттандыру мен компьютерлендірудің артуына байланысты, Қазақстанда да ақпараттық технологияларды дамыту мен таратуға орасан зор мән беріледі. Халық компьютерлік машықтарды меңгермесе, осы міндеттерге қол жеткізу мүмкін емес.

Сондай-ақ Қазақстанның 2020 жылға қарай 90% білім беретін ұйымдарды электрондық оқумен қамтуды ұйғарып отырғанын атап өту керек.

2010 жылғы халықтың және тұрғын үй қорының санағын жүргізу жөніндегі Еуропалық Статистиктер конференциясының ұсыныстары бойынша компьютерлік сауаттылық «күнделікті міндеттерді орындау үшін негізгі компьютерлік қосымшаларды пайдалана білуге қабілеттілік» ретінде белгіленді.

6.3.1 кесте. Халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі (15 және одан жоғары жастағылар)


	Мәтінді тере және редакциялай білетіндер		Электронды пошта мен Интернетті меңгергендер		Басқа бағдарламаларды меңгергендер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Барлық халық	4126991	33,9	2493122	20,5	2207635	18,2
Еркектер	1881676	32,8	1159782	20,2	1025816	17,9
Әйелдер	2245315	35,0	1333340	20,8	1181819	18,4

2009 жылғы санақ жүргізу мезетінде мәтінді тере және редакциялай білетін елдегі барлық халықтың (15 және одан жоғары жастағы) үлес салмағы 33,9%-ды, электронды пошта мен Интернетті, сондай-ақ басқа да бағдарламаларды меңгергендер-тиісінше 20,5% және 18,2%-ды құрады.

Жекелеген жас топтары бойынша компьютерлік сауаттылықтың деңгейінде біршама айырмашылықтар бар. Мәселен, 15-19 және 20-24 жас топтарындағы жас адамдардың компьютерлік сауаттылық деңгейі басқалардан жоғары. Осы жас топтарында электронды мәтінді тере және редакциялай білетіндердің үлесі тиісінше 23,8% бен 21,1%-ды, электронды пошта мен Интернетті меңгергендер - 22,3% және 23,3%-ды, басқа бағдарламаларды меңгергендер - 21,9% және 22,7%-ды құрады. Бұл ретте гендерлік құрамда елеулі айырмашылықтар бар: әйелдер компьютерлік сауаттылықтың негізгі 2 машығы бойынша көптеген жас топтарында еркектерден басым түседі.

6.3.1 сурет. Жынысы және жас топтары бойынша мәтінді тере және редакциялай білетіндер

пайызбен




Алайда, мәтінді тере және редакциялай білетін әйелдердің үлесі 60 және одан жоғары жастан бастап төмендейді де, керісінше, компьютерде жұмыс істей білетін осы жастардағы еркектер үлесінің өсуі байқалады.

Электронды пошта мен Интернетті меңгерген халықтың жынысы бойынша жас құрылымында да

осындай үрдіс байқалады.

6.3.2 сурет. Жынысы және жас топтары бойынша электронды пошта мен Интернетті меңгергендер. пайызбен



6.4. Оқумен қамту

Оқу орындарына бару мен білім деңгейі туралы сұрақтар халыққа 6 жастан бастап қойылды (мектепке баратын жас). 2009 жылғы халық санағының деректері бойынша 6 және одан жоғары жастағы 14 273 361 адамның 3 472 752 адамы оқу орындарына барған (24,3%).

6.4.1 кесте. Халықты біліммен қамту

пайызбен

	Барлығы	олардан келесі оқу орындарына барған:				Біліктілікті арттыру курстары
		Жалпы білім беретін мектептер	Кәсіптік-техникалық оқу мекемелері	ЖОО-лар	ЖОО білімінен кейінгі мекемелер	
Барлығы	100	67,4	12,0	16,6	0,4	2,8
олардың ішінде:						
6-9	100	95,0	0,0	0,0	0,0	0,0
10-14	100	100,0	0,0	0,0	0,0	0,0
15-19	100	49,3	30,1	20,8	0,0	0,4
20-24	100	0,0	15,9	79,6	1,7	3,3
25-29	100	0,0	14,8	56,6	6,1	23,9
30 және одан жоғары жастағылар	100	0,0	14,7	27,8	4,2	55,3

Халықтың 6 және одан жоғары жастағы жалпы санының 67%-ы жалпы білім беретін оқу орындарында оқыған. Жалпы білім беретін оқу орындарына барған адамдардың жалпы санында 6-9 жастағылар - 95%-ды, 10-14 жастағылар - 100%-ды және 15-19 жастағылар - 49,3%-ды құраған. Кәсіптік-техникалық оқу мекемелерінде халықтың 12%-ы оқыған, олардың ішінде 15-19 жастағылардың үлесі жоғары (30,1%). ЖОО-ында елдің 6 -дан жоғары жастағы халқының 16,6%-ы оқыған, олардың 80%-ға жуығын 20-24 жастағылар құраған, сондай-ақ 25-29 жас тобындағылардың да үлес салмағы біршама жоғары (56,6%). ЖОО-дан кейінгі білім 25-29 және 30 жас пен одан жоғары жас топтары үшін тән - тиісінше 6,1% және 4,2%. Ел халқының 3%-ға жуығы біліктілікті арттыру курстарында оқыған, солардың арасында 30 және одан жоғары жастағы халықтың үлесі жоғары (55,3%).

10 ЕНДІРМЕ

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мектепке дейінгі ұйымдарының саны 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 4 еседен көп ұлғайды және 4781 бірлікті құрады (2000 жылы-1089). Мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалардың саны 2 еседен аса өсті және 271,9 мың адамды құрады (2000 жылы-133,2 мың адам).

Елде мектепке дейінгі мекемелерге 224 507 бала барған, ол 0-7 жастағы балалар санының 10,2%-ын құрайды.

7. Халықтың көші-қоны

7.1. Көші-қонның жалпы құрылымы

2009 жылғы халық санағында халықтың көші-қоны жөніндегі дерек көздері 3С санақ парағының мына сұрақтары болды: «Сіз туғаннан бері осы елді мекенде тұрасыз ба?», «Бұрынғы тұрған жеріңіз»; «Сіз оралмансыз ба?», «Күнделікті тұратын жерге келген датасы» (осында тұруға қашан келдіңіз?)», «Сіз басқа елдерде бір жыл немесе одан да көп уақыт тұрдыңыз ба?». Осы сұрақтар Қазақстан Республикасының өңірлеріне елдің және әлемдегі мемлекеттердің басқа өңірлерінен келген халықтың саны, жынысы, жасы, туған жері, неке жағдайы, білімі, азаматтығы, ұлты, экономикалық белсенділігі, тұрған уақытының ұзақтығы, бұрынғы тұрған жері және т.б. бойынша сипаттауға арналған.



Санақтың қорытындылары бойынша ел халқының жалпы санынан 10 033 419 адам (жалпы санының 62,7%) өз өңірлерінде туған және сонда тұрақты тұрады, ал 5 976 178 адам (37,3%) тұратын жерлерін өзгерткен, әрі 3031895 адам немесе тұрақты тұратын жерлерін өзгерткен халық санының 50,7%-ы тұратын жерлерін 1999-2009 жылдар арасында өзгерткен.

7.1.1 кесте. Халықтың көші-қонының жалпы қорытындылары


	Барлық халық, адам	олардың ішінде тұрақты тұратын жерлерінде ұдайы тұратындар (ТТЖ)			
		туғаннан бері		туғаннан бері емес	
		адам	%	адам	%
Барлық халық	16009597	10033419	62,7	5976178	37,3
Ерлер	7712224	5050111	65,5	2662113	34,5
Әйелдер	8297373	4983308	60,1	3314065	39,9
Қала халқы	8662432	4735542	54,7	3926890	45,3
Ерлер	4055341	2306238	56,9	1749103	43,1
Әйелдер	4607091	2429304	52,7	2177787	47,3
Ауыл халқы	7347165	5297877	72,1	2049288	27,9
Ерлер	3656883	2743873	75,0	913010	25,0
Әйелдер	3690282	2554004	69,2	1136278	30,8

Жалғасы

	Туғаннан бері тұрмайтындардың қатарынан 1999-2009 жылдар арасында ТТЖ-ге келгендер, адам	олардың ішінде:				тұратын жерлерін республика ішінде өзгерткендер:	
		ТМД елдерінен		басқа елдерден келгендері		адам	%
		адам	%	адам	%		
Барлық халық	3031895	542781	17,9	107881	3,6	2381233	78,5
Ерлер	1430882	265406	18,5	58285	4,1	1107191	77,4
Әйелдер	1601013	277375	17,3	49596	3,1	1274042	79,6
Қала халқы	1973039	269398	13,7	35877	1,8	1667764	84,5
Ерлер	932898	131377	14,1	20906	2,2	780615	83,7
Әйелдер	1040141	138021	13,3	14971	1,4	887149	85,3
Ауыл халқы	1058856	273383	25,8	72004	6,8	713469	67,4
Ерлер	497984	134029	26,9	37379	7,5	326576	65,6
Әйелдер	560872	139354	24,8	34625	6,2	386893	69,0

Туғаннан бері тұратындардың жалпы санынан 4 735 542 адам қала халқын (туғаннан бері тұратындардың жалпы санының 47,2%) және 5 297 877 адам ауыл халқын (52,8%) құрайды. Туғаннан бері тұрмайтындардың санынан 3 926 890 адам (туғаннан бері тұрмайтындардың жалпы санының 65,7%) қалаларда, ал 2 049 288 адам (34,3%) ауылдарда тұрады. Кейінгі он жылдықта көшіп-қонушылардың (мигранттардың) айтарлықтай бөлігі, негізінен қала халқының санын арттырды. Мәселен, қалалық жерлерге 1 973 039 адам (көшіп келгендер санының 65,1%), ал ауылдық жерлерге - 1 058 856 адам (34,9%) келді.

7.1.1 сурет. 1999-2009 жылдарда келген, тұрақты тұратын жерлерінде туғаннан бері емес тұратын халықтың жас топтары бойынша үлес салмағы



7.2 Сыртқы көші-қон

Санақаралық кезең ішінде республика аумағына 650 662 адам көшіп келді, солардың ішінде 542 781 адам немесе 83,4% ТМД елдерінен, 107 881 адам немесе 16,5% басқа елдерден келді.

11 ЕНДІРМЕ

1991-2010 жылдарда республикаға 1,4 млн адам келіп, 3,4 млн адам елден тыс жерлерге кетті, соның нәтижесінде халықтың көші-қондық кемуі 2 млн-нан астам адамды құрады. 2004 жылы Қазақстанда кейінгі 36 жылдың ішінде бірінші рет көші-қонның оң сальдосы қалыптасты. Ол 2,8 мың адамды құрап, қазір де сақталып отыр (2010 жылы көші-қон сальдосы +15465 адамды құрады).

Санақтың деректері бойынша санақаралық кезең ішінде (1999-2009 жж.) ТМД елдерінен келгендердің үлкен үлесін Өзбекстаннан көшіп қонушылар - 58,8%-ды, Ресейден-20,6%-ды, Түркіменстаннан -10,7%-ды және Қырғыз Республикасынан келгендер-5,4%-ды құрады.

Әлемнің басқа елдерінен келгендердің көпшілігі Қытайдан - 52,6% және Монголиядан – 24% қоныс аударды.

7.2.1 сурет. Жеке ұлттар бойынша 1999-2009 жылдарда тұрақты тұруға келген халық.



1999-2009 жылдардағы көші-қон ағындары құрылымында қазақтар мен орыстар елеулі бөлікті құрайды, олардың үлесіне көшіп қонушылардың жалпы санынан тиісінше 73,9% және 12,2% келеді. Өзбектердің, украиндардың, ұйғырлардың, татарлардың, немістердің, корейлердің, түріктердің, әзірбайжандардың және белорустардың үлес салмағы - 8,5%-ды, қалған этностардың үлесі - 5,4%-ды құрайды. ТМД елдерінен келгендердің көпшілігі қазақтар, олардың үлесі - 72,1%.

12 ЕНДІРМЕ

1977 жылы желтоқсанда ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы қабылданды, соған сәйкес «оралмандар» ұғымы енгізілді, яғни Қазақстан егемендік алған кезде ел аумағынан тыс тұрақты тұрған этностық репатриант - қазақтар және олар Қазақстанға тұрақты тұру мақсатымен қоныс аударды. 1993 жылы бірінші жылдық квота белгіленді, квота бойынша 10 000 отбасының келуі немесе репатриациясы жүзеге асырылды. (шамамен 40 000 адам). Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты 2002 жылдан бастап, квотаның мөлшері айтарлықтай өсіп, 2005 жылы 15 мың отбасын құрады, қазір ол жылына 20 мың отбасына дейін ұлғайды.

Санақаралық кезең ішінде оралмандар Қазақстанға негізінен Өзбекстаннан, Монголиядан, Түркіменстаннан, Қытай мен Ресейден көп келді. Сондай-ақ Ираннан, Туркиядан, Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Қырғызстан мен Тәжікстаннан келген оралмандар да бар, оралмандардың шағын бөлігі ТМД-ның басқа елдерінен, Шығыс Еуропадан, Дания мен Израильден қоныс аударды.

ТМД елдерімен көші-қонның үлкен қозғалысы орыстар мен өзбектер арасында байқалды, олардың үлесі Қазақстанға тұрақты тұруға келген халықтың тиісінше 13,9% және 3,0% -ын құрады. Орыстар негізінен Ресейден – 80,6%, ал өзбектер Өзбекстаннан (89,4%) көшіп келді.

Тұратын жерлерін өзгерткен халықтың арасында ТМД елдерінен келгендердің ең үлкен үлес салмағы Оңтүстік Қазақстан (19,5%), Маңғыстау (18,1%) және Алматы (13,0%) облыстарында белгіленді.

ТМД-дан тыс елдерден келген адамдардың арасында ең үлкен үлесті қазақтар- 82,8% құрады, олар негізінен Қытайдан - 60,6% және Монголиядан - 28,5% қоныс аударды .

Жалпы алғанда әлемнің басқа елдерінен Қазақстанға көшіп келген өзбектердің, украиндардың, ұйғырлардың, татарлардың, немістердің, корейлердің, түріктердің, әзірбайжандар мен белорустардың үлесі 11,5%-ға жуық шаманы құрады.

Әлемнің басқа елдерінен келгендердің жартысынан көбі Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарына қоныстанды, олар негізінен Қытайдан қоныс аударғандар, олардың үлесі аталған өңірлерге келгендер санының тиісінше 72,3% және 86,0%-ын құрады.

Санақаралық кезеңде Қазақстанда *туғаннан бері емес* тұратын адамдар ТМД және әлемнің басқа елдерінен келіп, қалалық жерлермен салыстырғанда ауылдық жерлерге көбірек қоныстанды. Ауылдық жерлерге иммигранттардың тиісінше 25,8% және 6,8%, ал қалалық мекендерге – тиісінше 13,7% және 1,8% көшіп келді.

7.2.1 кесте. Халықтың жекелеген жас топтары бойынша сыртқы көші-қоны

	Барлық халық, адам	олардың ішінде, тұрақты тұратын жерде ұдайы тұратындары							
		туғаннан бері, адам	туғаннан бері емес, адам	солардың 1999-2009 жылдарда келгендері					
				барлығы, адам	үлесі %	тмд елдерінен адам	үлесі %	басқа елдерден келгендер, адам	үлесі %
Барлық халық	16009597	10033419	5976178	650662	100	542781	100	107881	100
олардың ішінде жасы бойынша:									
0-9	2635355	2337604	297751	69757	10,7	56917	10,5	12840	11,9
10-19	2762532	2004891	757641	120424	18,5	101657	18,7	18767	17,4
20-29	2947399	1815238	1132161	154659	23,8	126702	23,3	27957	25,9
30-39	2355105	1354312	1000793	119150	18,3	99308	18,3	19842	18,4
40-49	2169095	1151825	1017270	84413	13,0	71328	13,1	13085	12,1
50-59	1581952	753384	828568	52208	8,0	44010	8,1	8198	7,6
60-69	813625	341357	472268	26574	4,1	22347	4,1	4227	3,9
70 +	744534	274808	469726	23477	3,6	20512	3,8	2965	2,7

Санақаралық кезеңде қоныс аударған халықтың ең қомақты үлесі 20-29 жас тобындағы белсенді

репродуктивті тұлғаларға келеді, олар ел аумағына келгендердің 23,8%-ын құрады. Осы жастағы тұлғалардың 23,3% ТМД елдерінен, ал 25,9% - әлемнің басқа елдерінен келді. Осы позициялар бойынша 10-19 жас тобындағы және басқа да репродуктивті жастардағы (30-39 жас) адамдардың үлесі жоғары. Жоғары жас топтарындағы (50 және одан жоғары жас) халықтың көші-қон қозғалысы сиректеу.

7.3. Ішкі көші-қон

1999-2009 жылдар арасында Қазақстанның бір өңірінен басқаларына көшіп-қонуы жаппай сипат алды. Оған негізінен жаңа елорда-Астананың құрылуы және осыған байланысты қалаға елдің түгелдей дерлік мемлекеттік аппаратының көшірілуі, әрі оның серпінді дамуы, сондай-ақ еліміздің оңтүстік астанасы-Алматы, бірқатар облыстардың орталықтары-Атырау, Ақтау, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда сияқты қалалардың қарқынды өсіп-өркендеуі себеп болды. Мұнай және газ кеніштерінің ашылуы, үлкен құрылыс «дүрлікпесі», экономиканың түрлі салаларында, әсіресе сауда мен қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарының қалыптастырылуы да осы өңірлерге ішкі мигранттарды, негізінен еңбекке жарамды жастағы адамдарды, көптеп тартты. Халық осы өңірлерге жұмыс іздеп барды немесе өзінің экономикалық және әлеуметтік сәттілігінің кепілі ретінде тұрақты тұруға қоныс аударды.




7.3.1 кесте. Халықтың өңірлер бойынша көші-қонының жалпы қорытындылары

	Барлық халық, адам	олардың ішінде тұрақты тұратын жерде ұдайы тұратындары олардың ішінде 1999-2000 жж. келгендері			
		туғаннан бері, адам	туғаннан бері емес, адам	Қазақстанның өңірлерінен, адам	
				Қазақстанның өңірлерінен, адам	үлес салмағы %
Қазақстан Республикасы	16009597	10033419	5976178	2381233	39,8
Ақмола	737495	366073	371422	146182	39,4
Ақтөбе	757768	477128	280640	135450	48,3
Алматы	1807894	1110319	697575	283426	40,6
Атырау	510377	438829	71548	36493	51,0
Батыс Қазақстан	598880	381808	217072	98846	45,5
Жамбыл	1022129	754913	267216	85498	32,0
Қарағанды	1341700	797007	544693	166284	30,5
Костанай	885570	456376	429194	148601	34,6
Қызылорда	678794	572480	106314	43740	41,1
Маңғыстау	485392	233551	251841	49958	19,8
Оңтүстік Қазақстан	2469357	1947660	521697	198797	38,1
Павлодар	742475	400947	341528	98731	28,9
Солтүстік Қазақстан	596535	352095	244440	76437	31,3
Шығыс Қазақстан облыстары	1396593	890114	506479	172136	34,0
Астана қ.	613006	181277	431729	291814	67,6
Алматы қ.	1365632	672842	692790	348840	50,4

Өздерінің тұрақты тұратын жерлерінде ұдайы тұрған байырғы тұрғындардың ең үлкен үлесі Атырау (86,0%), Қызылорда (84,3%), Оңтүстік Қазақстан (78,9%) және Жамбыл (73,0%) облыстарында белгіленді. Ақмола (49,6%), Маңғыстау (48,1%) облыстарындағы және Алматы қаласындағы (49,3%) тұрғындардың жартысынан азы, ал Астана қаласындағы халықтың үштен бір бөлігі ғана байырғы тұрғындар болып табылады. Елдің қалған өңірлерінде өздерінің тұрақты тұрғылықты жерлерінде ұдайы тұратын халықтың үлесі 51,4%-дан 63,8%-ға дейін ауытқып тұрды.

7.3.1 сурет. Өздерінің тұрақты тұратын жерлерінде туғаннан бері және туғаннан бері емес ұдайы тұратын халықтың үлес салмағы

пайызбен



Кейінгі онжылдықта (1999-2009 жж.) ел бойынша бір өңірден басқаларына көшкен халықтың үлес салмағы жалпы алғанда 39,8%-ды құрады. Бұл орайда Астана қаласына (67,6%), Алматы қаласына (50,4%), Атырау (51,0%), Ақтөбе (48,3%), Батыс Қазақстан (45,5%), Қызылорда (41,1%) және Алматы (40,6%) облыстарына келгендердің үлес салмағы жоғары екенін атап өткен жөн.

7.3.2 кесте. Халықтың жекелеген жас топтары бойынша өңіраралық көші-қоны

	Тұрақты тұратын жерінде тұрғылықты тұратындар			
	туғаннан бері, адам	туғаннан бері емес, адам	туғаннан бері емес тұратындардың жалпы санынан 1999-2009 жылдарда келген адамдар	үлес салмағы %
Барлық халық	10033419	5976178	2381233	39,8
Соның ішінде жас бойынша				
0-9	2337604	297751	227980	76,6
10-19	2004891	757641	466562	61,6
20-29	1815238	1132161	688655	60,8
30-39	1354312	1000793	430974	43,1
40-49	1151825	1017270	287223	28,2
50-59	753384	828568	154735	18,7
60-69	341357	472268	70674	15,0
70 +	274808	469726	54430	11,6

Ел ішінде тұрақты тұратын жерін санақаралық кезеңде өзгерткендердің айтарлықтай икемділігі еңбекке жарамды жастағы адамдарға, сондай-ақ мына жас топтарындағы: 0-9 жастағы - 76,6%, 10-19 жастағы - 61,6%, 20-29 жастағы - 60,8% халыққа тән. 70 және одан жоғары жастағы адамдардың көші-қон қозғалысына қатысуы сирегірек.

8. Экономикалық белсенділік

2009 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша халықтың жұмыспен қамтылуы туралы деректер «Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуы» үш томдық статистикалық жинақта жарияланды. Жинақтың бірінші томында жалпы Қазақстан Республикасындағы 1999-2009 жылдар арасында жұмыспен қамтылған халықтың жынысы, жасы, білім деңгейі, некелік жағдайы мен ұлты бойынша деректер келтірілген. Екінші томда жұмыстарының түрі, жастарына, білім деңгейлеріне, некелік жағдайларына қарай бөлу бойынша сипаттамалар, сондай-ақ экономика салаларындағы жұмыспен қамтылғандардың жастары, білім деңгейлері, некелік жағдайлары, ұлттары, негізгі жұмыс орны мен жұмысқа жету тәсілдері туралы деректер берілген. Үшінші томда өңірлер бойынша жұмыспен қамтылған халықты сипаттайтын деректер мазмұндалады.



8.1. Жыныс және жас бойынша жұмыспен қамтылған халық

Алдыңғы санақпен (1999ж.) салыстырғанда республикадағы жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,6 есе өсіп, 6 599 496 адамды құрады. Бұл ретте әйелдердің үлесі айтарлықтай артып (3,2 пайыздық пунктке), барлық жұмыспен қамтылғандардың 45,2%-ын құрады. Ауылдық жерлерде де жұмыспен қамту өсіп, ауылдық жердегі жұмыспен қамту 3,2 пайыздық пунктке (44,7%), жоғарылады.

8.1.1 кесте. Жұмыспен қамтылған халық

адам

	Екі жыныст		ерлер		әйелдер	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлық халық	4188441	6599496	2428080	3617960	1760361	2981536
Қала халқы	2452114	3648639	1316764	1926079	1135350	1722560
Ауыл халқы	1736327	2950857	1111316	1691881	625011	1258976

пайызбен

	екі жыныста		ерлер		әйелдер	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлық халық	100	100	58,0	54,8	42,0	45,2
Қала халқы	100	100	53,7	52,8	46,3	47,2
Ауыл халқы	100	100	64,0	57,3	36,0	42,7

пайызбен

	екі жыныста		ерлер		әйелдер	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлық халық	100	100	100	100	100	100
Қала халқы	58,5	55,3	54,2	53,2	64,5	57,8
Ауыл халқы	41,5	44,7	45,8	46,8	35,5	42,2


Халықтың жалпы санындағы 15 және одан жоғары жастағы жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 38,6%-ға өсіп, 54,3%-ды құрады. Бұл ретте жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі 1,5 есеге жуық артып (49,4%), 46,4%-ды, ал ерлердің үлесі үштен бір бөлікке көбейіп (30,7%), 63,1%-ды құрады.

13 ЕНДІРМЕ

2011 жылдың 2 тоқсанда Қазақстанда жұмыспен қамтылғандардың саны 8 204,4 мың адамды құрады және 2009 жылмен салыстырғанда 3,9 %-ға, 2010 жылмен салыстырғанда- 1,1%-ға өсті.

8.1.1 сурет. Халық санындағы 15 және одан жоғары жастағы жұмыспен қамтылған халықтың жынысы бойынша үлесі

пайызбен



Ең жұмысқа жарамды жастағы (25-54 жас) халықтың жұмыспен қамтылуы 70-77% арасында, соның ішінде олардың жалпы санында ерлер шамамен *бестен төртін*, ал әйелдер - шамамен *үштен екісін* құрайды. Тіпті зейнетке шыққаннан кейін де 65-72 жастағы ерлердің 14,1%-ы, ал 60-64 жастағы әйелдердің 11,9%-ы жұмыс істейді.

8.1.2 кесте. Халық санындағы жекелеген жас топтары мен жынысы бойынша жұмыспен қамтылған халықтың үлесі

пайызбен

	Екі жыныста		Ерлер		Әйелдер	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
15 және жоғары жастардағы барлық халық	39,2	54,3	48,3	63,1	31,1	46,4
олардың ішінде жастары бойынша, жас:						
15-19	8,8	12,1	11,7	14,6	5,8	9,5
20-24	39,0	55,5	46,8	64,0	31,2	47,0
25-29	51,4	70,1	61,6	80,3	41,4	59,9
30-34	56,0	72,8	66,3	82,0	45,9	63,9
35-39	59,4	75,2	68,0	82,4	51,2	68,4
40-44	61,9	76,8	69,1	82,4	55,2	71,5
45-49	60,8	75,7	68,8	81,1	53,8	70,9
50-54	52,3	71,3	65,5	78,1	41,0	65,4
55-59	25,4	55,8	45,4	72,0	9,8	43,0
60-64	8,1	28,5	14,7	51,1	2,9	11,9
65-72	2,6	9,0	4,0	14,1	1,6	5,7
73 және одан жоғары	0,3	1,4	0,4	2,1	0,2	1,0

8.2. Білімі бойынша жұмыспен қамтылған халық

Жұмыспен қамтылған халықтың білім деңгейі 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы айтарлықтай өсті. Мәселен, жоғары білімі бар жұмыспен қамтылған халықтың пайызы 28,3%-ға өсіп, жұмыспен қамтылған 1000 адамға шаққанда 272 адамды құрады, соның ішінде ерлер- 227 адам (31,2%-ға), әйелдер - 328 адам (23,8%-ға).

8.2.1 кесте. Білім деңгейі мен жынысы бойынша жұмыспен қамтылған халық.

1000 жұмыспен қамтылғандарға

	Екі жыныста		Ерлер		Әйелдер	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Жоғары	212	272	173	227	265	328
Аяқталмаған жоғары	14	20	14	19	15	21
Арнайы орта	296	297	253	280	355	316
Бастауыш кәсіптік	59	26	71	31	42	19
Жалпы орта	367	302	424	344	289	250
Негізгі орта	97	76	118	89	68	60
Бастауыш	13	8	16	10	8	7

Жұмыспен қамтылған жастардың білім деңгейі едәуір көп артты. Мәселен, 25-29 жастағы жұмыспен қамтылған жастардың 36,5%-ның жоғары білімі бар (1999 жылмен салыстырғанда 17,4%-ға өсті, 19,1% болатын). 20-24 жастағы жұмыспен қамтылған жоғары білімі бар жастардың үлесі де едәуір артып (14,7%-ға), 27,3%-ды құрады (бұрын 12,6% болды)

8.2.2 кесте. Білім деңгейі бойынша жекелеген жас топтарына қарай жұмыспен қамтылған халық
пайызбен

	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнайы орта	Бастауыш кәсіптік	Жалпы орта	Негізгі орта	Бастауыш
Барлық халық	27,2	2,0	29,7	2,6	30,2	7,6	0,8
соның ішінде:							
15-19	0,0	6,7	18,9	4,1	50,9	17,1	2,3
20-24	27,3	5,8	26,4	2,4	31,1	6,5	0,6
25-29	36,5	2,1	23,0	1,8	29,0	6,8	0,6
30-34	30,0	1,4	26,5	2,2	31,6	7,6	0,6
35-39	26,3	1,2	31,4	2,8	30,7	6,9	0,5
40-44	25,5	1,0	34,3	2,9	29,2	6,6	0,5
45-49	24,7	0,8	35,2	2,9	28,9	6,9	0,5
50-54	24,0	0,7	34,9	2,8	28,7	8,1	0,9
55-59	26,1	0,6	33,1	2,5	26,5	9,5	1,6
60-64	31,0	0,7	28,2	2,4	23,3	11,0	3,3
65-72	33,2	0,9	19,6	1,7	19,7	14,3	10,3
73 және одан жоғары	25,3	1,5	16,1	1,6	21,3	14,1	19,2

Республикада тұратын этностардың жұмыспен қамтылған халқы білім деңгейі бойынша біршама өзгешеленеді. Мәселен, жұмыс істейтін жоғары білімді адамдардың үлесі корейлерде өте жоғары (47,1%), ал дүнгендер мен күрдтерде едәуір төмен (тиісінше 8,9% және 8,3%). Қазақтардың үлесі орта деңгейден сәл жоғары (30,2%). Орыстарда, украиндарда, белорустарда, татарларда (37-39,3%) арнайы орта білімі бар қызметкерлердің үлесі республикалық орташа деңгейден анағұрлым жоғары, немістерде (33,8%) және поляктарда (33,9%) одан аздап төмен. Орта білімі бар жұмыс істейтіндердің айтарлықтай бөлігі дүнгендерден (68%), тәжіктерден (59,6%), өзбектерден (53,2%), сондай-ақ ұйғырлардан, түріктер мен күрдтер арасынан (46,1-48,8%) байқалды. Сондай-ақ орта білімі бар жұмыс істейтін адамдардың үлесі әзірбайжандарда, шешендер мен қырғыздарда орташа деңгейден едәуір жоғары (40,2-43,1%).

8.2.3 кесте. Білім деңгейлеріне қарай жеке ұлттар бойынша жұмыспен қамтылған халық
пайызбен

	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнайы орта	Бастауыш кәсіптік	Жалпы орта	Негізгі орта	Бастауыш
Барлық халық	27,2	2,0	29,7	2,6	30,2	7,6	0,8
соның ішінде:							
Қазақтар	30,2	2,1	25,9	2,3	32,1	6,8	0,7
Орыстар	24,4	1,9	39,3	3,1	22,5	7,9	1,0
Өзбектер	15,4	0,9	18,0	3,3	53,2	8,4	0,7
Украиндар	19,7	1,5	39,3	3,6	23,8	10,5	1,5
Ұйғырлар	17,1	1,6	22,4	1,7	47,9	8,4	0,9
Татарлар	27,2	2,2	37,0	3,0	22,1	7,6	0,9
Немістер	15,1	1,7	33,8	3,9	29,6	14,0	1,9
Корейлер	47,1	2,9	28,1	1,3	16,5	3,8	0,3
Түріктер	11,5	0,7	16,4	1,9	48,8	18,3	2,3
Әзірбайжадар	15,3	1,3	22,5	2,1	43,1	14,3	1,5
Белорустар	15,8	1,3	37,8	4,2	26,3	12,5	2,0
Дүнгендер	8,9	0,7	8,1	0,4	68,0	12,5	1,3
Күрдтер	8,3	0,8	10,9	1,0	46,1	28,1	4,6
Тәжіктер	10,5	1,2	9,7	1,8	59,6	15,2	1,9
Поляктар	19,6	1,7	33,9	4,6	26,0	12,2	2,0
Шешендер	16,6	2,0	22,3	1,9	40,2	14,4	2,6
Қырғыздар	20,8	1,8	21,8	2,0	43,2	9,2	1,1
Басқа ұлттар	22,4	1,9	32,0	2,9	27,1	11,6	2,0

8.3 Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық

Жұмыспен қамтылған халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылығында (17,9%), сондай-ақ білім және денсаулық сақтауда шоғырланған. Олардан кейін сауда (12,9%), өнеркәсіп (11,5%), құрылыс (8,9%), көлік пен байланыс (8,1%) салалары ілеседі. Мемлекеттік басқаруда барлық жұмыспен қамтылғандардың 6,5% -ы жұмыс істейді.

8.3.1 кесте. Экономика салалары бойынша жұмыспен қамтылған халықтың құрылымы

пайызбен



Жасқа қарай экономиканың салалары бойынша жұмыспен қамтуда елеулі дифференциация байқалады. Мәселен, халықтың жасының ұлғаюына қарай ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған адамдардың үлесі айтарлықтай өсе түседі. Сондай-ақ өнеркәсіпте де 45-64 жастағы адамдардың үлес салмағы орташа деңгейден жоғары, ал құрылыста керісінше, 15-34 жастағы жастардың үлесі басым. Білім, денсаулық сақтау, сондай-ақ көлік және байланыс салаларында жұмыс істейтін 35-64 жастағы адамдардың үлесі, ал қаржылық қызмет пен мемлекеттік басқаруда 20-34 жастағы жастардың үлесі біршама жоғары.

Саудада жұмыс істейтіндер арасында 15-44 жастағы жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы едәуір жоғары болса, ал коммуналдық қызмет көрсетуде 45-64 жастағылардың үлесі жоғары. Көрсетілетін басқа қызметтерде 15-29 жастағы жастар, сондай-ақ 65 және одан жоғары жастағы аға ұрпақ жұмыспен көбірек қамтылған.

8.3.1 кесте. Жеке жас топтары бойынша экономика салаларында жұмыспен қамтылған халық

пайызбен

	Ауыл шаруашылығы	Өнеркәсіп	Құрылыс	Білім, денсаулық сақтау	Көлік және байланыс	Қаржылық қызмет	Мемлекеттік басқару	Сауда	Коммуналдық қызметтер көрсету	Көрсетілетін басқа қызметтер	Басқасы
Барлық жұмыспен қамтылған халық соның ішінде жас бойынша:	17,9	11,5	8,9	15,4	8,1	3,1	6,5	12,9	3,8	10,9	1,1
15-19	28,8	7,6	10,9	5,5	5,0	1,7	6,3	16,2	3,2	13,7	1,1
20-24	15,8	10,8	10,2	12,5	7,2	4,4	8,1	14,5	3,3	12,1	1,2
25-29	15,0	11,0	10,1	13,8	7,7	4,8	8,2	13,7	3,2	11,2	1,3
30-34	16,7	11,2	9,6	14,6	7,8	3,6	7,2	13,8	3,4	10,8	1,2
35-39	17,1	11,2	8,8	16,2	8,2	2,8	6,6	13,8	3,7	10,6	1,1
40-44	17,6	11,3	8,2	17,2	8,8	2,4	6,1	13,3	3,9	10,2	0,9
45-49	18,5	12,3	8,0	17,5	9,1	2,3	5,0	12,3	4,2	10,1	0,8
50-54	19,9	13,2	7,2	17,6	9,1	2,1	4,8	10,6	4,7	10,1	0,8
55-59	20,7	13,9	7,1	17,9	9,0	1,9	5,0	8,4	5,0	10,3	0,8
60-64	24,3	14,1	7,4	16,4	8,7	1,5	5,2	5,6	5,1	10,7	0,9
65-72	37,5	8,1	5,3	17,2	4,1	1,3	3,7	6,0	3,6	12,0	1,2
73 және одан жоғары	40,6	6,6	5,9	11,5	4,3	2,5	3,6	7,8	2,5	13,5	1,2

ЖОО-нан кейінгі білімі бар адамдар негізінен білім және денсаулық сақтау салаларында (38,3%), сондай-ақ мемлекеттік басқаруда (14,1%), қаржылық қызметтерде (9,5%) және көрсетілетін басқа қызметтерде (9,6%) шоғырланған. Осы салаларда, сондай-ақ саудада негізінен жоғары білімі бар адамдар еңбек етеді.

Сауда және көрсетілетін басқа қызметтерде жұмыс істейтін аяқталмаған жоғары білімді адамдардың үлесі біршама жоғары (15,6%). Орта кәсіптік білімі бар адамдардың көпшілігі сауда, білім, денсаулық сақтау, өнеркәсіп және көрсетілетін басқа қызметтер салаларында жұмыс істейді. Бастауыш кәсіптік білім алғандар көбінесе ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, сондай-ақ сауда салаларында жұмыспен қамтылған.

Ортадан төмен білімі барлардың үштен біріне жуығы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Сондай-ақ олардың үлесі сауда, құрылыс, өнеркәсіп, көлік және байланыс салаларында жоғары.

8.3.2 кесте. Білім деңгейі бойынша экономика салаларында жұмыспен қамтылған халық

пайызбен

	Ауыл шаруашылығы	Өнеркәсіп	Құрылыс	Білім денсаулық сақтау	Көлік және байланыс	Қаржылық қызмет	Мемлекеттік басқару	Сауда	Коммуналдық қызметтер көрсету	Көрсетілетін басқа қызметтер	Басқасы
Барлық жұмыспен қамтылған халық	17,9	11,5	8,9	15,4	8,1	3,1	6,5	12,9	3,8	10,9	1,1
соның ішінде білім деңгейін көрсеткендер:											
ЖОО-дан кейінгі	4,4	7,1	4,0	38,3	4,3	9,5	14,1	5,2	1,4	9,6	2,2
Жоғары	4,7	10,2	6,0	28,5	6,2	7,8	12,8	10,4	2,5	9,9	1,0
Аяқталмаған жоғары	9,2	10,6	8,0	13,2	8,0	4,6	9,2	16,7	3,5	15,6	1,5
Арнайы орта	10,9	14,9	9,3	15,1	10,0	2,0	5,5	15,1	4,5	11,7	0,9
Бастауыш кәсіптік	24,6	14,3	10,4	8,8	10,3	0,9	3,1	10,9	5,2	10,6	0,9
Жалпы орта	31,1	9,9	10,7	7,1	8,1	0,7	3,1	13,5	4,2	10,4	1,1
Негізгі орта	36,0	9,6	9,7	6,0	7,5	0,6	2,6	11,0	3,9	11,5	1,6
бастауыш	52,3	6,4	7,0	4,3	4,7	0,6	1,5	7,7	3,2	10,8	1,7
Мектепке дейінгі	36,4	7,0	8,6	5,1	4,9	2,8	3,3	12,1	1,2	12,1	6,3
Сауатсыздар	61,8	3,2	4,5	2,6	1,6	0,3	0,7	10,4	2,3	10,9	1,8

Сондай-ақ жұмыспен қамтылған халықтың экономикалық салалар бойынша бөлінуінде де жекелеген этностар бойынша айырмашылықтар бар. Мәселен, жұмыспен қамтылған дүнгендер мен тәжіктердің үштен екісінен көбі (69,5%) ауыл шаруашылығымен айналысады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған поляктардың (37,2%), күрдтердің (36,6%), түріктердің (34,1) және бірқатар басқа да этностардың үлесі жоғары.

Орыстардың, украиндардың, белорустардың, татарлар мен немістердің (14-16,8%) өнеркәсіпте жұмыспен қамтылу деңгейі республикалық орташа деңгейден анағұрлым жоғары. Құрылыста түріктердің (14,6%) және өзбектердің (12,3%) үлесі басым.

Білім, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару салаларында басқа этностардың көрсеткішімен салыстырғанда, жұмыспен қамтылған қазақтардың, ал қаржылық қызмет пен көрсетілетін басқа қызметтерде корейлердің үлесі бәрінен де жоғары.

Көлік және байланыс саласында орыстар, татарлар мен күрдтер жұмыспен көбірек қамтылған.

42,1% қырғыздар саудада жұмыс істейді. Сондай-ақ осы салада жұмыспен қамтылған корейлердің (23,1%), әзірбайжандардың (20,9%), өзбектердің, ұйғырлардың, күрдтер мен шешендердің (17-20%) үлес салмағы біршама жоғары.

Коммуналдық қызметтер мен көрсетілетін басқа қызметтерде орыстар мен татарлардың үлесі айтарлықтай басым.

9. Халықтың күнкөріс қаражаттарының көздері

Халықтың күнкөріс қаражаттарының көздері туралы деректер «Қазақстан Республикасы халқының табыстары мен күнкөріс қаражаттарының көздері» статистикалық жинағында жарияланды. Жинақта халықтың табыс табуының мерзімділігі мен жыныс және жас бойынша ай сайынғы табыс мөлшерлері туралы деректер келтірілген. Халықтың күнкөріс қаражаттарының көздері барлық халық, қала және ауыл халқы бойынша келтіріліп, олар білім деңгейіне, некелік жағдайына, ұлттық құрамына, жұмыс түріне қарай сараланып-бөлінеді. Сондай-ақ өңірлер бойынша да халықтың күнкөріс қаражаттарының көздеріне сипаттамалар берілді.



9.1. Күнкөріс қаражаттарының көздері

Санактың қорытындылары бойынша 5 006 069 адам (халықтың жалпы санының 31,3%-ы) күнкөріс қаражаттарының көзі ретінде жалданатын жұмысты, 771 182 адам жалданбайтын жұмысты (4,8%) және 682 208 адам жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмысты атады (4,3%). Жиынтығында осы көрсетілген күнкөрістің үш қаражат көзі республикада жұмыспен қамтылған барлық халықтың санына шамамен сәйкес келеді.

9.1.1 сурет. Күнкөріс қаражаттарының көздері

	Барлығы, адам	олардың ішінде:				Халықтың жалпы санындағы үлесі,%	
		ерлер		әйелдер		ерлер	әйелдер
		адам	%	адам	%		
Барлық халық	16009597	7712224	48,2	8297373	51,8	48,2	51,8
олардан негізгі күнкөріс қаражаттарының көздерін көрсеткендері:							
жалданатын жұмыстан түсетін табыс	5006069	2706775	54,1	2299294	45,9	16,9	14,4
өз бетінше жұмыс істеуден түсетін табыс (жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыстан басқа)	771182	481078	62,4	290104	37,6	3,0	1,8
жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыс	682208	368578	54,0	313630	46,0	2,3	2,0
стипендия	160191	64268	40,1	95923	59,9	0,4	0,6
зейнетақы	1718196	522535	30,4	1195661	69,6	3,3	7,5
жәрдемақы	591864	186817	31,6	405047	68,4	1,2	2,5
Туған-туысқандардан немесе жақын адамдардан материалдық көмек	4795433	2270860	47,4	2524573	52,6	14,2	15,8
Жеке меншіктен түсетін табыс, дивидендтер, сыйақылар	70199	40861	58,2	29338	41,8	0,3	0,2
Өзгесі	1238999	618669	49,9	620330	50,1	3,9	3,9


Әлеуметтік трансферттерді (стипендия, зейнетақы және түрлі жәрдемақылар) 2 470 251 адам (15,4%), меншіктен түсетін табыстарды, дивидендтерді, сыйақыларды - 70 199 адам (0,5%) алған. Басқа табыс көздерін 1 238 999 адам (8,2%) көрсеткен.

Республика халқының үштен бір бөлігіне жуығын (4 795 433) күнкөріс қаражаттарының көздерін туған-туыстар мен жақын адамдарынан алатын материалдық көмекті көрсеткен адамдар құрады (олардың құрамында асыраудағы халық та есептелді, оның басым бөлігі 0-17 жастағы балалар болып табылады).

Күнкөріс қаражаттарының көздерін көрсеткендердің үштен бір бөлігі (31,3%) жалдамалы жұмыстан түсетін табысты атаса, ал 30,0%-ы (негізінен олар экономикалық белсенді емес халық) туған-туыстары мен жақын адамдарының материалдық көмегі арқылы өмір сүреді. Содан кейінгі күнкөріс қаражаттарының көзі зейнетақы (халықтың 10,8%) болып табылады.

Өз бетінше жұмыспен қамтылудан түсетін табысты осы сұраққа жауап бергендердің 4,8%-ы көрсетті. Жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыстан халықтың 4,5%-ы табыс табады. Жәрдемақыларға 3,9% халық қараса, 1,1%-стипендия алады. Меншіктен түсетін табыс, дивидендтер мен сыйақылар алатын халық 0,5% құрады. Сондай-ақ 7,8% халық басқа күнкөріс қаражаттарының көздеріне ие екенін атады.

9.1.1 сурет. Халықтың күнкөріс қаражаттары көздерінің құрылымы
пайызбен



9.2 Халықтың ай сайынғы табыс мөлшері

Осы сұрақ 2009 жылғы халық сауалнамасына бірінші рет енгізілді, өкінішке қарай күнкөріс қаражаттарының көздерін көрсеткен халықтың (15034,3 мың адам) бұл сұраққа жауап бергендерінің үлесі небәрі 44,2%-ын ғана құрады (6 644,1 мың адам). Табыстар туралы сұрақты халық жалпы алғанда барынша оң қабылдамады, оны осы талдау растайды.

Республика халқының үштен бірін ай сайын табыс табатын адамдар құрады, солардың қатарында 25-54 жастағы адамдар 56,1% -дан 59,8%-ға дейін. Халықтың 5% тұрақты табыс алмаған. Олардың қатарында 40-44 жастағы адамдар (9,2%) басым.

9.2.1 кесте. Халықтың жасы және табыстар алудың мерзімділігі бойынша құрылымы


пайызбен

	Барлығы	олардың ішінде табыс табатындары:			
		күн сайын	ай сайын	басқа мерзімділікте	тұрақты емес
Барлығы	100	1,5	32,5	2,5	5,0
олардың ішінде жасы бойынша:					
15 –ке дейін	100	0,0	0,2	0,1	0,1
15-19	100	0,6	7,8	1,4	2,6
20-24	100	1,9	43,8	3,4	6,6
25-29	100	2,5	56,1	4,0	7,6
30-34	100	2,9	57,1	4,2	8,6
35-39	100	3,2	58,8	4,4	9,0
40-44	100	3,3	59,8	4,5	9,2
45-49	100	2,9	59,3	4,5	9,1
50-54	100	2,3	56,1	4,2	8,8
55-59	100	1,4	45,3	3,0	6,4
60 және одан жоғары жас	100	0,2	10,0	0,4	0,9

Халықтың жалпы санында көпшілігі 15-25 мың теңге (барлық халықтың 9,5%-ы), сондай-ақ 25-35 мың теңге (9,1%) шамасында табыс табады. Халықтың 7,8%-ы табыстарының 5-15 теңгені және тағы 7,8% - 5-50 мың теңгені құрайтындарын көрсетті. Халықтың 4%-ы - табыстарының 50-100 мың теңге құрайтынын, 2,8%-ы - 5 мың теңгеден кем, ал 0,5%-ы - 100 мыңнан 1 млн. теңгеге дейін жететінін көрсетті.

9.2.1 сурет. Халықтың орташа айлық табысының мөлшері бойынша құрылымы

пайызбен



Егер абсолютті деректерді қарасақ, онда ай сайын 1 млн. теңгеден көп табыс табатын адамдардың бар екенін көреміз (3220 адам). Жалпы ел бойынша орташа табыс мөлшері айына 34 232 теңгені құрайды.

9.2.2 кесте. Халықтың ай сайынғы табыс мөлшері және жасы

адам

	Барлық халық	олардың бір айда шамамен алатын табысы, теңге:								Орташа табыс, теңге
		5000-нан кем	5000 - 15000	15000 - 25000	25000 - 35000	35000 – 50000	50000 – 100000	100000 – 1 млн.	1 млн және одан жоғары	
Барлығы	16009597	445971	1252225	1514495	1453159	1254511	642295	78247	3220	34232
олардың ішінде жасы бойынша:										
25 –ке дейін	7002977	116255	240826	270322	232796	166806	68710	5611	526	60476
25-29	1342309	55881	156255	206147	216741	191015	102602	12789	409	36423
30-34	1216304	55498	159523	191494	196126	174760	95203	13364	423	36611
35-39	1138801	51653	157192	187742	188802	169864	90028	11585	438	35860
40-44	1065799	49042	152453	181108	178549	161797	84940	10526	423	35456
45-49	1103296	50347	157540	187795	182039	163362	84359	10492	400	35045
50-54	888729	39569	124776	144990	136563	120362	60444	7236	313	33995
55-59	693223	21450	72784	90448	84785	75950	38480	4476	180	34595
60-64	422865	5597	21648	30606	25768	24257	13818	1661	65	36423
65-69	390760	327	4799	11299	5646	4009	2309	317	17	32983
70-74	370214	183	2578	7191	3202	1484	999	122	11	29804
75-79	185264	72	990	2823	1137	394	222	34	8	27702
80 және одан жоғары	189056	97	861	2530	1005	451	181	34	7	27999

10. Үй шаруашылықтары

10.1. Үй шаруашылықтарының құрылымы

2009 жылғы санақтың деректері бойынша елде 4 391 759 үй шаруашылықтары тұрады, алдыңғы (1999) санақпен салыстырғанда үй шаруашылықтарының саны 5,6%-ға артты. Үй шаруашылықтарының орташа мөлшері 1999 жылдағы сияқты 3,6 адамды құрады.

10.1.1 кесте. Үй шаруашылықтарының саны және түрлері бойынша үлесі

	Үй шаруашылықтары:					
	барлығы		қалалық		ауылдық	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Барлық үй шаруашылықтары, бірліктер	4160216	4391759	2679954	2712767	1480262	1678992
олардың ішінде:						
<i>Бір адамнан тұратын үй шаруашылықтары, %</i>	14,3	14,6	18,4	18,5	7,0	8,2
<i>Нуклеарлық үй шаруашылықтары, %</i>	61,6	52,9	60,6	51,7	63,4	54,8
олардың ішінде:						
балалы, баласыз ерлі-зайыптылардан тұратын үй шаруашылықтары, %	49,9	41,0	47,3	38,5	54,7	45,0
Ана мен балалардан тұратын үй шаруашылықтары %	10,7	10,3	12,3	11,6	7,9	8,3
Әк мен балалардан тұратын үй шаруашылықтары %	1,0	1,6	1,0	1,6	0,8	1,5
<i>Кеңейтілген үй шаруашылықтары, %</i>	22,6	29,8	19,2	26,3	28,7	35,5
<i>Құрамдас үй шаруашылықтары, %</i>	1,5	2,7	1,8	3,5	0,9	1,5



Елде нуклеарлық үй шаруашылықтары барынша кең тараған, олардың саны 2 321 978 бірлікті, немесе үй шаруашылықтардың жалпы санының 52,9%-ын құрады. Нуклеарлық үй шаруашылықтарының құрамында 1 800 992 *толық нуклеарлық отбасы* анықталды (балалы және баласыз ерлі-зайыптылардан тұратын), және олардың үлесі 77,6%-ды, *толық емес нуклеарлық отбасылар*-520 986 бірлік (22,4%) құрады. Ана мен балалардан тұратын үй шаруашылықтарының үлесі біршама жоғары - 452 730 және 19,5%. Толық емес нуклеарлық отбасылар негізінен ажырасудың немесе ерлі-зайыптылардың


біреуінің қайтыс болуына байланысты пайда болды. Бұл орайда 1 402 169 немесе 51,7% нуклеарлық отбасылар (үй шаруашылықтары) қалалық жерлерде және 919 809 немесе 54,8% - отбасы ауылдық жерлерде тұрады. Осы үй шаруашылықтарының орташа мөлшері тиісінше 3,2 және 3,9 адамды құрайды. ХС1999 жылмен салыстырғанда нуклеарлық үй шаруашылықтарының (отбасылардың) саны 9,4%-ға азайды. Толық отбасылардың саны 13,2%-ға кеміп, ал толық емес отбасылардың саны 6,8%-ға көбейді, әрі әке мен балалардан тұратын отбасылар санының едәуір - 60%-ға - ұлғайғанын атап өту қажет.

Өз құрамында нуклеарлық үй шаруашылығына туыскандықпен немесе жекжаттықпен (күйеуінің немесе әйелінің ата-анасы) байланысты басқа адамдары бар үй шаруашылықтары *кеңейтілген үй шаруашылықтарына* жатады. Солардың үлесіне үй шаруашылықтарының жалпы санының үштен біріне жуығы 1 311 265 немесе 29,8% келеді. Санақаралық кезеңде кеңейтілген үй шаруашылықтардың саны қалалық, сондай-ақ ауылдық жерлерде шамамен 40%-ға көбейді. Қалалық жерлерде 714 763 немесе 26,3%, ал ауылдық жерлерде - 596 502 немесе 35,5% кеңейтілген үй шаруашылықтары болған. Осындай үй шаруашылықтардың орташа мөлшері тиісінше 4,6 және 5,9 адамды құраған.

Нуклеарлық үй шаруашылығына туыскандық немесе жекжаттық қатынастары жоқ, бірақ солармен бірге үй-жайда немесе үй шаруашылығында тұратын мүшелері бар, немесе туған-туыстардан тұрмайтын үй шаруашылықтары құрамдас болып табылады. Құрамдас үй шаруашылықтарының саны 1,9 еседен аса өсті және 118 626 бірлікті немесе үй шаруашылықтарының жалпы санының 2,7%-ын құрады. Қалалық жерлерде 93 813 (79,1%), ал ауылдық жерлерде - 24 813 (20,9%) құрамдас үй шаруашылықтары болды.

Елде бір адамнан тұратын 639 890 немесе 14,6% үй шаруашылықтары тұрады. Өткен он жылдықта олардың саны 7,7 %-ға өсті.

10.1.1 сурет. Санақаралық кезеңде түрлері бойынша үй шаруашылықтары санының өзгеруі
пайызбен



Санақаралық кезеңде үй шаруашылықтарының құрамында елеулі жылжулар бола қойған жоқ, үй шаруашылықтарының орташа мөлшері іс жүзінде өзгеріссіз қалды (3,6 адам).

Қалалық және ауылдық үй шаруашылықтарының құрамында елеулі айырмашылықтар бар. Қалалық жерлерде 2 712 767 (жалпы санының 61,8%), ауылдық жерлерде - 1 678 992 (38,2%) орташа мөлшері, тиісінше 3,2 және 4,4 адамды құрайтын үй шаруашылықтары есепке алынды. Ауылдық жерлерде үй шаруашылықтарының мөлшері қалалық мекендермен салыстырғанда анағұрлым жоғары.

10.1.2 кесте. Өңірлер бойынша үй шаруашылықтарының орташа мөлшері

адам

	Үй шаруашылықтарының орташа мөлшері					
	барлығы		қалалық		ауылдық	
	1999	2009	1999	2009	1999	2009
Қазақстан Республикасы	3,6	3,6	3,1	3,2	4,4	4,4
Ақмола	3,3	3,1	2,9	2,8	3,6	3,4
Ақтөбе	3,8	3,6	3,3	3,4	4,6	4,2
Алматы	4,0	4,2	3,3	3,6	4,4	4,4
Атырау	4,6	4,4	4,1	3,8	5,5	5,1
Батыс Қазақстан	3,6	3,6	2,9	3,1	4,2	4,2
Жамбыл	4,1	4,3	3,5	3,5	4,8	4,9
Қарағанды	3,0	3,0	2,8	2,9	4,2	3,9
Қостанай	3,0	3,1	2,7	2,7	3,5	3,5
Қызылорда	5,0	4,8	4,6	4,2	5,9	5,4
Маңғыстау	4,0	4,6	3,6	3,9	5,9	5,9
Оңтүстік Қазақстан	4,9	5,0	3,9	4,3	5,7	5,7
Павлодар	3,1	3,0	2,8	2,7	3,7	3,6
Солтүстік Қазақстан	3,1	2,9	2,7	2,6	3,4	3,2
Шығыс Қазақстан	3,2	3,1	2,8	2,8	3,9	3,6
Астана қ.	3,3	3,1	3,3	3,1	x	x
Алматы қ.	2,9	3,1	2,9	3,1	x	x

Үй шаруашылықтарының ең жоғары мөлшерлері алты облыс - Алматы, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында - 4,2-ден 5,0 адамға дейін, белгіленді. Әрі осы көрсеткіштер қалалық және ауылдық жерлерге бірдей тән.

Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында республикалық орташа көрсеткішке (3,6 адам) тең үй шаруашылықтарының орташа мөлшерлері белгіленді, ал Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарындағы және Астана мен Алматы қалаларындағы үй шаруашылықтарының

орташа мөлшерлері республикалық орташа көрсеткіштен төмен (2,9-дан – 3,1 адамға дейін). Бұл орайда қалалық және ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтарының орташа мөлшерінде соңғысының пайдасына қарай елеулі айырмашылық бар.

10.1.3 кесте. Үй шаруашылықтарының құрамы бойынша саны

	Үй шаруашылықтарының саны, бірлік			Үй шаруашылықтарының жалпы санындағы үлес салмағы %		
	барлығы	қалалық	ауылдық	барлығы	қалалық	ауылдық
Барлық үй шаруашылықтары	4391759	2712767	1678992	100	100	100
олардың ішінде адамнан тұрады:						
1 адамнан	639890	502022	137868	14,6	18,5	8,2
2 адамнан	834846	601430	233416	19,0	22,2	13,9
3 адамнан	848198	577408	270790	19,3	21,3	16,1
4 адамнан	825198	501118	324080	18,8	18,5	19,3
5 адамнан	535009	270745	264264	12,2	10,0	15,7
6 адамнан	349605	148947	200658	8,0	5,5	12,0
7 адамнан	160957	53449	107508	3,7	2,0	6,4
8 адамнан	86192	26732	59460	2,0	1,0	3,5
9 адамнан	46302	13415	32887	1,1	0,5	2,0
10 және одан көп адамнан	65562	17501	48061	1,5	0,6	2,9

Елде өз құрамында 18 жастан төмен жастағы балалары бар 2 395 310 үй шаруашылығы немесе екі не одан көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарының жалпы санының 63,8% болды, олардың орташа мөлшері 4,8 адамды құрады. Осындай үй шаруашылықтарының 27,5%-ында кәмелетке толмаған бір бала, 20,6%-ында –екі бала, 9,5%-ында үш бала, 4,2%-ында – 4 бала, ал бес және одан көп бала 2,1%-ында ғана болған.

Қалалық жерлерде 1 294 877 үй шаруашылықтарының (қалалық үй шаруашылықтарының жалпы санының 58,6%-ы) және ауылдық жерлердегі 1 100 433 (ауылдық үй шаруашылықтарының жалпы санының 71,4%-ы) үй шаруашылықтарының кәмелетке толмаған балалары болған. Әрі қалалық мекендерде кәмелетке толмаған бір және екі баласы бар үй шаруашылықтары (тиісінше 31,7% немесе 23,0%) кеңінен тараған. Ауылдық жерлерде бір (24,3%) және екі (22,8%) баламен қатар, сондай-ақ үш (13,4%), төрт (7,1%) және бес (3,9%) балалы үй шаруашылықтарының едәуір үлесі бар.

10.1.4 кесте. 18 жасқа жетпеген тұлғалар саны мен үй шаруашылықтарының орташа мөлшері бойынша үй шаруашылықтары

	Барлығы		Қалалық		Ауылдық		Үй шаруашылығының орташа мөлшері		
	бірліктер	%	бірліктер	%	бірліктер	%	барлығы	қалалық	ауылдық
Барлық үй шаруашылықтары	3751869	100	2210745	100	1541124	100	4,1	3,7	4,7
18 жасқа жетпеген тұлғалары бар оның ішінде:	2395310	63,8	1294877	58,6	1100433	71,4	4,8	4,3	5,3
1 бала	1030592	27,5	656547	29,7	374045	24,3	3,7	3,5	4,0
2 бала	771348	20,6	419510	19,0	351838	22,8	4,7	4,5	5,0
3 бала	356504	9,5	150417	6,8	206087	13,4	5,9	5,7	6,1
4 бала	158225	4,2	49197	2,2	109028	7,1	7,1	6,9	7,2
5 және одан көп бала	78641	2,1	19206	0,9	59435	3,9	9,5	9,2	9,5

Нуклеарлық үй шаруашылықтарының құрамында 18 жасқа дейінгі балалардың 72,3%-ы ата-анасымен бірге, балалардың 15,1%-ы - тек анасымен ғана, балалардың 6,4%-ы – әкесімен ғана, ал 6,2% бала - ата-анасыз тұрған.

10.1.5 кесте. Үй шаруашылықтарында ата-анасымен немесе ата-анасыз тұрған 18 жасқа дейінгі тұлғалар

пайызбен

	18 жасқа дейінгі тұлғалар, барлығы	оның ішінде:			
		ата-анасымен	жалғыз анасымен	жалғыз әкесімен	ата-анасыз
Барлығы	100	72,3	15,1	6,4	6,2
оның ішінде жастары бойынша:					
0-4	100	74,6	13,6	7,9	3,9
5-9	100	74,2	14,7	6,4	4,7
10-14	100	72,6	15,9	5,5	5,9
15-17	100	65,6	16,8	5,0	12,5

Өз құрамында 60 және одан жоғары жастағы тұлғалары бар үй шаруашылықтарының саны 1 208 622 үй шаруашылығын немесе үй шаруашылықтарының жалпы санының 27,5 %-ын құрады, ал 394 671 (9,0%) үй шаруашылықтары тек қана 60 және одан жоғары жастағы адамдардан тұрды. Осы үй шаруашылықтарында 545 084 адам тұрды, олардың 191 534 – еркектер және 353 550 – әйелдер. Әрі 248 238 үй шаруашылығында оның мүшесі 60 және одан жоғары жастағы 1 адам болған және осындай үй шаруашылықтарының қалалық жерлердегі үлес салмағы ауылдық мекендермен салыстырғанда үш есе артық (тиісінше 75,0% және 25,0%).

10.1.6 кесте. 60 және одан жоғары жастағы адамдардың саны бойынша үй шаруашылықтары

	Барлығы, бірліктер	соның ішінде:			
		қалалық		ауылдық	
		бірліктер	%	бірліктер	%
Барлық үй шаруашылықтары	4391759	2712767	61,8	1678992	38,2
олардың ішінде 60 және одан жоғары жастағы адамдары барлары	1208622	705960	58,4	502662	41,6
одан:					
1 адам	873269	516090	59,1	357179	40,9
2 адам	326732	184992	56,6	141740	43,4
3 және одан көп адам	8621	4878	56,6	3743	43,4
60 және одан жоғары жастағы 1 адамнан тұратын үй шаруашылықтары	248238	186241	75,0	61997	25,0

Өз құрамында 60 және одан жоғары жастағы адамдары бар 58,4% үй шаруашылықтары - қалалық, ал 41,6 % - ауылдық мекендерде тұрған.

11. Халықтың тұрғын үй жағдайлары

Халық санағын жүргізу кезінде тұрғын үй жағдайлары туралы мәліметтер «2-Ж – -тұрғын үй жағдайлары» нысаны бойынша алынды, онда мына сұрақтар қамтылды:

- Тұрғын үй-жайдың түрі;
- Салынған жылы;
- Сыртқы қабырғаларының материалы;
- Жайлылығы;
- Осы тұрғын үй кімнің иелігінде;
- Бөлмелердің саны;
- Жалпы және тұрғын алаңның көлемі (шаршы м.).

11.1 Орналасқан үй-жайларының мөлшері және түрі бойынша үй шаруашылықтары


2009 жылғы халық санағының қорытындылары көрсеткендей, елдегі 90%-дан аса үй шаруашылықтары жеке үйлер мен жеке пәтерлерде тұрады; олардың ішінде 2 268 059 үй шаруашылықтары немесе 51,6%-ы жеке пәтерлерде тұрған; алдыңғы санақпен салыстырғанда, осындай үй шаруашылықтарының саны 4,8%-ға көбейген. Жеке үйлерде елдің 1 833 687 үй шаруашылықтары немесе 41% тұрған, олардың үлесі санақаралық кезеңде 2%-ға өсті. Жеке үйлердің бөлігінде 56 731 немесе 1,2% үй шаруашылықтары тұрған, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда олардың саны 6 еседен көп өскен; жалпы коммуналдық пәтерлерде



12 мыңнан аса үй шаруашылықтары немесе 0,3%-ы тұрған (1,1 есе көбейді). ХС2009 «2Ж-тұрғын үй жағдайлары» саунамасына саяжайлық үйлерде (үйшіктерде) адамдардың тұруы туралы сұрақ бірінші рет енгізілді, өйткені осы тұрғын үйдің түрі маусымдықтан, әсіресе жазғы айларындығыдан, кейінгі кезде барған сайын тұрақты тұрғын үй дәрежесін көбірек ала бастады. Үй шаруашылықтарының 47 мыңға жуығы осындай үйлерде тұратынын көрсетті, олардың үлесі елдегі барлық үй шаруашылықтарының шамамен 1,1%-ын құрады. Ұжымдық үй-жайларда 5 мыңнан аса үй шаруашылықтары тұрған. Санақаралық кезеңде тұрақты тұрғын үйлері жоқ үй шаруашылықтарының саны 4 253 бірлікті құрады және бір жарым есе өсті (ХС1999 -2 767).

11.1.1 сурет. Үй-жайларының үлгісі бойынша үй шаруашылықтарының орташа көлемі

адам



Жеке үйлерде тұратын үй шаруашылықтарының орташа мөлшері 4,4 адамды, жеке үйдің бөлігінде -3,3 адамды, жеке пәтерлерде - 3 адамды құрады.

11.2. Халық орналасқан үй-жайларының түрі бойынша

Жалпы коммуналдық пәтерде, жеке пәтерде, пәтер/жатақхана бөлмесінде, саяжай үйлері мен ұжымдық пайдалану үй-жайларында тұратын халықтың үлес салмағы қалалық мекендерде анағұрлым жоғары (64-тен 92%-ға дейін), ауылдық мекендер үшін адамдардың жеке үйлерде немесе жеке үй бөлігінде тұруы көбірек тән (56-66%).

11.2.1 кесте. Халықтың орналасқан тұрғын үй-жайларының түрлері

	Барлық халық		олардың ішінде:			
			қала халқы		ауыл халқы	
	адам	%	адам	%	адам	%
Барлық халық	15916736	100	8598609	54,0	7318127	46,0
олардың ішінде тұратындар:						
жеке үйде	8116994	100	2720267	33,5	5396727	66,5
жеке үйдің бөлігінде	186704	100	81228	43,5	105476	56,5
жеке пәтерде	6869046	100	5246143	76,4	1622903	23,6
жалпы коммуналды пәтерде	37277	100	29477	79,1	7800	20,9
пәтер бөлмесінде, жатақханада	212836	100	196463	92,3	16373	7,7
саяжай үйінде	183603	100	118488	64,5	65115	35,5
ұжымдық пайдалану үй-жайларында	22238	100	17365	78,1	4873	21,9
басқа үй-жайларда	886	100	472	53,3	414	46,7
тұрақты үй-жайлары жоқтары (үйсіздер)	5951	100	5506	92,5	445	7,5

Алдыңғы санақпен салыстырғанда жеке үйлерде тұратын халықтың саны 4,8%-ға, жеке пәтерлердегілердің саны-6,3%-ға, жалпы коммуналдық пәтерлердегілердің саны 28,9%-ға өсіп, жатақхана бөлмелерінде тұратын халықтың саны 18%-ға төмендеді.

Санақтың қорытындылары бойынша 5951 адам тұрақты тұратын үй-жайының жоқ екенін көрсетті (үйсіздер), олардың ішінде 5506 адам (92,5%) қалалық жерлерде, ал 445 адам немесе 7,5%-ауылдық жерлерде тұрады. 1999 жылмен салыстырғанда олардың саны 1,7 есе өсті (1999 жылы-3166 адам).

11.3 Халық тұрғын үй-жайларды иеленуі және орналасқан үй-жайларының түрі бойынша

2009 жылғы санақтың бағдарламасы тұрғын үй-жайды иеленудің нысаны туралы сұрақты енгізді. Тұрақты тұратын мекендерін көрсеткендердің жалпы санында 91,0% халықтың *жеке тұрғын үйлері* болған (1999 жылы-95%). Олардың 50%-дан астамы жеке үйлерде және 40%-дан астамы - жеке пәтерлерде, 5%-ға жуығы- жалдамалы үй жайларда және 1,9%-ы - мемлекеттік мекемелерде немесе жеке тұлғалар мен компаниялардың меншігіндегі үй-жайларда тұрған (заңды немесе жеке тұлғалардың).

11.3.1 кесте. Халық меншік нысандары мен орналасқан үй-жайларының түрі бойынша

адам

	Барлық халық	олардың мына меншіктерге жататын үй-жайларда тұратындары:			
		осы үй шаруашылығының адамдарына	басқа адамдарға (жалдауға төлем төлеместен)	мемлекетке немесе жеке компанияларға	басқа адамдарға (жалдауға төлем төлеумен)
Барлық халық	15916736	14477077	398603	301121	448807
олардың ішінде тұратындар:					
жеке үйде	8116994	7736358	121290	28973	117817
жеке үйдің бөлігінде	186704	160978	7241	1936	11311
жеке пәтерде	6869046	6224770	177694	121421	281525
жалпы коммуналдық пәтерде тұратындары	37277	30325	1289	1605	2975
пәтер, жатақхана бөлмесінде	212836	15114	67322	123594	2003
саяжай үйінде	183603	159198	8755	1221	10630

11.4 Үй шаруашылықтары орналасқан үй-жайларының меншік нысаны мен жайлылық түрлері бойынша

Санақтың қорытындылары бойынша жалпы ел бойынша үй шаруашылықтарының 61,8%-ы қалалық жерлерде және 38,2% -ы - ауылдық жерлерде тұрған.


Елде 96,9% (1999 жылы - 100%) үй шаруашылықтары электрмен, 35%-ға жуығы (1999 жылы - 40,9%) – желілік газбен, 42,7% (1999 жылы- 46,4%) – сұйытылған газбен (баллондарда), ал 12,1% (1999 жылы - 8,5%) – еден электр плитасымен жабдықталған үй-жайларда тұрады. Үй шаруашылықтарының 60%-ға жуығында тұрақты телефон байланысы болған.

40%-дан астам (1999 жылы- 45,4%) үй шаруашылықтары орталық жылыту жүргізілген үй-жайларда, 41%-ы (1999 жылы - 48,4%) пешпен жылытылатын үй- жайларда тұрған, 8,2% үй шаруашылықтары жеке қазандықтар арқылы жылытылады. Үй шаруашылықтарының үштен бір бөліктен көбі (33%) - орталық ыстық сумен жабдықталған үй-жайларда (1999 жылы - 37,5%), үй шаруашылықтарының 42%-дан астамы (1999 жылы - 46,5%) - тұрақты ванналармен немесе душпен жабдықталған, ал 50,4% (1999 жылы - 50,9%) үй шаруашылықтары - канализациямен жабдықталған тұрғын үй-жайларда тұрады. Үй шаруашылықтарының жалпы санының 56,7% (1999 жылы - 57,8%) үй шаруашылықтары үйге орнатылған су құбырларындағы суды; 9,3% үй шаруашылықтары үйден тыс орнатылған су құбырындағы суды және 27,8% үй шаруашылықтары құдықтарды, колонкаларды немесе басқа су көздерін пайдаланады. 6,2%-ға жуық үй шаруашылықтары тасымалы суды пайдаланады.

Елде электрмен жабдықталмаған тұрғын үй-жайларда тұратын 3,1% және осы аталған жайлылықтары жоқ үй жайларда тұратын 0,1% үй шаруашылықтары есепке алынды.

11.4.1 сурет. Жайлылықтың түрлері бойынша үй шаруашылықтарының құрылымы

пайызбен



Жайлылықтың әр түрімен жабдыкталу немесе үй-жайларды коммуналдық қызметтермен қамту үй шаруашылығының қандай елді мекендерде тұрғанына байланысты түбегейлі өзгешеленеді. Қалалық жерлерде қазіргі заманғы жайлылықтармен жабдықталған үй-жайларда тұратын үй шаруашылықтары басым: үйдің/пәтердің ішіндегі су құбыры бары (80,3%), орталық ыстық сумен қамтамасыз етілгендері (52,9%), ваннасы/душы бары (64,7%), канализациясы бары (73,9%), орталықтан жылытылатындары (64,2%), едендік электр плиталары бары (18,1%); тұрақты телефон байланысы бары (72,6%), сондай-ақ қоқысты жинау мен шығару қызметі көрсетілетіндері (79%) құрады.

Ауылдық жерлерде пешпен жылытатын (75%), сұйытылған газды (69%), құдықты немесе колонканы, не сумен қамтамасыз етудің басқа көзін (55%) пайдаланатын үй- жайларда тұратын үй шаруашылықтары көп тараған; ауылдағы үй шаруашылықтарының 40%-ға жуығы тұрақты телефон байланысы орнатылған үй-жайларда тұрады.

11.4.1 кесте. Орналасқан үй-жайларының меншік нысаны мен жайлылық түрлері бойынша үй шаруашылықтары

	Үй шаруашылықтарының саны, бірліктер			Қорытындыға үлес салмағы, %-бен		
	барлығы	қалалық	ауылдық	барлығы	қалалық	ауылдық
Барлық үй шаруашылықтары	4391759	2712767	1678992	100	100	100
жайлылықтың мына түрлерін көрсеткен:						
электр	4257759	2625957	1631802	96,9	96,8	97,2
электр плитасы (едендік)	532194	491253	40941	12,1	18,1	2,4
желілік газ	1524497	1248589	275908	34,7	46,0	16,4
сұйытылған газ (баллондарда)	1877231	714288	1162943	42,7	26,3	69,3
орталықтан жылыту	1810450	1741239	69211	41,2	64,2	4,1
жеке қондырғылармен, қазандармен жылыту	362556	161809	200747	8,3	6,0	12,0
пешпен жылыту	1822733	551677	1271056	41,5	20,3	75,7
орталық ыстық сумен қамтамасыз ету	1466267	1434686	31581	33,4	52,9	1,9
су жылытқыштармен су ысыту	300754	254454	46300	6,8	9,4	2,8
үйдің (пәтердің) ішіндегі су құбыры	2491192	2177853	313339	56,7	80,3	18,7
үйден (пәтерден) тыс су құбыры	410601	172545	238056	9,3	6,4	14,2
құдық, колонка немесе сумен қамтамасыз етудің басқа көзі	1221406	296957	924449	27,8	10,9	55,1
ауыз су жеткізу	274428	86919	187509	6,2	3,2	11,2
тұрақты ванна немесе душ	1867926	1754461	113465	42,5	64,7	6,8
тұрақты телефон байланысы	2626382	1968371	658011	59,8	72,6	39,2
санитарлық желі /торап (сумен шайылатын туалет)	1952284	1812630	139654	44,5	66,8	8,3
канализация	2213805	2006011	207794	50,4	73,9	12,4
қоқысты жинау мен шығару	2423618	2141780	281838	55,2	79,0	16,8
аталған жайлылықтары жоқ	2643	1774	869	0,1	0,1	0,1

11.5 Үй шаруашылықтары тұрғын үй-жайларының түрі мен құрылысы салынған мерзімі бойынша

2009 жылғы халық санағы сауалнамасының ерекшеліктерінің бірі тұрғын үй-жайдың үлгісі мен салынған мерзімі (жылы) туралы сұрақты енгізу болды. Тұрғын үй-жайдың үлгісі мына категориялар бойынша жіктеледі:

- жеке үй;
- жеке үйдің бөлігі;
- жеке пәтер;
- жалпы коммуналдық пәтер;
- пәтердегі, жатақханадағы бөлме;
- саяжай үйі.

Елде тұрғын үй-жайларды салу кезеңі бойынша 1960-1990 жылдардағы құрылыстың тұрғын үй қоры басым, оларда 2 947 094 үй шаруашылықтары немесе жалпы санының 67,1% тұрған. 1960 жылға дейін салынған тұрғын үй-жайларда тұратын үй шаруашылықтарының үлес салмағы 12,3%-ды, 1991-2008 жылдардағы үлес салмағы -17,9%-ды құрады.

11.5.1 кесте. Үй шаруашылықтары тұрғын үй-жайларының түрі мен құрылысы салынған кезеңі бойынша құрылымы.

бірлік

	Барлық үй шаруашылықтары	солардың ішінде:					
		жеке үй	жеке үйдің бөлігі	жеке пәтер	жалпы коммуналдық пәтер	пәтердегі, жатақханадағы бөлме	саяжай үйі
Барлығы	4391759	1833687	56731	2268059	12003	75391	46881
олардың ішінде мына жылдарда салынған үй-жайларда тұратындар:							
1960 жылға дейін	539127	332772	9715	178496	6040	5136	1131
1960-1970жж.	1068449	472797	13780	545951	4005	16928	3796
1971-1980 жж.	944938	286853	9290	604342	0	24890	8651
1981-1990 жж.	933707	262297	7747	628751	0	15382	9642
1991-2000 жж.	413835	213438	6904	176120	0	3648	8785
2001-2005 жж.	189473	131465	4824	39659	0	3157	7057
2006-2008 жж.	185236	111088	3151	58844	0	2400	6687
2009ж.	1715	973	32	616	0	19	48

Жалғасы
пайызбен


	Барлық үй шаруашылықтары	олардың ішінде:					
		жеке үй	жеке үйдің бөлігі	жеке пәтер	жалпы коммуналдық пәтер	пәтердегі, жатақханадағы бөлме	саяжай үйі
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100
олардың ішінде мына жылдарда салынған үй-жайларда тұратындар:							
1960 жылға дейін	12,3	18,1	17,1	7,9	50,3	6,8	2,4
1960-1970 жж.	24,3	25,8	24,3	24,1	33,4	22,5	8,1
1971-1980 жж.	21,5	15,6	16,4	26,6	0	33,0	18,5
1981-1990 жж.	21,3	14,3	13,7	27,7	0	20,4	20,6
1991-2000 жж.	9,4	11,6	12,2	7,8	0	4,8	18,7
2001-2005 жж.	4,3	7,2	8,5	1,7	0	4,2	15,1
2006-2008 жж.	4,2	6,1	5,6	2,6	0	3,2	14,3
2009ж.	0	0,1	0,1	0	0	0	0,1

11.6 Үй шаруашылықтары тұрғын үй-жайлардың жалпы алаңының көлемі, түрі мен бөлмелерінің саны бойынша

Үй шаруашылықтарының құрылымы тұрғын үй-жайларының жалпы алаңының көлемі бойынша былайша қалыптасты: олардың 50%-ға жуығы жалпы алаңы 40-тан 69 шаршы метрге дейінгі; 20%-ға жуығы - 70-тен 89 шаршы метрге дейінгі үй-жайларда тұрады. 13%-дан астам үй шаруашылықтары жалпы алаңы 20-39 шаршы метр тұрғын үйлерде тұрады, дәл сондай шамадағы үй шаруашылықтарының иелігінде 100 шаршы метр және одан артық жалпы алаңы бар, елдегі 2,7% үй шаруашылықтары жалпы алаңы 20 шаршы метрге дейінгі тұрғын үйлерде тұрады.

11.5.1 сурет. Үй шаруашылықтарының жалпы алаңының көлемі бойынша құрылымы

пайызбен






Жалпы ел бойынша бір үй шаруашылығына шаққанда тұрғын үйдің жалпы алаңының орташа көлемі 65,8 шаршы метрді құрады. 1999 жылмен салыстырғанда ол 11,5%-ға ұлғайды (1999 жылы—59,0 шаршы метр). Бір үй шаруашылығына келетін тұрғын үйдің жалпы алаңының орташа көлемі ауылдық жерлерде қалалық мекендермен салыстырғанда анағұрлым жоғары (тиісінше 74,8 шаршы метр және 60,6 шаршы метр). Сонымен қатар, үй шаруашылықтары орналасқан жеке пәтерлердің, жеке үйлердің, жеке үйлердің бөліктерінің, сондай-ақ саяжай үйлерінің жалпы алаңының орташа көлемі тұрғын үйдің басқа түрлерімен салыстырғанда біршама жоғары (54,2-83,3 шаршы метр).

11.5.2 сурет. Үй шаруашылықтарының тұрғын үй-жайларының түрлері мен жалпы алаңының орташа көлемі бойынша құрылымы

пайызбен



Жалпы ел бойынша үй шаруашылығының бір мүшесіне орта есеппен тұрғын үйдің жалпы алаңының 18,2 шаршы метрі келеді, ол 1999 жылмен салыстырғанда (17,0 шаршы метр) 7,1%-ға көп, бұл орайда ауылдық жерлерге қарағанда (17,2 шаршы метр) қалалық мекендерде жалпы алаңның көлемі біршама жоғары (19 шаршы метр).

санақ бөлімінің нөмірі	нұсқаушы учаскесінің нөмірі	есеп учаскесінің нөмірі	тізім нөмірі	бланк нөмірі	үй шаруашылығының реттік нөмірі	үй шаруашылығының шегіндегі реттік нөмірі



Толтыру үлгісі:

А В Г Д Е Ж З И Й К Л М Н О П Р С Т У Ф Х Ц Ч Ш Щ Ъ Ы Ь Э Ю Я Ө Ғ К Ң Ө Ү Ұ Һ П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 0 ✓ ■ ✓

1 ТАӨ

Т Е Г І

А Т Ы _____ Ө К Е С І Н І Ң А Т Ы

2 Бірінші болып жазылған адамға қарым-қатынасы

бірінші болып жазылған адам әйелі/күйеуі

қызы/ұлы анасы/әкесі

әпкесі/қарындасы/ағасы (інісі) жұбайының ата-анасы

көлін/жеңге/абысын/күйеу бала әже/ата

немере қыз/немере туыстықтың басқа дәрежесі, жекжаттық

туыс емес

3 2П бланкі бойынша үй шаруашылығының шегіндегі ата-анасының біреуінің нөмірі

4 Уақытша тұруы уақытша тұрады уақытша тұрмайды

5 Жынысы ер әйел

6 Туған күні (күні-айы-жылы)

____ - ____ - ____

7 Туған жері

А У Д А Н / Қ А Л А
О Б Л Ы С
М Е М Л Е К Е Т

8 Азаматтығы

Қазақстан азаматтығы жоқ

басқа мемлекет, *көрсетіңіз*

9 Ұлты қазақ орыс

басқа, *көрсетіңіз*

10 Діні

ислам буддизм

христиан жауап беруден бас тартамын

иудаизм дінге сенбеймін

басқа, *көрсетіңіз*

11 Некеде болуы (15 жас және одан үлкен)

еш уақытта некеде болған жоқпын тұл еркек/жесір әйел

некеде тұрмын ажырасқан

12 2П бланкі бойынша үй шаруашылығы шегіндегі жұбайының (әйелінің) нөмірі

13 Бірінші неке құрған мерзімі (айы-жылы)

_____ - _____

14 Оқып, жаза аласыз ба? иә жоқ

15 Білімі

мектепке дейін бастауыш

негізгі орта жалпы орта

бастауыш кәсіптік орта арнаулы

аяқталмаған жоғары жоғары

екі және одан көп жоғары жоғары оқу орнынан кейінгі (аспирантура, магистратура, докторантура)

16 Ғылыми дәреже ғылым кандидаты

ғылым докторы PhD докторы

17 Білім мекемесіне барсыз ба?

мектеп жасына дейін ЖОО

орта мектеп жоғары оқу орнынан кейін

техникалық және кәсіптік біліктілікті көтеру курстары

18 Ана тілі қазақ орыс

басқа, *көрсетіңіз*

19 Қазақ тілін меңгеру деңгейі

ауызша түсінемін еркін оқимын еркін жазамын

20 Орыс тілін меңгеру деңгейі

ауызша түсінемін еркін оқимын еркін жазамын

21 Ағылшын тілін меңгеру деңгейі

ауызша түсінемін еркін оқимын еркін жазамын

22 Қандай компьютерлік бағдарламаларды қолдана аласыз?

мәтінді теру және түзету

электрондық пошта және Интернет

басқа бағдарламалар

23 Сізде жұмыс (кәсіп) бар ма? иә жоқ

24 Сіз кім боласыз? (кәсібінің жағдайы)

жалдамалы қызметкер жұмыс беруші

жеке негізде жұмыс істеуші

жеке қосалқы шаруашылығымен (жеке ауласымен) айналысушы

өндірістік кооператив мүшесі

ақысыз отбасылық мекемесінің жұмыскері өзге

25 Сіз жұмыс іздедіңіз бе? (егер жұмысыңыз/кәсібіңіз болмаса) иә жоқ

26 Жақын екі апта ішінде жұмысқа кірісе аласыз ба? (егер ұсынса) иә жоқ

27 Егер жұмысқа кірісе алмасаңыз, онда себебін көрсетіңіз

жұмыс таптым және жауабын күтудемін үй шаруасын жүргізумен айналысамын

маусымдық жұмыстардың басталуын күтудемін басқа себеп

28 Күнкөрістің негізгі қаражат көзі

1) жалдамалы жұмыстан табыс

2) өз бетінше жұмыс істеуден табыс (жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыстан басқа)

3) жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыс

4) стипендия 5) зейнетақы

6) жәрдемақы

7) туысқандардан немесе жақындардан материалдық көмек

8) жеке меншіктен табыс, дивиденттер, сыйақылар 9) өзге

29 Егер бірнеше көздерін көрсетсеңіз, негізгісінің нөмірін көрсетіңіз

30 Табыс алу мезгілі

күн сайын басқа мезгілде

ай сайын уақытылы емес

31 Шамамен алғандағы 1 айлық табысыңыз (теңге)

5000 дейін 35000 - 50000

5000 - 15000 50000 - 100000

15000 - 25000 100000 - 1 млн.

25000 - 35000 1 млн. және одан астам

32 Негізгі жұмысыңыздың орналасқан жері

А У Д А Н / Қ А Л А
О Б Л Ы С
М Е М Л Е К Е Т

33 Жұмыс/оқу орныңызға қалай жетесіз?

жаяу жеке меншік көлігімен

қоғамдық автокөлікпен басқа тәсіл

темір жол көлігімен

34 Жұмысқа/оқуға дейін жолыңызға қанша уақыт кетеді (минут)?

35 Сіз қай салада жұмыс істейсіз?

ауылшаруашылығы қаржылық қызметі

өнеркәсіп мемлекеттік басқару

құрылыс сауда

білім, денсаулық сақтау коммуналдық қызметтерді көрсету

көлік және байланыс басқа қызметтер

басқасын, *көрсетіңіз*

36 Қосымша жұмысыңыз бар ма? иә жоқ

37 Сіз осы елді мекенде туғаннан бері тұрасыз ба? иә жоқ

38 Алдындағы тұрған жеріңіз

А У Д А Н / Қ А Л А
О Б Л Ы С
М Е М Л Е К Е Т

Сіз оралмансыз ба? иә жоқ

39 Қазіргі тұрған орныңызға келген уақытыңыз (мұнда тұруға қашан келдіңіз?) (айы-жылы)

_____ - _____

40 Сіз басқа елдерде бір жыл немесе одан астам тұрдыңыз ба? иә жоқ

41 Сіз қанша бала тудыңыз? (15 жас және одан үлкен әйелдер үшін)

42 Олардың қаншасы тірі?

43 Бірінші баланың туған күні (айы-жылы)

_____ - _____

44 Жоспарлайтын бала саны (барымен қоса) (15-55 жастағы әйелдер)

45 Сіз жүргенде, естігенде, көргенде, сөйлегенде қиыншылықтар көресіз бе?

иә, кейде иә, жиі жоқ

Глоссарий

Халық санағы – елдің белгілі бір уақыт мезгіліндегі жай-күйі бойынша әрбір тұрғынын сипаттайтын, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, әзірлеу, талдау процесін қамтитын жалпы мемлекеттік іс-шара.

Нақты халық – халықтың санақ кезінде осы елді мекендердегі тұрғын үй-жайларда тұратын (тұрақты немесе уақытша тұратындарына қатыссыз) адамдарды, сондай-ақ осы мезетте үйде болмаған, бірақ сол елді мекеннің аумағында (мәселен, қонақта, театрда) тіпті одан тыс жерлерде, бірақ тіркелуі мүмкін тұрғын үй-жайларынан тыс болған, немесе қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі адамдарды біріктіретін категориясы.

Тұрақты халық – Осы елді мекен немесе аумақ осы уақытта үйреншікті тұратын орны болып табылатын адамдарды біріктіретін халықтың категориясы.

Өңір – республиканың мүдделерінде құрылатын және басқарылатын бірнеше елді мекендерді қамтитын республика аумағының бөлігі. Өңірлердің құрамына республикалық әкімшілік-аумақтық құрылымның негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық (селолық) округ кіруі мүмкін. Республикадағы барлық облыстар географиялық орналасуы бойынша төрт ірі өңірге біріктірілді: шығыс, оңтүстік, батыс және солтүстік.

Елді мекен – Заңмен белгіленген тәртіпте есепке алынып-тіркелген және жергілікті өкілдікті және атқарушы органдар арқылы басқарылатын, саны 50 адамнан кем емес, халықтың шаруашылық немесе басқа да қоғамдық қызметінің нәтижесінде құрылған (қалыптасқан), республика аумағының ықшам қоныстанған бөлігі. Елді мекендер қалалық және ауылдық болып бөлінеді.

Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ солардың әкімшілік бағыныстылық аумағындағы кенттер (поселоктар), ауылдық елді мекендерге-әкімшілік бағыныстылығына қатыссыз қалған елді мекендердің барлығы жатады.

Республикалық маңызы бар қалалар – ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе қағида бойынша, бір миллион адамнан көп халқы бар елді мекендер.

Облыстық маңызы бар қалалар – ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мыңнан көп адамды құрайтын елді мекендер.

Әкімшілік-аумақтық бөлу (әкімшілік-аумақтық құрылым) – біртұтас мемлекеттің немесе федеративті мемлекеттің аумағын бөліктерге (әкімшілік-аумақтық бірліктер) бөлу, соларға сәйкес жергілікті билік органдарының жүйесі құрылады.

Қала халқы – қалалық мекендерде тұратын халық. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ солардың бағыныстылық аумағындағы кенттер (поселоктар) жатады.

Ауыл халқы – ауылдық жерлерде тұратын халық. Қалалық болып жіктелмейтін елді мекендер ауылдық болып саналады.

Үй шаруашылығы – екі немесе одан көп жеке жанұялардан немесе бір отбасылық жанұядан және басқа отбасы мүшесінен (-лерінен) тұрады. Олардың құрамына ең кемі үш буынның (ұрпақтың) өкілдері кіреді.

Нуклеарлық үй шаруашылығы – балалы немесе баласыз ерлі-зайыптыдан, немесе ата-ананың біреуі некеде тұрмаған балаларымен тұратын үй шаруашылықтары.

Кеңейтілген үй шаруашылықтары – олар мыналардан тұратын үй шаруашылықтары: бір нуклеарлық отбасынан және туысқандыққа байланысты адамдардан; бөгде адамдарсыз, туысқандықпен байланысты екі немесе одан көп нуклеарлық отбасылардан; туысқандықпен байланысты екі немесе одан көп нуклеарлық отбасылардан және туысқандықпен байланысты басқа адамдардан;

қайсыбір нуклеарлық отбасын құрмайтын, туысқандықпен байланысты адамдардан.

Құрамдас үй шаруашылығы – Нуклеарлық үй шаруашылығына туысқандық немесе жекжаттық қатынастары жоқ, бірақ солармен бірге үй-жайда немесе үй шаруашылығында тұратын мүшелері бар, немесе туған-туыстардан тұрмайтын үй шаруашылықтары

Ұрпақты болуға қабілетті жас – әйелдің бала тууға қабілетті жас аралығы. Статистикалық мақсаттар үшін көпшілік елдерде шартты түрде 15-49 жас аралығы қабылданады.

Дін ұстану әдетте құдайға немесе жоғары жаратылысқа сенуді, күштерді немесе қағидаттары көздейтін, адамдар өмірінің практикалық және моральдық салтын белгілейтін діншілдік (илану) пен практиканың

жиынтығы ретінде қаралады.

Сауаттылық – оқи және жаза білумен анықталады.

Компьютерлік сауаттылық – күнделікті міндеттерді орындау үшін базалық компьютерлік қосымшаларды пайдалануға қабілеттілік (бейімділік).

Ішкі көшіп қонушылар (мигранттар) – әдетте санақ кезінде қайсыбір нақты әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын, бірақ бұрын елдің басқа әкімшілік-аумақтық бірлігінде тұрған адамдар, әрі осы бірлік ең толық деңгейде анықталады.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс күші) – халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, тауарлардың өндірісі мен көрсетілетін қызметтер үшін жұмыс күшін ұсынуды қамтамасыз ететін халықтың бөлігі. Экономикалық белсенді халықтың саны экономикалық қызметтің барлық түрінде жұмыспен қамтылғандарды және жұмыссыздарды кіргізеді.

Экономикалық белсенділіктің деңгейі – халықтың жалпы санындағы 15 және одан жоғары жастағы, пайыздармен өлшенген экономикалық белсенді халық санының үлесі.

Жұмыспен (жұмыс істейтін) қамтылған халық – бір аптаға тең белгілі бір қысқа мерзімнің ішінде, өз жағдайы бойынша төмендегі категориялардың біріне жатқызылуы мүмкін, тиісті жастағы барлық адамдар:

а) «жалданатын (төленетін) қызметкер» (жұмыскер);

б) «өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскер» (қызметкер).

Жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер – айлықақы, сыйлықақы, үстеме және т.б. немесе заттай нысандаақы төлеу (сыйақы) көзделген жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар.

Өз бетінше жұмыспен айналысу – сыйақы мөлшері тауар өндіру (өткізу) және қызмет көрсетуден жұмыс (мұнда өзінің тұтыну табыстың бөлігі ретінде қаралады) алынатын табысқа тікелей тәуелді болатын жұмыспен қамтылу.

Тұрғын үй бірлігі – тұруға арналған, бірақ санақ кезінде үй шаруашылығы үйреншікті (дағдылы) тұратын жері ретінде пайдаланатын, оқша және тәуелсіз тұрғылықты жер.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы халық санағының талдамалы есебі. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Алматы, 2005.
2. Неке және отбасы. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
3. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
4. Қазақстан Республикасының балалары. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
5. Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтары - 1,2 том. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
6. Қазақстан Республикасы халқының табысы және күнкөріс қаражатының көздері. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
7. Елемесова А.М. Брачность и развитие семьи в РК, Алматы, 2002
8. Елемесова А.М. Национальный состав населения РК, Алматы, 2002
9. Қазақстан Республикасындағы әйелдер. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
10. Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрғын үй сипаттамасы. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
11. Жумасултанов Т. Ж. Социально-демографическая характеристика Казахстана. - Алматы, 1999.
12. Қазақстан Республикасы халқының жұмыспен қамтылуы - 1,2,3 том. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
13. Каиргали Ш. Аналитический доклад «Об изменениях основных демографических параметров населения Республики Казахстан за межпереписной период (1989-1999 гг.)», Агентство Республики Казахстан по статистике, Алматы, 2001
14. Медков В.М. Демография: Учебное пособие. Серия «Учебники и учебные пособия». - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2002
15. Халықтың көші-қоны. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
16. Қазақстан Республикасының жастары. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
17. Қазақстан Республикасындағы ерлер және әйелдер. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
18. Қазақстан Республикасының халқы – 1,2 том. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
19. Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрам, діни наным және тілдерді меңгеру. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
20. Қазақстан Республикасындағы білім беру. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
21. Егде жастағы халық. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2010.
22. Қала портреті. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
23. Ауыл портреті. Статистикалық жинақ // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011.
24. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы//«Болашақты бірге қалаймыз», Астана, 28 қаңтар 2011

«Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары».
Талдамалы есеп. Ред. басқарған Смайылов Ә.А. /Астана, 2011-65 бет

Редакциялық алқа:

Ашуев А.Ж.
Қоқанова Г.Ж.
Мұсабек Е.Н.

Авторлар:

Шоқаманов Ю.К.	ҚР Статистика агенттігінің Ұлттық шоттар статистикасы департаментінің директоры, э.ғ.д., профессор
Қоқанова Г.Ж.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің директоры
Әлқуатова Н.Е.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті Әлеуметтік статистика басқармасының бастығы
Мұхтарова Н.А.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының бастығы
Алықпашева Ә.Ж.	ҚР Статистика агенттігінің Тіркеулер және жарияланымдар департаментінің Халық пен тұрғын үй қорын тіркеу басқармасының бастығы
Әбдікәрімов С.С.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының бас сарапшысы
Нукутов С.Т.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының сарапшысы
Икамбаева А.Р.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының сарапшысы
Искакова Ш.А.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының сарапшысы
Серғазиева Л.Н.	ҚР Статистика агенттігінің Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті Демографиялық статистика және халық санағы басқармасының сарапшысы

Техникалық қолдау:

БҰҰ халықтың қоныстануы саласындағы Қазақстандағы қоры (ЮНФПА)

Консультанттар:

Дәуренбеков Ә.Қ.	БҰҰ халықтың қоныстануы саласындағы қорының ұлттық консультанты, э. ғ. к., доцент
Молдақұлова Ғ.М.	Халық және даму жөніндегі бағдарламалардың үйлестірушісі, ЮНФПА-ның Қазақстандағы елдік кеңсесі, э.ғ.к; философия мастері (бизнес-әкімшілік ету)

Қазақ тіліне аударған Жорабеков Қ.

Көлемі: 7,58 УПЛ
Таралымы: 500 дана.
Компьютерлік дизайн және беттеу:
ЖШС ИПК «АстанаБланкИздат»

